

63.3 (5 Кыз)
Т48

Серік ТІЛЕУБАЕВ
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ



ҰЛЫТАУ - ҰЛТТЫҢ, ҰЯСЫ

Серік ТІЛЕУБАЕВ
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ

ҰЛЫТАУ-
ҰЛТТЫҢ
ҰЯСЫ

“Елорда”
Астана - 2001

63.3(5К)
ББК 84 (5Қаз)
Т48


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ АҚПАРАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Серік Тілеубаев
Т48 Батырбек Мырзабеков
ҰЛЫТАУ — ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ (тарихи-көркем ой-толғау)
Астана: Елорда, 2001. 108 бет + 0,75 б.т жапсырма

ISBN 9965-06-105-X

“Ұлытау — ұлттың ұясы” — қазақ халқының мемлекеттік туын көтерген Отанымыздың кіндігі, Ұлы тауы, қарт Ұлытаудың шежіресі. Бұл кітап осы өңірдің тарихы, көркем табиғаты, байырғы, тұрғылықты халықтың тұрмысы, әлеуметтік өмірі жайлы сыр шертеді. Қай ғасырда, қай заманда болса да келер ұрпақ алдынан шығып отыратын мәңгі өлмес кемеңгер тұлғалар болады. Солардың Ұлытау топырағында қалдырған іздерін авторлар тарихи деректерге, халық аңыздарына сүйене отырып, нақты мысалдармен нанымды, тартымды баяндайды.

Кітап төл тарихын білгісі келген оқырман қауымға арналған.



Т $\frac{4702250201-115}{450(05)-01}$

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 9965-06-105-X © Тлеубаев С., Мырзабеков Б., 2001

«Ұлытау тарихы ауызша аз айтылып жүрген жоқ. Соның бәрін жинақтатып, кітапқа түсіру керек. Осы жағын сен ойланшы, Серік!» — деген еді Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1993 жылы қыркүйек айында Ұлытау ауданына келген сапарында. Өлке тарихына байланысты материалдарды жинақтай жүріп, қолға қалам алуымызға Елбасының сондағы сөзі түрткі болған-ды. Қолдарыңыздағы кітап соның нәтижесі деп білерсіздер, құрметті оқырмандар!

Авторлардан

ҰЛЫТАУ СЫРЫ

Сүлудықты ұғам,
Ұлытауды көргенде.
Арғанаты жақтан
Ақ марал жөңкіп өргенде.
Кездеспей кеткен
Бір бейне көзге елестер,
Бұрылып қарап
Жезкиік көңіл бөлгенде.

Акку қаз әні,
Естілсе озен көлден де,
Сайраса бұлбұл
Саялы тоғай белдеуде,
Тау жаңғыртып,
Жартасқа қонса ақиық
Құлшынарын
Өзің де шалқып өрлеуге.

Ұмтыларсың
Ұлар құс талға төнгенде,
Ұрланып ойнап,
Қызыққа көзді көмгенде,
Ұлытау келіп,
Осындайды ұқпасаң,
Санама, достым,
Сарыарқаны көргенге.

Ұлылықты ұғам,
Ұлытауды көргенде,
Тұрады-ау маңғаз
Еңсесі биік өр кеуде.
Ұлытау ұран болыпты,
Бұрын бабама
Екі ұдай дауда
Даласын жауға бермеуге.

Байқоңыр бағыт,
Ғарышқа құлаш сермеуге,
Жезқазған жомарт,
Жез қазына теңдеуге.
Өзі түгіл
Өрнектері осындай,
Ұлытаудың ұлылығына
Болмас сенбеуге.

ҰЛЫТАУ – ҰРПАҚ КИЕ ТҮТАР ҰЛТ БЕСІГІ

Ғасырдан ғасыр озып, мыңжылдықтар алмасып, адам баласы аты шулы Өркениеттің ауылын қоныстандық деп қоқиланса да, Жер қойнауын қопарып, Теңіз түбін сүзіп өтіп, Ғарыш ғаламатын ақтара бастадық деп атойлатса да кәрі Тарихтың көңіл кірбіңі сейіле қойды ма екен?!

Озық техникалары оза шауып, компьютер билігі жер дүниені ауызына қаратқан мына дәуірде әйтеуір қария Тарихтың алдында кібіртіктей беретіндігімізді жасыра алмаймыз. “Ауызды қу шөппен сүртуге болмас” деп қайсыбір қол жеткізген жетістіктерімізді тізіп шығып, “бұған да тәуба дейік” деп тоқмейілсігенмен ұтарымыз көне.

Сайын даланы сан ғасырлар бойы билеп төстеген түркі халқының ғұмыр тарихы бас-аяғы бүтінделмей жатса, тарихымыздағы ақтаңдақтар орны толмай жатса одан табарымыз аз.

Шұрайлы жері, шүйгін шөбі, ақтұма бұлағы, арналы өзені заманалар бойы хан, қараның нәсібі болған, етегіне ел болып жиылып, төбесіне шығып төресі кеңес құрған қасиетті Ұлытау тарихының зерттелу деңгейі бізге еріксіз жоғарыдағы ойды айтқызады.

Ақиқаты сол, Ұлытау өңіріндегі байтақ мекенді жайлап жатқан Жезқазған өндірістік орнының тарихына барлау жасаған П.С.Паллас, Н.Рычков, Г.Шуровский, С.С.Черников, К.Болл болжамдарын бақсақ, бұл жерлерге ел қоныстанып, кен өндіру ісі сонау көне дәуірлерден басталады.

Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген Геродоттың пайымдауынша, осы өлкені мекендеген тайпалар (массагеттер) алтын, күміс, мыс өндіруді мейлінше игерген екен. Демек, Ұлытау (Жезқазғанды қоса айтқанымыз -Ғ.Е.)

оңірі қадым заманнан бері қайнаған тіршілік ордасы болған. Оған дәлеліміз мол. Ақжан Машани, Төлепберді Ақышев, Әлкей Марғұлан сияқты қазақтың ғалымдары айтқан қадау-қадау ойлар мен ғылыми дәлелдемелер жеткілікті.

Ұлы Жібек жолының бір тармағы, Кіші Жібек жолының бір ұшы Ұлытау жеріне келіп тірелуінің сыры неде еді? Бұл да ықтиятты зерттеуді қажет ететін болса керек. Кен өндірген өлкеде ел өркендеуі болады. Ендеше, кешегі ата-баба, оның үрім-бұтақтарының тарихы табан астында жатқаны өкінтсе керек.

Ұлытау рухани дәуірлеуіміздің ырзықты мекені болған.

Кетбұғы мен Асан қайғыға байланысты айтылатын аңыз-өңгімелердің өзегі Ұлытау жерінің қасиеттілігін дәріптей түседі.

Тарау-тарау тарихтың тілсіз куәсіндей болып тұрған, бүгінгі өркениетке ұмтылған ұл-қызына жауандай қараған Алаша хан, Жошыхан, Домбауыл мазарлары мен дала төсінде андаусыз жатқан мұртты обалар мен балбал тастар, тастағы жазулар мен суреттер көне тарихтың көмескілене басталған соқпағы сияқты. Бұл да сан-салалы ғылымның айтулы білгірлері бас қосып, толайым зерттеу жұмысын жүргізуді күтіп жатқан мәселе.

Ұлытау – әдебиет пен мәдениеттің ордасы болған өлке. Кешегі Кетбұғының жалғасы сынды асыл өнерді аялап өткен ақын-жырау, сал-сері, ауызы дуалы би-шешендер шыққан бұл өлкеден.

Иманжан Жылқайдарұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы, Тайжан Қалмағанбетұлы, олардың ізін баса өнерпаздығымен танылған Болман, Омар, Нияз сынды ақын-айтыскерлер, салдығымен даңқы шыққан Жаңқа, Бәшен сияқты тұлғалардың әдеби мұрасы шынайы ғылыми зерттеуден өтсе, ел игілігіне айналар еді.

Бағаналының төрт босағасы деп танылған Кәдір, Бабыр, Шегір, Сандыбай, осы дәстүрді жалғастырған Ерден, Дүзен сияқты тарихи тұлғалар айтты дейтін аталы сөз ел арасына ертегідей тараған.

Өкінішке қарай, қағаз бетіне түсіріп, халық қазынасы ретінде дәріптеу көңіл көншіте қояр ма екен?

Мұның бәрі ұлдарының рухсыздығынан немесе азаматтарының намыссыздығынан емес, қазақ халқын тарихи тамырынан үземін, өткенінен өгейсітіп, өлмес күнін көрсетемін деген саясат ұстанған кешегі кеңестік жүйенің сүрқия іс-әрекеті тоқпағының кесірінен еді.

Ел есінде болар, шаруашылығы қиын шалғайдағы аудандардың біріне саналған Ұлытау ауданына ұрпақ мейірлене қараған жоқ, мүсіркей қарады. Ұлы Жібек жолы саудагерлері сабыла жеткен, шетел капиталистері мен орыс көпестері аранын аша ұмтылған Ұлытау, Жезқазғанның шалғай бола қалуы тарих үшін күлкілі еді. Несі бар, одан да өттік.

Тәуелсіздік тынысы тарихымызды қайта таразылауға мүмкіндік туғызып жатыр. Ұлттық тарихымыздың кіндігі саналатын Ұлытау жеріне деген пейіл түзелді. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтіп, ата жұртын сағынған ағайындардың Ұлытау топырағына тәу етіп қайтқанын көріп, бір қуанып едік, елбасының хан ордасында болып, Ұлытау халқының рухын көтергенін көріп, екінші рет масаттанғанбыз. Осы серпіліс ел тарихын зерттеуге деген соны күш, салықалы көзқарас туғызғаны анық еді.

Ұлытау ауданының тұңғыш әкімі Серік Тілеубаев пен ақын, журналист Батырбек Мырзабековтің мына кітабы сол игілікті істің нақты көрінісі болып отыр. Ел аузындағы аңыз-әңгіме, өлке тарихының білгірі Иманжан ақын айтқан әңгімелер мен ғылыми еңбектердегі байлам-болжамдарға, нақты ғылыми деректерге сүйене отырып жазылған аталмыш кітап – ұлт тарихы мен Ұлытау жанашырларының ерен еңбегі.

Қолжазбаны оқып болған соң көз алдыма Ұлытаудың ұлылығы мен асқақ, айбынды көрінісі келді. Асқақ таудың етегіне емен-жарқын орналасқан қарапайым ауыл суреті елестеді.

Иә, қасиеті мол дүниенің қарапайым бола беретіні заңдылық дерсің. Тек соны қарабайырландырып алмай, қарапайымның қадір-қасиетін аша білсек. Мына кітапты оқыған әрбір қазақ ұлт тауы – Ұлытауға басқаша көзбен қарар.

Қазған құдығы мен қаққан қазығына мән беретін қазақ бұл тауға Ұлытау атауын кездейсоқ қоймаған болар.

Руға бөлінген халқымыздың рухы бөлінбегеніне осы Ұлытау дәлел. Өйткені, Ұлытау қазақта жалғыз-ақ.

Ұлытауды зерттеу ұлт тарихын зерттеу екенін түсінеміз. Алайда, шабан қимыл шідерін үзер күш керек сынды. Барқадарлы істі бастауымызды Ұлытау күтер-ау, бірақ Уақыт күтпейді.

Киелі өлкенің тарихы жайлы жазылған мына кітап қалың оқырманға ой салар, қалам ұстаған зиялы ұл-қызға серпіліс берер, атқа мінген азаматтың абыройлы іс бастар рухын оятар деп сенеміз.

Фазиз ЕШТАНАЕВ,
филология ғылымының
кандидаты

БІРІНШІ БӨЛІМ

**ТАСЫНА
ТАРИХ
ТҰНҒАН...**

ТАСЫНА ТАРИХ ТҮНҒАН..

Жер жүзіндегі қай халықтың болмасын қадір тұтып, қасиет санайтын киелі мекені болары анық. Сондай қойнауы қазына, тасына тарих тұнған жер қазақ халқында да бар. Ол кешегі көшпенді қазақтың көшесіз астанасы атанған, жерінің асты алтын, үсті ырысты өңір — Ұлытау екені баршаға аян. Содан да болар? Ұлытау десе елең етпейтін қазақ жоқ. Ұлытау есімі естілсе әр қазақтың бойындағы қаны ойнап, жүрегін бір мақтаныш сезім кернейді. Солай болуы заңды да. Неге десеңіз қазақ деген халықтың ұлт болып, ел болып қалыптасуы, мемлекет болып аталуы дәл осы Ұлытау атымен тығыз байланысты. Исі қазақ үшін Ұлытау ерліктің, елдіктің туын тіккен, тасына ғасырлар тарихы тұнған, бірлік пен бәтуаның мерейлі мекені болып табылады. Бұл өмірдің де, тарихтың да таразысына салынып, небір ғұламалар айтып, дәлелдеп кеткен шындық екені даусыз. Солай болған, солай болып келеді де. Әйтпесе, түп-түрқы шап-шағын арқа төсіндегі осы бір тауға аспанмен таласқан ақбасты Алатауы, қойнауы қазыналы Қаратауы, көрікті кербез Көкшетауы, әсем Алтай таулары бар қазақем ұлы деген есімді жайдан-жай Ұлытауға бере салмаса керек. Өзінің бітім болмысымен басқа тауларға ұқсамас өзгешелігімен дараланған әр тасы тарихтан тіл тартып, шежіредей сыр шерткен шымыр таудың түрқы да, түлғасы өзге тауларға ұқсамайтын ғажайып қасиетімен ұлылықты үнсіз ұғындырып, еріксіз мойындатып тұрғандай.

Өн бойына қарапайымдылық пен қайырымдылықты қас-тер тұтқан таудың тарихына зер салсақ бүгінгі қазақ деген еркін елдің тұтас тарихына үңілгендей болып, өткені мен бүгінгісін танып білгендей боласыз. Адамзат тарихының атасы атанған Геродоттың жазбаларында Скиф таулары деген атпен енген Ұлытау тауының аталуы да тегіннен тегін емес. Демек, Ұлытау аты сонау тылсым замандағы тілсіз тарихпен тілдесе отырып бірге аталып, әлемдегі тіршілік тамыр жайғаннан бері бірге жасасып келе жатқанын көреміз. Ал бұл сөзіміз жалаң болмас үшін тарих атасының жазбаларына үңілейік.


...Жер бетін түгел бағындырмақ болған Кир патшасы теңізден өтіп далаға жол тартты. Сол кезде осы сары даланы мекен еткен скифтердің ер жүрек те батыр қызы Томирис көшпенділердің қалың қолын бастап, әрі басқыншыларға қарсы шықты. Ақыры шетсіз де шексіз құм белдеулеріне дендей енген Кирдің құмырсқадай қаптаған қалың қолы шөл құрсауында қалды. Осы сәтте Томирисінің (Тұмар қыз деп аталады) соңына ерген дала ерлері Кирдің жеңіліс көрмеген қуатты әскерін тас-талқан етті. Тарих жазбаларынан орын алған осы шайқастың өткен жері қазіргі Арал мен Арқаның ортасындағы қалың құмды өлке екенін бүгінгі ғалымдарымыз да дәлелдеп беріп отыр. Демек Кир жорығы Сыр мен Ұлытау арасындағы кең жазықта өтті деуге толық негіз бар. Ендеше сол жорыққа тікелей қатысып, оны қағаздап хатқа түсірген тарихтың атасы Геродоттың Скиф таулары деген тауы осы біздің айтып отырған Ұлытауымыз екеніне еш дау тумаса керек. Себепп, Кирдің бірнеше жүз мыңдаған әскерінің соңы Сырдың сыртқы құмына шыққанда, шоғырдың бір шеті Арқа өтуі заңды да. Олай дейтініміз екі жақтан беттескен қалың әскері бас аяғы жүз елу, екі жүз елу шақырым жерге сол кезде ұбап-шұбап сыя қоюының өзі оңай емес. Ал Арқаның кең төсінде сол кезде де, қазір де Ұлытаудан басқа белгі етер, бетке ұстар таудың жоғын еске алсақ, Скиф таулары деген атты алған тауымыз бүгінгі теңіз деңгейінен 1134 метр биіктікке орналасқан Ұлытау екені өз-өзінен-ақ белгілі. Сөйтіп алғашында тарихқа Скиф тауы деген атпен енген Ұлытаудың етегінде қазақтың сонау түп тамырына тіке тартар тура жол жатыр. Ал скиф көшпенділері (X-VIII ғ. б. э. д.) мал шаруашылығымен қоса сол кездің өзінде-ақ мыс қорытуды үйреніп, тарихта тұңғыш металлургияны меңгергенін сол Геродоттың жазбаларында ашық та айқын айтылған. Оған Жезқазған маңындағы мыс кендерін қорытқан ескі пештердің қалдықтары да дәлел бола алады. Бұл туралы кезінде академик Қ. И. Сәтбаев: “Адамзаттың алғашқы мыс өндірген жері — Жезқазған-Ұлытау өңірі”, — деп жазып кетуі де негіз болады.

Ал тарих жазбаларында Ұлытаудың дәл өз атымен — Ұлытау — деп аталуы осыдан мың жыл бұрынғы аңыз, жыр, дастандарда да кездесетініне не деуге болады. Оған 1995 жылы жырланғанына мың жыл толған қырғыздың “Манасында” кездесетін Ұлытау, Кішітау аты тағы да бір дәлел бола

алғандай. Бұл жөнінде қазақтың көрнекті ғалымы, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан өзінің “Ежелгі жыр аңыздар” атты жинағында “Жырдағы Қосай, Бақай мен қатар аталатын ежелгі заманның асқан ерінің бірі — Үрбі. Бұлар VIII ғасырда қатар өмір сүрген. Міне, осы Үрбі Көкөтайдың асына Қосайдан кейін екінші болып шақырылады. Жырда асқа шақырушыға:

Онан әрі сен барсаң,
Кішітауды жайлаған
Ақтар таздың баласы,
Аты Мөңке төресі
Ер Үрбіге барып айт» —

делінеді. Ал осындағы Кішітауымыз Ұлытаудың іргесіндегі інісіндей қатар тұрған қабырғалас тау. Айтайын дегеніміз, осы қатар тұрған Ұлытау, Кішітауды біз тілге тиек етіп отырған Үрбі мен Қосай батыр мекен етеді. Қосай Ұлытауды жайласа, Үрбі Кішітауда тұрған. Бүгінде осы Қосай ұрпағы да, Үрбінің атасы Ақтаздың үрім-бұтағы да осы өңірді мекен етеді. Мұның бір ғажабы Үрбінің атасы аталатын Ақтаз қазақ халқының бір руы, Бағаналы аталатын Найманның бір бөлігінен тарайды. Ұлытау мен Кішітау — Бағаналы Найманның заманнан келе жатқан құтты қонысы. Халық шежіресі бойынша үлкен бір жаугершілік кезінде тірі қалған бес баланы соңынан ертіп келген бағаналы Кербалақ атты Ершоштан деген кісі болады. Ол осы “Манас” жырындағы Үрбінің арғы атасы. Мінекей академик Ә. Х. Марғұлан “Манас” жырындағы Ұлытау, Кішітау атына орай осындай ой-тұжырымға келіп оған мынандай қосымша схема ұсынады. Бұл да осы аталған кітапта көрсетілген. Оны қайыра еске ала кетудің артықтығы жоқ.



1. Алматы, “Жазушы” баспасы, 1980 ж. 106-107 беттер.

Осы көрсетілген схемаға академик Ә. Х. Марғұлан осы аталған кітапта қосымша мынандай түсініктеме бере кетеді:

“Шоштанның Кербалақ атының таңбасы бағана таңба екен. Сондықтан оның ұрпақтары бағаналы атанып кеткен дейді. Найман — Оғыздарман аталас, өгізді, көкбұқаны қасиеттеген, VIII ғасырдан белгілі ел. Егер бір ғасырда төрт ұрпақ жасайды дейтін төртіппен алсақ, Үрбі шамамен XI ғасырда жасаған кісі” — деп нақтылай түседі.

Осыған қарағанда Ұлытау тарихы әріде жатқаны бұрынғыдан да айқындала түседі. Ал қазақ халқының көне-жырларының бірі “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырының кейбір жер-су аттары мен тарихи мәселелері төңірегінде халық ақыны, шежіреші, Ұлытау өңірінің, жалпы қазақ тарихын терең зерттеген Иманжан Жылқайдаров Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазбалар қорына тапсырған төрт томдық естелігінде: “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырына орай:

Бақалы, балдырғанды көл аман бол,

Балталы, Бағаналы ел аман бол, —

деген атау Ұлытауға соғады. Осындағы “Балталы, Бағаналы ел аман бол”, - деген елі Ұлытауды ежелден қоныс еткен Найман руының белгілі Бұтақтары. Олардың ұрпақтары әлі күнге дейін сонда мекен етуде. Ұлытаудың Батыс беткейінде күні бүгінге дейін Тоғызбай, Сегізбай аталатын екі көл қатар жатыр. Бұл аталған “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырындағы — Бақалы, Балдырғанды — делінген екі көл. Осы екі көл турасында аталарымыздың — мына Сегізбай бұрынғы заманда Балдырғанды, Тоғызбай — Бақалы — көлі деп аталған. Қатар жатқан екі көлді сонау заманда Балталы-Бағаналының екі байы Қарабай мен Сарыбай мекен еткен, бергінде көлдің аттары Тоғызбай, Сегізбай болып кейін де мекендеген екі байдың атымен аталып кетті. Ал сонау замандағы Бақалы көл атанған Тоғызбайдың сыртында Бақатас тауы тұр. Бұл да сол Бақалы көл атанған кезден қалған белгі. Бақалы көл мен Бақатастың ортасында Айбас дарасы тұр. Ал Айбас батыр туралы жырда кеңінен айтылған ғой. Бұл осы “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырындағы Айбас батырдың дарасы. Иманжан ақсақалдың бұл ойын осы жердегі байырғы тұрғындар мен ғалымдар жасаған зерттеу тұжырымдары да бекітіп, нақтылай түсетіндей. Осы Айбас дарасына 1956 жылы Акаде-

мик Ә. Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы келіп зерттеу жүргізгенде Айбас дарасының Айбас жазығында орта ғасырдағы қаланың ескі орнын тапқан. Осы жердегі Ақ обаны қазып, орта ғасырға тән қару-жарақтар мен құралдардың қалдықтарын тапқан еді. Демек, Айбас сол жырдағы айбынды Айбас, Батыр Айбас, Қозыны қолдаушы Айбас дегенді көне құлақтан естіп жадыма сақтадым, — деп Иманжан ақсақал қолжазбасында нақтылы анық етіп жазып кеткен. Бұл әңгімені Иманжанның өз аузынан кейін де сан рет естідік те. Шежіреші қарияның бұл естелік әңгімесін ел ішіндегі мына бір аңыз жа жандандырып тірілте түскендей.

Бақа тас пен Бакалы көлдің ортасындағы Айбас дарасы — Айбас батырдың атақонысы. Осы жердегі елдің ішкі шатқалды қуысы Ерқараға таяу жердегі үңгірді мекен еткен Айдаһармен дос болған екен. Қазірге дейін таудан бастау алатын Айдаһарлы — Күдай берді деп аталатын арналы бұлақ бар. Бұлақтың бастау көзі Айдаһар мекен еткен үлкен үңгірде жатыр. Таудан басталатын мың бір бұлақтың түп тамырының түйісер тұсы да осы айдаһарлы үңгірден аққан мөлдір бастаумен түйіседі. Үңгірдің тасты жарып атқылап жатқан мөлдір бұлағы қыста қоңыржай, жазда салқын болып бір қалыпты температураны ұстап тұрады. Ал оның себебі осы бұлақ басында адамзаттың тұңғыш ұлы ұстазы аталып, бүкіл әлемге дала перзенті деген лақап атпен танылған Тұраннан шыққан Зәрдеш есімді (Зоратуштура) ұл алламен жүздесіп, тәңірден аян алып, тура жолға түсіп, тұнық судан ішкен екен. Сол жолы алланың нұры тұтас тауға түгел түсіп осы аймақ күдіретті қасиеттің мол шуағына шомылыпты.

Аңыз айтады. Сонау бір заманда Тұран ойпатындағы осы бір тауда Зәрдеш (Зоратуштура) есімді ұл өмір сүріпті. Кейінде бүкіл әлем адамзаттың ұлы ұстазы деп таныған сол Зәрдеш тау басына шығыпты. Тас үңгірде тұрыпты. Таң атқаннан кеш батқанша таудың ішін аралап, көкке шаншылған ғажап шыңдардың сұлулығына таңданып, маңайына хош иісті жұпар шашқан көгілдір көркем аршасына, ақ балтыр ару қайыңы мен хас батырдай қасқайып өскен жас теректеріне сүйсіне қарайды. Тауда туып, таста өсіп, дала сырына қанығып жүрген бала жігіт бірде таудағы үңгірде ұйықтап қалады.

Түннің бір уағында Зәрдешті ғажайып бір күш орнынан тұрғызып, таудың сонау ең биік ұшар басына аяғының ұшын жерге тигізбей алып ұшып, көтеріп шығарады.

Тау басына шыққан Зәрдеш өн бойындағы бір он өзгерісті байқайды. Есін жиып, жан-жағына қарағанша болмайды, аспан әлемінен маңайын алтын сәуле, нұрға бөлеген ғажайып шуақ төгіле береді. Нұр сәуле қапелімде не болғанын аңғармай қалған Зәрдештің жүрегін жырға толтырып, көңілін қуанышқа бөлейді. Шуақты нұр тұтас тауды бұрын-соңды жер беті көрмеген ғажайып алтын шұғылалы сәулеге шомылдырады. Мол шуаққа бөленген Зәрдеш сол сәтте жаратушы Алланың нұр сипатын көреді. Алланың нұрына бөленген Зәрдеш өзіне жаратушының аян беріп тұрғанын біледі. Адамзат баласына тура жол нұсқауды, жақсылыққа бастауды Алла тағала Зәрдешке жүктейді. Сөйтіп, ұлы ғұлама осы шап-шағын кішкентай таудың үстінде Алланың шуақ нұрына бөленеді.

Ертеңіне Зәрдеш етектегі елге елдіктің жайын, адамгершіліктің мәнін уағыздайды. Сол заманда біреу қайтыс болса, сол үйдің ет жақындарының бірін бірге көметін бір тұрпайылық бар екен. Зәрдеш алдымен осыған тоқтау айтады. Бұрыннан қалыптасып қалған дәстүр-салты бар ел Зәрдеш айтты деп тоқтай қалсын ба?

— Осының өзін өлтірейік.

— Бізге жөн-жоба айтатын бұл кім? — деп Зәрдешке қалың топтың ішінен он шақты адам тұра ұмтылады. Олар жақындап, Зәрдешке қол сала бергенде, көктен жасын ойнап, ызалы топты түгелімен ұйпап жібереді. Оны көріп тұрған қалың топтың ішінен Зәрдешке батып енді ешкім қайта ұмтыла алмайды. Көп ішіндегілер арасынан:

— Оу, халайық, мына балада қасиет түр ғой.

— Осының айтқанына көнейік, — деп Зәрдештің сөзін құп алады. Сол жерде Зәрдеш халыққа Алладан аян алғанын, жаратушының осы тауға нұры тигенін, осы өңірдің қасиет шуағына бөленгенін айтып:

— Бұл тау бұдан былай барлық таудың ұлығы — Ұлытау болып аталады, — деген екен. Содан бері бұл тау жай тау емес, Алланың аян нұрына шомылған қасиетті Ұлытау болып аталыпты. Алланың нұры тиген тау содан кейін жер бетіндегі барлық таудан өзгеше ұлық атанып, ұлы болған

екен. Алланың нұр шапағатымен қатпар-қатпар тасты жарып тереңнен шыққан толқынды тас бұлақты күндіз-түні, қысы-жазы алты басты айдаһар күзеткен дейді. Тас бұлақ таудың әр тасына нәр беріп, жер бетіндегі барлық сулардың түйіскен жүрегі, арналы анасы аталған екен. Бұл сөздің шындыққа келетін де қисыны бар. Оның дәл айғағындай жер бетіндегі үлкен-кіші өзен, көл, теңіз бен мұхиттың түп тамырына көз салсаңыз тарау-тарау, сан-салалы тармақтардың бәрі келіп осы Ұлытаудың тас үңгірінен басталып, дүниенің төт бұрышына таралған бұлақ түбінде түйісетін секілді. Осы бұлақтан бастау алған төрт тармаққа зер салсақ әлем қартасындағы барлық судың негізгі көзін көргендей боласыз. Сонау Солтүстік мұзды мұхитына құйып жатқан Обь өзені осы Ұлытау түбіндегі айдаһар күзеткен, Зәрдеш су ішкен бұлақтан бастау алатын Терісаққаннан басталады. Терісаққан Есілге, Есіл Обь өзеніне құйып жатыр. Одан әрі Солтүстік мұзды мұхитының ернеуіне асып түседі. Ал мына жағы оңтүстікте Қаракеңгір, Сарыкеңгір жарыса ағып таласқан бойы Бетпақтың шөлін кесіп өтіп, Сарысуға қосылады да әрісі жеті өзен — Жетісуға құлап Іле бойлап Азия асып кетеді. Шығысында осы бұлақ Жақсыкөң өзені арқылы теңізге жетеді. Батысын бойлай жүрген адам өзен арнасымен Қараторғай, Сарыторғай, Ұлыжыланшақты бойлап Торғайды толтырып, Ырғызбен Аралдан асып, теңізге жетеді. Аңыз түбі шындық деген осы болар.

Әрине, бір кездері ауыздан ауызға аңыз болып айтылып жеткен шындықтың өзі кейін де ескіленіп, көмескіленіп естен кетуі де мүмкін. Осындайдан да болар Ұлытауға байланысты небір құнды-құнды әңгімелер мен аңыздар кешегі кеңестік саясатқа қайшы келгендіктен болар айтылмай, елеусіз қалып келді. Содан барып қасиетті таудың тарихтан алар орны да көмескіленген. Әйтпесе, ең далада өмір кешкен, небір азуын айға білеген айбарлы хандар, бектер мен билер қандай да бір келелі әңгіме, кесікті пікір, бәтуалы билікке жүгінер сәтте алланың нұр сәулесі түскен Ұлықтау — Ұлы тауға келіп бас қосуы, тауға тәуеп етіп, топырағына маңдайын тигізуі, Ұлытаудың қасиетіне бас иіп ұлылыққа тағзым еткендіктен болар. Шынында да тарихи деректерге жүгінсек қаншама хан қазақ топырағында ел билесе, соншамасы Ұлытауға келмей толық билікке жеттім деп есептемеген. Сондағысы, әрине, жер бетінен

тау таба алмағандықтан емес, алдындағы аңыздардағы айтқанымыздай алланың нұр шапағаты шашыраған таудан шын мәнінде де ұлылықты, пәктік пен тазалықты, адалдықты, бірлікті, бәтуәні көре білулерінде жатса керек. Сонау ықылым замандағы Зәрдештін Алламен жүздескен тауының түбіне хан мен бектердің, қасиеттілердің келуі, маңайына жетіп, топырағынан мәңгілік мекен табуы, ханға да, қараға да арман болғандай. Тарих деректеріне қарап отырсақ, осы Ұлытау төңірегінде, ел билеген хандардың үзеңгісін шіреп, ауыздығын қарс шайнаған тұлпарлардың тұяғы тиген, қол бастаған, батырларың сөз бастаған шешендердің тарихи орындары толып жатыр.

Әлмисақтан бері “Алты алаштың баласының басын қосқан Алашахан” дегенді халық аңызы айтады. Ал Алашаханның тарихы 840-шы жылы өзінің тәуелсіз феодалдық мемлекетін – қимақтардың негізін құрған қыпшақ-қимақ тайпаларының қосылуымен Алаш мемлекеті болып жарияланып, ханының Алаша деп аталғанын араб тарихшыларының: “Қимақ патшасы — ұлы тайпалардың біреуі және өзінің парасаттылығымен ерекшеленеді” деп жазып кеткеніндей түрік дүниесінің әлемде тұңғыш ту көтерген кезеңінен бізді хабардар етеді. Ал осы Қыпшақ — Қимақ тайпасының негізіндегі Алаш мемлекетінің сондағы ту тіккен ордасы — Ұлытау болғанына ешкім де дау айта алмайды. Алаш мемлекетінің ханы Алаша өзі таққа отырған алғашқы күннен бастап-ақ Алланың нұры тиген Ұлытауға арқа сүйеп, топырағына табан тіреуді алдына ұлы мақсат етіп, атының басын Ұлытауға бұрып, осы жерге келіп қосын тігеді. Бұл да болса біздің алдындағы естіген аңыздарымыздың түбінде шындық барын тағы да тірілте түскендей. Тарихты таразылап бүгінгіге жол сілтеген түркіменнің шежірешісі Әбілғазы өзінің жазбаларында: “**Ұлытау мен Кішітауды Алашахан, оның немересі Қарахан жайлаған**” — деп жазып кетуі де тегін болмас. Әбілғазының шежіресіне сүйенсек Алаша мен Қараханның кезеңі Х-ХІІ ғасырларды қамтиды. Олай болса Ұлытаудың етегіндегі Қаракенгір, Сарыкенгір өзендерінің бойындағы Алашаханның мавзолей-мазары бүгінгі тарихшылар айтып жүрген сол кезеңге тура сәйкес келіп тұр. Ендеше Тұранның басын қосып тұтас ел деңгейіне көтерген, оның тұңғыш ханы Алашаханның Ұлытау

к. 21343 жр

топырағында жатуы да одан кейінгі ел билеген хандарға Ұлытаудың қадір-қасиетін бұрынғыдан да асырып, айбарландырып Ұлытауға барып, таудан бата алған ханның ісі оң, саясаты айқын, арманы сөзсіз жүзеге асады деген үлкен ұғымды берік, нық орнықтыра түскендей. Оған дәлел дүниені дүр сілкіндірген, атының тұяғы тимеген жер қалмаған Шыңғысхан мен оның баласы Жошыдан, кейін олардың ұрпақтары Батудан бастап қазақтың XIX ғасырдағы ең соңғы ханы Кенесарыға дейін, барлық қазақ хандары 700 жылға жуық осы Алашахан мазарының маңында үш жүздің өкілдерінің қатысуымен “Хан ордасы” деген жерде хандық дәрежеге — ақ кигізге көтеріліп барып, сайланып отырған. Бір ғажабы, дәл осы “Хан ордасы” әңгімеміздің басында айтқан Айбас жазығындағы айдаһарлы үңгір жақ беткейінде болуы. Таңқаларлығы сол, хан ордасы Ұлытаудың батыс бөлігінде болса, Алашаханның мазары таудың шығыс жағында жатыр. Оның бұлай болу себебі хандардың билікке отырар орынды алғашқы аңыздағыдай тауға, Алланың нұры тиген, Зәрдешпен жүздескен жағынан белгілеуі қисынды көңілге қондырғандай, әрі-беріден соң дәл сол киелі, аруақты жер деп хандар таңдаған жердің қазақ жерінің нақ кіндігі екені де белгілі болып отыр. Қазақ жерінің оңы мен солынан, шығысы мен батысынан бір мезетте шыққан адам дәл осы Ұлытауға бірдей қашықтық жол жүріп, бір мезетте жетеді екен. Қазіргі оқыған, білімдар жандар сызғышпен өлшегенде де Ұлытау жердің ортасы болып бөлек түр. Міне дүниенің төрт бұрышының кіндігі болған Ұлытаудың осы бір қасиетінің өзі ұлылықтың тегін ұқтырғандай.

Дүние жүзіндегі қаншама халық пен ел мемлекет бүгінде — “Әлем адамы”, деп танып отырған Шыңғысхан ұлан-асыр үлкен тойын Ұлытау бөктерінде өткізгені де тегін емес. Ол жөнінде 1240 жылы жазылып, кейінде ғана тарихшылардың қолына тиген монғолдың “Күпия шежіре” кітабында толық айтылады. Сол шежіре кітапта Шыңғысхан 1217-1218 жылдары Қият, Найман, Керей, Меркіт, Қоңырат, Маңғыт, Жалайыр, тайпаларын бүгінгі Қазақстан территориясына қоныстандырып, Үйсін, Дулат, Қыпшақ, Уақ, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Алшын, Арғын, Албан, Суан тайпалары мен оларға татарларды қоса отырып оны өзінің ұлы Жошының

иелігіне бергені туралы мағлұмат бар. Сөйтіп, тарихтағы тоқсан екі баулы дешті Қыпшақ және сегіз сан Сейілханды қосып жүз рулы елдің басын біріктіріп, бүгінгі қазақ елі — сол кездегі алтын босағалы ел атанса, Алтын Ордасы тағы да осы Алашахан ту тіккен, Алланың нұры тиген Ұлытауға тігілгені тарихта тасқа басқандай анық.

Алтын орданың негізін қалаушы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыхан 1227 жылы Ұлытауда маусым айында опат болған. Осыған орай Алашаханның мазары маңында Жошыханға айбынды тағы бір мазар-кесене бой көтерді. Осы Алашахан мен Жошыхан кесенелері, Ұлытау өңіріне салынған Талмас ата, Жұбан ана, Қайып ата, Болған ана, Ерден, Дүзен мазарларының салынуына елеулі ықпал етті. Бұл кесенелер қазақ даласындағы сәулет өнерінің бастау көзіндей боп көрінеді. Шынында да аспан астындағы ғаламат мұражайлар дәл осындай-ақ болар. Ал мұндай тарихи мәні бар мазар-мавзолейлер Ұлытау өңірінде үш жүзден асып түседі. Олардың ішінде Алашахан мен Жошыханның ескерткіштері бүкіл дүниежүзілік ЮНЕСКО-ның қарауына алынған. Ұлытау өңіріндегі көп ескерткіштер қазақ елінің сәулет өнерінің үздік үлгілері, өкініштісі сол, оларды салған шеберлердің көбісінің есімдері тарихқа әлі белгісіз. Ал ауыл қарияларының бізге жеткен әңгімелеріне қарағанда, оларды салған шеберлер жергілікті жердің өзінен шыққан қарапайым халықтың ұлдары екені даусыз. Осындағы мазарлардың қай-қайсы болса да сонау Алашахан мазарының үлгісін өнеге тұтқан. Ол туралы ғалым Ғ. Ақпанбек былай ой түйеді:

— Алашахан мазары бүгінгі тілмен айтқанда қалқалы-күмбезді құрлысқа жатады. Мазардың сыртқы табаны тік төрт бұрышты тәрізді де, ішкі жамбасы шаршы болып келген. Табанының аумағы 9,73 x 11,9 метр, биіктігі 10 метрге жуық. Ішкі табандары шаршының бір қабырғасының ұзындығы 45⁰-қа бұрылған осындай шаршымен үш бөлікке бөлінген. Бөліну нүктелері бұрыштағы арка тіреулерінің орны. Аркалар арқылы бөлменің жоғарғы бөлігі сегіз бұрышқа айналады. Осылай өрнектеле келіп, бұрыштар тағы да қиылып, он алты бұрышты құрайды. Сөйтіп, бірте-бірте бұрыштарды кию арқылы күмбездің іші шеңберге айналады да төбесі бүріліп барып жабылады.

Мазардың үстіне биіктігі жарты метрге жуық цилиндр тәрізді барабан қаланған. Оның үстіне биіктігі 76 см, 16 қырлы барабан орналасқан. Әрбір барабанның табан қырының ұзындығы 145 см. сыртқы диаметрі 743 см. шамасында. Ал осы барабанның үстіне бұдан диаметрі 70 см. кіші, биіктігі 65 см. цилиндр қаланған. Оның үстіне биіктігі 50 см. тағы бір цилиндр қаланған. Мұның диаметрі алдыңғысынан 30 см. кіші.

Осының үстінен келіп айналу параболиды тәрізді күмбез көмкерілген. Біртіндеп кішірейе беретін сатылай орналасқан барабандар күмбез етегін көмкеріп, өз алдына бір ансамбль құрап тұр.

Мазардың негізі күйдірген қызыл кірпіштен қаланған. Кірпіштердің көлемі әртүрлі. 230x145x60 мм, 260x230x60 мм, 300x300x60, 320x320x60 мм. т. с. с. Бір айта кетері мазардың маңында шашылып жатқандарының өзінің өлшемі 12 түрлі. Қайсыбір кірпіштердің қалыңдығы 10 сантиметрге жуық, — дейді. Ғалымның бұл сөзі рас. Мазарды салушы қалай дегенде де өз ісінің аса үздік шебері, сезімтал сұңғыла екені аян. Негізі өлшемдердің үйлесімділігі, геометриялық пішіндердің үндестігі, өрнектердің орналасуы тіпті ерекше. Құрылысшының ғажайып шеберлігі көрер көздің нұрын толтырып, жүрегінді тербетіп жіберері сөзсіз.

Ал, Алашахан мазарынан Жошының мазары төрт есеге жуық кіші екені көзге бірден көрінеді. Әрі одан әлдеқайда ауыр да салмақты сезінеді. Алаша мен Жошы мазарының үлгісіндегі Дүзен мазары алдыңғыларының негізінде салынғанын айта кеткен жөн. Жалпы араға бірнеше ғасыр салып бой көтергенімен де ол табанынан бастап, төбе күмбезіне дейін айна қатесіз қайталанып тұр. Дүзен мазары 1866 жылы (КСЭ 4 т. 521 бет) салынған. Бұл мазар салынған кезде Алашахан мазарының тұрқы бұзылмай, әуелгі қалпы түгелге жуық сақталған дейді. Бұл жөнінде жазушы С. Шарипов: “Дүзен қыстауы қасында Алашаханның тамы тұр. Сырлы тамды көріп, “осындай там салып беретін адам болса, дүниенің малын берер едім” деп Жанұлы Сандыбай немересі әкесі Дүзенге там салдыруға жұртқа жар шашыпты... Сералы қожа қырық жігітпен бір жүз мың кірпіш құйып, күзгі жаңбырда кірпіші ағып кетіп, шығынға шыққан 72 жылқы далаға кетіпті. Жанұлы мырза әйтеуір салдырмай қоймаймын деп, 22 қос ат

пен, жанына он жігіт қосып қожаны Түркістанға жібереді. Сералы қыстай Түркістанда кірпіш күйдіріп, оны қалауды үйреніп, жазда қайтып келіп, қасына 60 жігіт жалдап, тамды 1863 жылы бастап 1866 жылы бітірген. Және бір алпыс түйемен Атбасардан бор тартқызған” деп жазады.

Ел ауызындағы әңгімелердің және бірінде Дүзен мазарын салушы Сералы қожа күмбездің табан тірегінен бастап төбесіне дейінгі әр айналымды белдеуде байлаулы тұрған жарау атпенен барып Алашахан мазарының әр қалауының қиоласуын көзімен көріп келіп, тура солай қойып, қалап отырған дегенді де айтады. Осындай бір әңгімені Ырғайлы өзеннің бойындағы “Обалы” деген жердегі Бағаналының төрт босағасының бірі атанған Шегірдің мазарын салушы Болатшы руының белгілі батыры, көріпкел әулие, Қараменденің кіші ұлы Сатыбалды қажы салды деседі. Шынында да төрт босағаның бірі Шегірдің мазарын Сатыбалды қажының салғаны рас. Арасы күншілік жерге таяу болса да Шегірдің мазары Алашахан мен Дүзен мазарының кішірейтілген көшірмесі сияқты. Оның да алдыңғы және бүйір қалаулары, өрнектері, ою нақыштары Дүзен мен Алаша және Жошының мазарындағы өрнектермен сәйкес келеді. Сырт караған көздің өзі оны айна қатесіз аңғара алады. Осы күмбезді салғанда Сатыбалды қажының шапшаңдығы сондай екен, оған кірпіш алып беріп тұрған қырық жігіт үлгере алмапты.

Сол кездегі құрылыс өнерін өте жақсы меңгерген хас шебер Сатыбалдының көз ілеспес әбжіл әрекетін сырттан көріп тұрғандар — “Сатыбалдының сыртында көзге көрінбес әлде бір күдірет бар-ау, ә!” — деп тамсанатын болған. Әрине, 40 жігіт қызмет етіп үлгере алмаған қимыл — нағыз шебердің, нағыз маманның ғана қолынан келеді десек, Сатыбалды шеберді қолдайтын әруағы, көтермелеу иесі де болғанына дау айтуға болмас. Міне, ел ішінен шыққан сол шебер Шегір бейітінің төрт қабырғасын көтеріп, енді күмбезін шығарар кезде кірпіш берушілер шаршап саябырси қалыпты дейді. Күн ұзаққа үзіліссіз қимылдап тұрғандікі ме, әлде қабырға көтеріліп кірпішті лақтыру күшке түскендікі ме, әйтеуір қалай

1. С. Шарипов. Шығармалар жинағы. Алматы. “Жазушы”, 1982 жыл, 2-т. 296-297 беттер.

дегенде де кірпіш пен лай берушілердің демалысы көбейіп кеткеніне секем алған Сатыбалды көлеңке жақ іргеге көз салса он шақты жігіт дәу тай-тегенедегі қымызды шөмішпен іліп алып, шетінен ішіп, қарындарын сипап, демалуға кірісе бастағанын көреді. Азаннан бері жерге түспей, тамақ ішпей, бел шешпей қимылдап жүрген Сатыбалды ту биікте тұрып, тай-тегенеге шаптырып жібермей ме? Ашық күнде төбеден сарылдағанға жалт қарағандарға ызасы келген Сатыбалды: —Ал, ішіндер, — деп ауын байлап, бұрыла беріпті. Шебердің биікте, күннің көзінде, желдің өтінде тоқтаусыз жұмыс істеп тұрғанын да, одан бұрын өздеріне өздері демалыс бергендеріне ұялып жатқан жігіттер әп-сәтте-ақ етек-жеңдерін жинап, жұмысқа кірісіп кеткен дейді.

Осы Шегір бейітін салу туралы әңгіме болғанда, Шегірдің тікелей өзінің ұрпағы Темірбектің Сейтжаны айтқан және бір әңгіме ойға оралады.

Төрт босағанның бірі, әрі бірегейі саналатын Шегір өзінің баласы Әбайділдамен шамалас Ерденді, кәдімгі айтулы Сандыбайдың Ерденінің қолына Сандыбай өлгеннен кейін бір босағаның билігін ұстатады. Өзімен тұстас Ерденнің билікке араласып, жасы келген әкесі Шегірдің орнын өзіне бермей, биліктен кетпей жүргеніне іштей өкпелеп жүрген Шегірдің баласы Әбайділда әр жер, әр жерде Ерденге көзінше де, сырттай да сөз айтып, терезе теңестіріп, бой таластыра беретін болыпты. Бірақ, тұтас елдің ырқынан шығып кете алмай, — Әй, Ерден сенін қара сорпаңды ішсем арманым болмас, — деп бір ортада ашу үстінде айтып қалыпты. Сол сөз ел ішіне тарап кетеді. Сөйтіп жүргенде Шегір қайтып, оның басын көктеу үстінде Ақтаздың ішіндегі Бадананың бір жігіті бейітіннің күмбезі көтеріліп, енді әне-міне бітеді деп жатқанда, көк шолақ атты борбайлап бейіт салушыларға шауып келеді. Келе Әбайділдаға қарап: — Сүйінші Әбеке! Күдай тілегінді беріп, Ерден өлді, — деп енгіге айтады. Алдында “Ерденнің қара сорпасын ішсем арманым болмас” деген Әбайділда мына хабарды естігеннен кейін өкіре жылап, омырауын жыртып егіле тұрып: “Өкпеге қисам да, өлімге қимайтын ерім еді, асқар тау сыртында белім еді, қабырғам сөгіліп, белім сынған екен ғой. Ой, дүние-ай, өштің, кеттің. Әй, жігіттер, ананы ұстап, анау тұрған көк арбаға байлап көк шыбықпен қырық дүре май құйрықтан соғындар. Өкіре жылап, егіліп келудің орнына желігіп келген жетесіз тәубесіне түссін», деп өзі сол кездің дәстүрімен азасын

алып, батасын жасауға, Ерденнің ауылы Қарағанды сайдағы қазалы ағайындарға кешікпей жетеді. Бұрыннан араларында жаға жыртыспаса да, қиғаш сөздердің болғанынан хабардар қалың Бағаналы: — Әбайділда не істер екен? — деп келгенде қарап тұрады. Ерденнің азасына келген Әбайділда: — Ерденнің қара сорпасын ішсем, — деген сөзім бар еді, басқа тілегімнің ішінен дәл осымды ести қойған құдай-екең, — деп қайнап жатқан қазанның басына атпен тіке келген екен.

Ат үстінде тұрып, қара сорпаны ұрттап тұрғанда екі көзінен аққан жас ожауға тырс-тырс тамып жатыпты. Іштей егіліп тұрып, ожауды қайтара бере ат үстінен ауа құлапты.

Сағымданған сары дала төсінде төбесі көкке шаншылған осындай көрікті күмбездер қаншама десеніңші. Халықтың төл тума өнері оның ішінде сәулет өнерінің осынау ықылым ғасырдан бері қалыптасқан, толысқан, өзіндік мектебі болғанына дәл осы күмбездер куә болғандай. Сан ғасыр бойы кесегі қисаймай, табаны таймай, әрі кетпей, сыры түспей, сыны шетінемей тұрған күмбездер бүгінгі небір озық үлгідегі архитектуралық құрылыстардан әлде қайда асып түсеріне еш талас жоқ. Ендеше кешегі кеңестік кездегі “Қазақтың оқу-сызуы болмаған” деген сөзінің сандырақ екенін сары дала төсіндегі осы сәулет өнері айтпай-ақ аңғартып тұр емес пе?

Сұлулық пен салтанаттың символындай сап түзеген кесенелер тек сәулет өнерінің ғана емес, елдіктің, ерлікті құрметтеу, қастерлеудің де бір белгісіндей. Дала төсіндегі Алашахан мазары салынғаннан бері қаншама ғасыр артта қалды. Жылдар жылжып өтіп жатыр. Бірақ ғасырлар қойнауынан сыр шертер күмбездердің сыны да, сыры да сетінеген жоқ, ескіреп емес. Рас, солақай саясат кезінде кесене-мазарды салған адамды да, салдырғанның да атын айтқан жан айыпты болып, алды айдалып, атылып жатты. Сондай сорақылықтан болар Алашахан мен Жошыхан мазарларының ортасындағы “Келін там” мазарының қызыл кірпішін кезінде белсенділер “қызыл отауға керек” деп бұздырып тастағаннан кейін, сырты аршылған жұмыртқадай болып, ішкі шикі кірпішімен қалған “Келін там” жел мен су өтіне шыдамай мүжіліп құлады. Дәл осындай келеңсіз көрініс кезінде анау Алашахан мен Дүзен мазарынан кем емес, Ерден батырдың кесене мазарының да басына түсті.

Қазан төңкерісінен кейін ел ішінде коммунизм орнатуға белсене шыққан қызыл керуенді бастап келген коммунистің

ат үстінде отырып “Бай мен бидің атын өшіреміз” деген ұраны дала төсіндегі кербез күмбезге кесапат болып тиді. Аспан мен таласа асқақтап тұрған Ерден батырдың күмбезін бұзуға қызыл керуен ынталана кіріседі. Сол кезде “күдай жоқ” деп лепіргендер әп-сәтте-ақ батыр бейітінің сыртын өрген қызыл кірпішін тас-талқан етіп талап алады. Өздерінің халықтық мұраға қол сұғып, өнерді қорлағанын сезбеген күдайсыз коммунистер дала төсіне сән беріп тұрған тағы бір сұлулықты жермен жексен етеді. Сол кезде өмір сүрген, бертінге дейін жасаған қариялардың бірден-бірге айтып кеткен ауызекі әңгімесінде: “Сол жолы Ерден батыр бейітін бұзуға қатысқан қызыл керуеннің ішінен тірі қалғаны болған жоқ” дегенді сан естідік. Сұлулықтың киесі ме, әлде Ерден батыр аруығының иесі ме, қалай десек те беймәлім бір күш күмбезді бұзып мәре-сәре боп “күдай жоқ” деп гулеп келе жатқан қызыл керуенді ұйпап өтіпті. Алыстан сыздықтай көтерілген жол үстіндегі жалғыз соранды сызат ирелендей-ирелендей көтеріліп, қызыл керуен көшінің алды-артынан орағытып олай бір, былай бір дөңгеленеді де артынша көз көрінбес қою шанды дауыл керуен үстінен ысқырып өтеді. Ысқырығы жер жарған ғаламат дыбыстан, көзі ашылмас қою шанды дауылдан алдымен аспанға шапшыған аттар, мазардың кірпішін тиеген түйелер ырық бермей топырлай құлап, олардың үстіндегілер астында қалып, жол үсті азан-қазан, болады да қалады. Көзді ашып-жұмғанша ұйтқи соққан дауыл басылып, желі тынғанда қызыл керуеннен тіршілік белгісі байқалмай аты да, атаны да, адамы да бақиға өтіп кетіпті. Бұл Ерден бейітінен бері екі бел өткеннен кейін қара жолдың үстінде болған дейді. Ол жердің орны әлі де бар. Жол сыртындағы үйілген тасты білетіндер батырдың мазарын қорлағандардың денесі жатқан жер еді дейді. Кім білсін мүмкін солай болуы да? Қалай дегенде де өз кезінде алты Алашқа аты мәлім болған Ерден Сандыбайұлының тегін жан емес екені анық. Оның өз әкесі Сандыбай оның әкесі Төлек екеуі де қазақтың ұранға шыққан аты белгілі батырлары. Ерденнің өзі Абылайдың ұлы Қасымның баласы Кенесарымен тұстас. Аты сонымен қатар шыққан. Қарадан хан болған деген дәрежеге дейінгі құрметке көтерілген жан. Өз кезінде аға сұлтандық дәрежеге жетіп қалың Бағаналының бетке ұстар беделдісі болған. Ерденнің басында бақ болуы оның қолдаған аруағының күшінде дегенді ел ішінде күні бүгінге дейін айтып отырады. Әңгімеде қазақтың соңғы ханы Кенесары қосынымен Бағаналының үстіне келеді деп басталып, Ерденмен кездескенімен тоқталады. Ке-

несарыға кездесуге келген Ерден ханмен тең дәрежеде сұхбат-тасқан екен. Ерден кеткеннен кейін ханның маңайындағылар: — Оу, батыр бұныңыз қалай, қарашаны тең тұтқаныңыз? — дегенді айтады. Сонда Кенехан Бағаналының бұл батырының екі иығында екі оқ жылан шапшып атылғалы шығып тұр екен. Оған менің қыранымның күші жете қоймас, аруағы асып тұр ғой, — деп жауап берген екен, дегенді қариялар айтып отыратын. Ел ішіндегі көп айтылатын аңыз әңгімелерде Кенесары хан мен Ерден арасындағы байланыс сыпайы сәлем деңгейінде болғанын дәлелдейді. Кенесары қалың әскерімен олай-бұлай өткенде Ұлытаудың тура үстін баспай, Ерден ауылын сырт айналып өтіп отырғаны сол кездегі саясатқа екеуінің де жүйріктігін аңғартады. Сырт көзге бір-біріне салқын болғанмен патшаға қарсы күрескен Кенесарыға Ерден қару-жарақтан да, күш-көліктен де көмек беріп отырғаны тарихтан белгілі. Осыған қарағанда Ерден мен Кенесары бірімен бірі түсініскен жандар деуге келеді. Ерденнің аруағы алашұбар жылан болса, Кенесарынікі қыран екені айтушылардың әңгімесінде сөз болады. Осыған қарағанда Ерден батырдың атасы Сандыбайды қолдаған, бабасы Төлек батырды қолдаған аруағы оның өзін де өле-өлгенше желеп-жебеп отырды деген шындыққа келеді. Әйтпесе аға сұлтандық сайлауына Ерден мен шарға түскендердің қай-қайсы болса да осал емес екенін білеміз. Кейінгі бір деректерде Уалиханның ұлы Шоқан мен Ерден аға сұлтандық сайлауына қатар түсті дегенді айтып қалып жүр. Бұлай болған жағдайда Шоқанның білімі мен парасатына, хан тұқымының байлығына сол заманда шөк келтіретін азамат бола қойды ма екен? Қазір де кездесе қоймас. Неге десеңіз Шоқан мен шарға түскен (егер түскен болса) Ерден сайлау нәтижесінде аға сұлтандықты жеңіп алады. Оны кейін де Ерден аға сұлтандықты парамен сатып алды дегенді айтып жазып жүргендер де бар. Олай болған жағдайда Шоқанның сонау Шыңғыс әулеті екеніне, оның атасының дәулеті сол заманда тұтас қазақты төрт орауға жететінін естен қалай шығарып аламыз. Ал Шоқанның сол сайлауға түскенін білетін төре тұқымының оязға берер қаражаты жетпеді дегенге кім нанады. Рас, Шоқанның өзі пара бермесін, пара алмасын. Пара алғанды жек көрсін, бірақ намысқой төрелердің Шоқанның сыртында оны айналып өтіп оязға соқпады, оған пара ұсынбады деу және қисынға келмейді. Осындай алпауыт тұқыммен сол заманда Ерден шарға түссе, онда ол жеңіп шықса әңгіме мал мен қаражатта

ғана емес, ерді қолдаушы аруақтың да айтары болғаны ғой. Әйтпесе Шоқанның аталары Кенесары: «Ерденнің екі иығында екі жылан бар екен» — дегенді тегін айтпаса керек. Міне, осындай өз ортасында абыройы асқақ Ерденге келісті күмбез салынуы және оның ағасы Дүзеннің мазарынан бірде кем болмауы әбден заңды десек, Алашахан кесенесінің көшірмесіндей ғажап шеберлікпен қаланған күмбезден бүгінде қалдық қалмауы қиналтады. Қос Кеңгірдің бастау көзі саналатын Қарағандысайдың бір төбесінде Ерден батыр күмбезінің ішкі шікі кесегі опырыла құлап иесіз күй кешті. Осыны көргенде: — Әттең дүние-ай?! — дейсіз. Кезінде ақ дегені алғыс, айтқаны жөн, айбарынан жан ыққан азулының мазары аяқсыз қалуы “құлан жығылса, құлағында құрбақа ойнайды” деген мақалды еске түсіретін еді. Ел егемендігінің арқасында Ерден батыр кесенесі қайтадан 1998 жылы көтеріліп салынды. Бұл да елдіктің белгісі. Ұлытау төңірегінде ел тарихына қатысты мұндай мұрағаттар мазар-ескерткіштер аз емес. Бір айтары сол анау Алашахан мазарынан бастап салынған кесенелердің қай-қайсы болса да бірін-бірі қайталамай отырып, бірінің сәнін бірі келтіріп, сымбатын толықтыра түскендей әсер береді. Осы кесенелердің салынуы және орналасуы да белгілі бір жүйені бағдарға алғандай. Олар кез келген жерге салынбаған. Әр кесененің арасы белгілікті бір қашықтықты, мөлшерлі жерді белгілеп жатқандай. Мәселен, анау Жошы мен Келінтамның, берідегі Алашаханның одан кейінгі Дүзеннің, Қарағандысай бойындағы Ерден мазарларының арасы бірдей қашықтықта жатыр. Бұл тек аталған осы төрт-бес мазар арасындағы ғана қашықтық емес. Жалпы Ұлытау төңірегіндегі мазар-кесенелердің бәріне бірдей ортақ. Ерден мазары тұрған Қарағандысай мен Ұлытау түбіндегі жатқан Дүтбай батыр мазарының арасы, Дүтбай мен таудың сыртқы бетіндегі Төрт қара мазары бәрі-бәрі алдында айтқанымыздай бір деңгейдегі бір ендіктің бойында және бірдей қашықтыққа жатыр. Бәрінің ара-қашықтығы атпен жүрген қазақтың өлшемінен қате кетпеген. Бұл да болса дала шеберлерінің дала кеменгерлерінің бір даналығынан шығар. Оның бер жағында әлем тарихында “Сауран жолы” атанып кеткен, кезінде батыс пен шығысты жалғаған, Азия мен Еуропаның күре тамыры саналған “Сауыр жолы” айтып отырған көрікті күмбездер үстімен өткені де таң қалдырады.

Алты алаштың басын қосқан Алашадан бастап алтын босағалы Ақ орданың негізін қалаған Жошының өзі Ұлытау-

удың үстімен өтетін “Сауран жолының” бойын таңдауы кейінгілерге де үлгі болғандай. Азия мен Европаның арасын жалғап тұрған күре жолдың үстімен кім жүрсе де бір-бірінен бірдей қашықтықтағы, бір-бірінен айнымайтын күмбездерге соқпай кетпеген. Жолмен жүрген хан да, қара да, батыр да, би де, жол бойындағы мазарларға соққанда ел тарихын қайтсе де еске алып отырады. Дала даналары осы жағын ерекше ескеріп, осыған терең мән берген сияқты.

Европа мен Азияның арасын жалғаған “Сауран жолымен” кімдер жортпады. Кімдер жүрмеді. Азияның барысы атанған Ақсақ Темір де осы жолдың үстінен жортқан. Ұлытаудың үстімен осы “Сауран жолы” арқылы Алаша мен Жошыхандардың мазарына тәуеп етіп тау түбіндегі “Хан ордасының” іргесіне келіп Ақсақ Темір тізе бүкті. Өзінің табаны тиген осынау қасиетті өлкеде бір белгі қалдыруды ойлаған ақсақ Темір Заңғар таудың етегіне сыймай жатқан екі жүз мың қолдың бір шеті мен бір шетін тұтастыра Алтын шоқыға ат шалдыруға Әмір етті. Сөйтіп Ақсақ Темір 1391 жылы Алтын ордаға (Дешті қыпшақ) жасаған жорығынан осы жерге бір белгі қалдыруды ойға алды. Ұлытаудың батыс жақ беткейіндегі “Хан ордасы” жазығын қоршап жатқан қалың шоқылардың арасынан ең биігі мен әсемін таңдады. Осыған дейін маңайындағы көп шоқылардан еш айырмашылығы жоқ, қарапайым жай бір шоқы Ақсақ Темірдің табаны тиіп, тасына таңба қалдырғаннан кейін-ақ ел аузында “Алтын шоқы” атанып кетті.

“Алтын шоқы” Азия барысының бірауыз сөзін болашаққа жеткізуші, тарихтың өзі таңдаған тәңірінің тасы түскен шоқы болды. Кейінгі ұрпаққа көп шоқының ішінен бөлініп осы шоқының “Алтын шоқы” аталуы кейінгі кезге дейін түсініксіздеу болып келгені де рас. Басқа шоқылардан бітім болмысы бөлек, тұлғасы тұтас шоқының басына Ақсақ Темір шатыр тігіп шоқының төбесіне тас оба үйгізген. Шоқы үстінен табылған (бұл тас туралы айтылады) үлкен тас тақтаға: “793 қой жылы (біздің жыл санауымыз бойынша 1391 жылы) Тоқтамыс ханға жорық жасау үшін Темір тоқымақ еліне келді. Осы жерде оба тұрғызды. Адамның бәрі мені ұмытпай аят оқысын...” — деген жазу қалдырған.

Ақсақ Темірдің сол бір ескерткіш белгі жазу жазып қалдырған тасы таудың басқа тастарынан түрі де, түсі де, құрылымы да тіптен өзгеше бөлек. Ол жөнінде халық арасында, ел ішінде мынандай бір әңгіме бар.

Жер жаһанды басып алып, әлемге үстемдік жасауды ойлаған ақсақ Темірдің қай жорыққа аттанса да жолы болып, жеңістің желі ылғида оңынан соғып отырған екен. Ақсақ Темірдің бет алған бағыты қашан да жеңістің жолы болған. Себеп, Темірдің әр ісін алла қолдап отырған. Аруағы асқан ердің де аллаға ниеті түзу, ықыласы бүтін болған дейді.

Тәңірісі қолдаған ердің ойлаған ісі бітпей қалған ба? Сол 1391 жылы Тоқтамысты түре қуып, соңына түскенде ақсақ Темір де атқа аллалап мінген ғой. “Құдай деген күр қалмас” дегендей Ұлытау өңіріне, қасиетті жерге атының тұяғы тиген алғашқы күннің өзінде-ақ ақсақ Темірге Тәңірден аян түскен дейді. Темір түс көрген дегенді айтады. Бәлкім өңі болуы да. Қалай дегенде де, Ақсақ Темірдің таудың қарсы беткейіндегі жазықтағы хан ордасының желке тұсындағы мидай жазық даланың сыртын қоршай тұрған көп шоқылардың ішінен бір шоқыға назары ерекше ауыпты. Сол шоқының басына желдірте шыққан Ақсақ Темір зеңгір көктен жалт-жұлт еткен шұғылалы сәулеге жүзін бұрғанда, жарық аспан әлемінде төртке бөлініп, шашырап түседі. Оның біреуі темір шығып тұрған төбе маңына түскен екен дейді. Осылайша өзіне тәңірінің аян бергенін түсінген Ақсақ Темір ертеңінде қосының бетін тура сол түсінде бәлкім өңінде көрген бағытқа қарай бұрған дейді. Алланың аянын жақсылыққа жорыған Темір келісімен, түп-тура түсінде көргеніндей желдірте шығып атынан секіріп түскен екен де әскер басына: — Осы жерге жарқырай көктің тасы түскен. Соны табындар! — деп бұйрық бермей ме. Сол маңайды аттылы-жаяулысы бар қалың қол сүзіп бергенде шоқының беткейінде жарқырай жарылып түскен жалпақ тас табылады. Түсіндегісі өңінде айна қатесіз келіп тұрғанын көрген Темір сол жерде әлгі тасқа жазу жазу үшін пеш салдырып, тасты қайта балқытып таңба түсіріп, жорық жолының мәнін баяндаған белгілі жазуды қалдырады. Асылы дала шежірешілерінің айтуына қарағанда дәл сол Әмір Темір жарқыраған жасыл жарықты түсінде емес, өңінде тек өзі ғана көрген, себебі алланың аяны басқаларға емес, Темірге берілген. Сондықтан да екі жүз мың қосынның ішінде оның өзінен басқа ешбір жан бұл құбылысты байқай алмаған дейді. Көне көз қариялардың айтуынша сол Әмір Темір шоқының басынан тауып, жазу жазған тасы таудың негізгі тасы емес, Алланың оған жіберген сыйлық тасы, көктен түскен метеорит екен дейді. Алланың өмірімен Ақсақ Темірге белгі берілгенде, Ұлытаудың үстінен жарқырай ұшып түскен жалын төртке бөлінген дегенді де ел ішіндегі ғасыр жасаған қариядан естіп едік.

Метсорит десек те, Алланың аян тасы десек те, жөн білетін, ескіше сауаты бар оқыған ақсақалдын: — Ол аспаннан түскен тастың бір бөлігі ғана. Қалған үш бөлігі де алыста емес. Осы таудың маңайында, төрт босағасында жатыр. Оның біреуі осы, қалғандары қияметке дейін көзге көрінбейді. Ұлытаудың төрт босағасына төрт тастың түсуі елдегі төрт босағаның құты да, — деуші еді. Ұлытаудың төрт бұрышын жайлаған қалың бағаналының бір шетін ұранға шыққан Сандыбайдың Ердені билесе, бірін күм бойындағы Қарабала Кәдір би, таудың сыртын Жылкелді руының қадірменді, көріпкел — сәуегей әулиесі Бабыр би, кіші тау жағын Шалабай Шегір билеген. Осы төртеуі түгел тұрғанда сырттан жау, іштен дау шықпаған. Оның себебін әлгіндегі таудың төрт бұрышына түскен аспан тасының сол төрт босағаға тігізген құтынан деп есептейді. Ал бұған сол кездегі ел ішінің ымыра мен бірлігі, татулығы сендіре түскендей. Төрт босағаны билеген Ерден, Бабыр, Шегір, Кәдір би өз тұсында бірінсіз бірі іс-қимыл, әрекет етпеген. Шабатын жау, тосатын ұры, бұл төртеуінің ауыз бірлігінен сескеніп: “Бағаналының берік босағасы” деп атап кеткен екен дейді. Бағаналының төрт босағасының бірі Жылкелді Бабыр 1789 жылы туып, 1883 жылы дүниеден өтеді. Осы ғұмырының ішінде тоғыз некелі болып, отыз отаулы үл өсірген екен. Тоғызыншы жұбайын 64-ке қараған шағында Мейрам қажының 13-тегі Әлпеш атты қарындасын алып, онымен отыз жыл бірге отасқан.

Алланың шапағат нұрына бөленген Бабырдың болашақты болжай білетін көріпкелдігі болған. Ертеңнен сыздақтатып сыр тартады екен. Ауырып әл үстінде жатқанында Төрт босағаның бірі Шалабай Шегір келіп оның көңілін сұрап: — Осы ғұмырыңызда көңілге түйгеніңіз бар ма? Елдің ертеңі не болады? — деген екен дейді.

Сонда Бабыр: — Жеріміз кең, бай болғанымен, қызығын өзіміз толық көре алмаспыз. Сырттан билеушілер көп болып, елдің еркін өзіне билетпес. Тек, Алланың нұры тиіп, елдің бағын ашатын нұр сипатты бір жан жүз жылдан кейін билікке келер. Содан кейін ғана қазақты жер жүзі танитын болады. Ал оған дейін көп қиыншылық өтер, — деген екен. Сол жолы: — Мәңгілік мекенім Түркістаннан болсын. Осы саған Аманат! — деп Бабыр Шегірге міндет жүктеуі өлшеусіз сыйластықты, қимастықты аңғартады. Ал оның: — Нұр сипатты бір үл туар! — дегені де бүгінгі күнмен астасып жатқандай емес пе?

Сол Бабырды Күм бойындағы Қарабала Кәдір би, Шалабай Шегір бар, оның өзі айтқанындай, ақ жуып, арулап,

Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи зиратының қасына апарып жерлеген екен. Арада қаншама жол жүрген де Бабырдың мүрдесі бүлінбей, сол қайтқан қалпында сақталғаны да Алланың оған деген шапағатының шарапаты деп айтады. Осыған қарағанда Ақсақ Темірге Алла аян берген аспан тасының сол төрт босағаға күні-бүгінге дейін де құт дарытқаны рас болар. Ауыл қарияларының айтқан әңгімелерін бекіте түскендей және бір шындық шынында да Ақсақ Темір жазу қалдырған үлкен тастың бүтін денеден бөлініп қалғандай сырт бейнесі. Темір жазу жазып қалдырған тас шыныменен аспан әлемінен келіп түскен десек, оның қалған үш бөлігі әлі күнге дейін табылған жоқ. Тек сонау Жетіқоңырдың Борсеңгір жақ бетінен қой жайып жүрген бір шопан бітім болмысы өзгеше бөлек бір тасты көрдім деп мәлімдеген. Бірақ оны өзі арнайы экспедициямен барғанда тауып бере алмаған.

Ал Темірдің “Алтын шоқыға” қалдырған тасының жай тас емес екенін, оның жер әлеміндегі белгілерден өзгеше бөлек екенін бүгінгі ғалымдардың өзі де дәлелдеп отыр. Аталған тас бүгінде Ресейдегі, Санкт-Петербургтағы Эрмитажда тұр. Оған ол тасты халқымыздың біртуар ұлы, ғұлама ғалым, академигіміз Қ.И. Сәтбаев тапсырған. Ол жөнінде Ұлытаудың тумасы атбегі, күсбегі, шежіреші, саятшы болған, жер жағдайына жетік өскен Тай Тілегенов ақсақал кезінде: — Ақсақ Темірдің жазу жазып қалдырған тасын жас кезімнен көріп өстім. Тау тасынан тіптен өзгеше. Бөлек тас. Тым жалпақ. Бірақ оған жас кезімізде мән бере қойдық па? Кейін ел орнығып, кеңес орнағаннан кейін осы тас жөнінде көп әңгіме айтылып жүрді. Бірде мені Қанышқа шақырып жатыр деген хабар келді. Барсам Қаныштың қасында бір орыс бар екен. Қаныш менен тасты тауып көрсете аласың ба деп сұрады. Мен білетінімді айттым. Содан екеуі қорапты машинаға мені мінгізіп “Ақсақ Темірдің тасына алып жүр” деді. Сарлықтың сыртындағы көп шоқының шоқтығындай болып тұрған “Алтын шоқыға” оларды алып келдім. Тасты көріп Қаныш та, орыс та мөз болды. Сол жолы машинаға тасты салып алып кетті. Риза болған олар маған сол кездегі ақшамен бір аттың құнын берді, — деп ауызша әңгімелеп айтушы еді. Оны сан естідік

Дүниені дүр сілкіндірген Ақсақ Темірдің жорық ашып, соңына түсіп жүрген Тоқтамысты басқа жақтан емес Ұлытау маңынан іздеуі де тегіннен тегін болмаса керек. Тарихқа қарасақ алтын босағалы Ақ орданың тігілген жері Ұлытау десек, тақ таласы, билік бөлісі қашан да астана төңірегінде

жүреді емес пе? Осы ретпен қарағанда Ақсақ Темірдің Тоқтамысты Ұлытау маңынан іздеуіне таңдануға болмайды. Алтын орданың ыдырауы алдында Едіге мен Тоқтамыс соғысып, Ақсақ Темір атқа мінген шақта қашқаны да, қуғаны да қасиетті тауға келіп, содан пана іздеп, аруаққа сыйынғанын көреміз. Қазақтың: “қашқанның да, қуғанның да сыйынғаны бір құдай” дегені осындайдан айтылған болар. Қашқан Тоқтамыс та, қуған Ақсақ Темір де Ұлытауды бетке алып осы өңірде тоқайласуы табиғаттың тарихқа ұсынған тағы бір сыйы демеске еш лажың жоқ. Адамның емес алланың дегені болады деген рас. Тірлігінде бір төрге сыймаған Тоқтамыс пен Едіге екеуіне төңірім мәңгілік мекенді Ұлытаудың ұшар басынан жазған екен. Жошыдан қалған Алтын Орданың соңғы екі ханы Тоқтамыс пен Едіге бүгінде Ұлытаудың ең бір биігінде қатар жатыр. Басына Едігенің мәйіті қойылғанға дейін ол тау бұрын Баян тауы деп аталып келгенін қариялар айтып кеткен екен. Кейін тау басына Едіге жерленіп, тас күмбез қаланғаннан кейін таудың осы бөлігі батырдың атымен Едіге тауы аталып кетті. Алты қанат Ақ Орданың орнындай жерге үйілген жақпар-жақпар тастардан қаланған бейітті зерттеушілер де, қызықтаушылар да аз болмаған. Содан да болар батыр бейіті бірнеше рет аударылып, төңкерілген сияқты. Тастары алғашқы қалауынан бөлек қалған. Батыр бейітінің дене тасы сан ғасырдың ішінде қаншама аударылып, төңкерілгенін кім білсін. Тек кейінгі кеңестік жүйенің өзінде бұл бейіттің екі рет ашылғанын Едігенің бас сүйегін денесінен бөліп алып оны зерттейміз деген ғалымның алдынан ауыл қариялары атойлап шыққанын да көз көрді. Осылайша әрі-бері ашып-жауып жүрген зираттың қазір негізгі түлғасы шөгіп, тастары шашылып жатыр. Бірақ осының өзінен-ақ тау басындағы мазардың алғашқы кезде адам айтып жеткізе алмайтындай әсем де, айбарлы болғаны дау тудырмайды.

Осыған дейін Едіге жайлы әр жерде, әр түрлі пікірлер де айтылып жүр. Ал, шындығына келгенде айтып жүрген Едігеміз қай Едіге? Ол қайдан шыққан? Едіге дегеніміз тарихта нешеу десек осы тау басындағы Едігеміз тарих сахнасына шыққан Едіге екені даусыз. Кезінде Москваны басып алған Едіге? Алтын Орданы билеген Едіге екеніне еш күмән келтірудің тіптен де негізі жоқ. Тау басында Тоқтамыспен қатар жатуының өзі оның сол деңгейдегі, хандық дәрежедегі Едіге екенін айтпай-ақ дәлелдеп тұрған жоқ па? Бұл бір. Екіншіден, ел ішіндегі айтылып жүрген Едігеге қатысты аңыз-өңгімелердің Шоқан жазбалары мен Қаныш Сәтбаев зерттеулерімен бірдей шығуына не дер едік.

Халық аңызында Едіге Тоқтамыстың жылқышысының Пері қызымен қосылуынан туған ұл дейді. Енді бірде, ол Баба түкті шашты Әзиздің пері қызын алғанынан пайда болған делінеді. Бірақ, екеуінің де негізі баланы қолдаушы, жебеуші бары, оның сүйенер бір күш иесі барына тоқайласып, Тоқтамыспен бала кезінен өштесіп өтуіне тіреледі.

Есіктен сәлем беріп енген жігіттен Тоқтамыс хан селт етіп, қопандай қалады екен. Жігіттен өзінің сескенетінін сезген хан одан құтылудың жолын іздейді. Бірақ, жылқышы жігіт Едіге жолдастарының көмегімен одан аман қалады. Содан бастап Тоқтамыс пен Едіге араздасып, ең соңында бірінің түбіне бірі жетеді, — деген аңызды халық ғасырлардан ғасырға жалғастырып келеді. Ал, «халық айтса, қалт айтпайды» дегенді шығарған біз емес. Ендеше халық сөзі шындық көзі деуге келеді. Халықтың Едігені қолдап, қарапайым жан, “Ел қамын жеген Едіге” — деп іш тартуы да осыдан болса керек. Таудың атын Тоқтамыс ханның атымен емес, Едігенің атымен атауы да осы жағдайларға байланысты екені даусыз. Осыдан барып, халық арасындағы аңызды Шоқан да, Қаныш та басқа да білімді жандар негізге алғаны, шындықтың нақтыланғаны дер едік. Ендеше Ұлытаудың ұшар басындағы жатқан Едігенің тарихта болған, Алтын Орданың соңғы билеушісі деп танығанымыз жөн.

Ұлытаудың ұшар басынан мәңгілік мекен тапқандар аз болмаған-ау. Кімнің көңілі биікті аңсамаған. Бірақ құдай қаламағанды адам атқара ала ма? Едіге мен Тоқтамыс қатар жатқанмен тау Едігенің атымен аталады. Бұл да болса, Алтын Орданың соңғы екі ханның ішінде халыққа Едігенің Тоқтамыстан да бір табан жақындығынан болар. Алланың қалауы да Тоқтамыстан гөрі Едігеге тоқталғаны дейміз бе, қалай десек те жарты әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Едіге мен Тоқтамыстың жалпақ жерден мекен таппай Ұлытаудың ұшар басынан орын тебуі де жайдан-жай деп ешкім айта алмас. Қаншама тауды, қаншама жерді табанына басқан хандардың Ұлытаудың басына құмартуы, оның ішінде айдаһарлы үңгірдің тура төбесіндегі баяғы Зәрдеш шықты деген биікке құмартуы да таудың қасиетіне, алланың бірлігіне көз жеткізгендіктерінен де болар.

Бүгіндегі айтылып жүрген көп аңыздардың ішінде Ақмешіт әулие деп аталып, кейде Асан қайғының бәйбішесі Тана екен делініп жүрген әулиенің де мазары осы Едіге тауының бері жалғасқан биігінде жатыр. Едіге тауы мен Ақмешіт әулие тауының арасында кіші-гірім ұсақ таулар жалғасады. Ал

Ақмешіт әулиенің басына күні-бүгінде дейін ауру-сырқаулы болғандар, перзент көтермегендер, тұрмыс тауқыметіне ұшырағандар ақ ниетімен барып түнеп, тәуеп етеді. Таудың биігіндегі мазар орналасқан жер жайпақ жазықтау келген. Сол жердегі үй орнындай үңгірдің іші кең әрі жайлы, қысы-жазы, қалыпты температурада тұрады. Қыстың аязы, жаздың ыстығы тау басындағы осы үңгірге еш әсер етпейтіндей. Алыс-жақыннан келіп әулиенің басына түнеп қойын сойып, қолын қусырып тәуеп етушілер де аз емес. Ақ ниетімен, шын тілегімен келгендердің ойы орындалып, мақсаты жүзеге асып жатқаны туралы айтылып жүрген әңгімелер де жетеді.

Қасиетін халық танып, хандары құрмет тұтқан таудың ұлтымыз үшін ең маңыздысы қазақ деген елдің тұңғыш өз алдына мемлекет болып қалыптасу жолында туырлық көтеріп ту тіккен алтын бесігі ретінде саналуы дер едік.

Тоқтамыс пен Едіге таққа таласа келіп тау басынан қатар мәңгілік мекен тепті. Хандар өмірден өткенімен қарапайым халықтың тірлігі тоқтаған ба? Киіз туырлықты, қыл құйрықты қастерлеген көшпенділердің тақ билігі Әбілқайырдың қолына көшті. Атадан балаға мирас болып, бұзылмас дәстүр-салтқа енген үрдіс ханды ақ киізге көтеру рәсімі тағы да Ұлытауда, сонау Алашахан алғаш орда тіккен, Жошы табан тіреген “Хан ордасында” өтті. Әбілқайырдың хан тағына отыруы кейінгі билеушілерге осы үрдісті мұра ретінде қалдыруға, ерекше ықпал етсе керек. Әбілқайыр ордасынан өз ұлысын бөліп алып шыққан Керей хан мен Жәнібек хан енді нағыз қазақтың өзінің Ақ ордасын сол хан ордасының үстіне әкеліп тікті. Бқылым заманнан бері өртүрлі атпен аталып, түрлі қосынның ішінде жүрген қазақ деген қарапайым халық тұңғыш рет өз алдына бөлек ел болып, хандығын құрып туын көтерді. Сөйтіп, тарихта қазақтың тұңғаш Ақ ордасы өз алдына шаңырақ көтеріп бөлек еңсе көтерді. Бұл нақты деректерге сол кездегі жылнамашылар мен бертіндегі оқымысты ғалымдардың, тарихшылардың зерттеу жазбаларында нақтыланған. Сонымен қазақ халқының мемлекет ретінде шаңырақ көтерген жылы 1455-1472-ші жылға келеді. Ордасының керегесі керілген жері Ұлытау екеніне және ешкім дау айта алмайды. Бүгінде қазақты дүние жүзі танып-біліп отыр десек елдің ел болуының алғашқы баспалдағының бірінші сатысы осы Ұлытаудан басталғанын да есте ұстағанымыз жөн.

Қазақ халқы үшін қай кезеңдегі болмасын ірілі-ұсақты оқиғалардың бәрі де осы Ұлытауға соқпай, Ұлытауға тірелмей

өтпеген ғой. Небір сұрапыл жылда, небір дауылды күндерімізде де қазакем Ұлытауға арқа сүйеді. Ұлытаудан рух алып, жігерге жігер, күшіне күш, сеніміне серпін алып отырған. Содан бері небір елеулі есте қалар істер өтпеді. Қазақ мемлекеттігінің тұтас тарихы Ұлытаумен, Ұлытаудың өңірімен тығыз байланысты болып келуінің басты себебі де осында жатыр.

Қазақ мемлекетінің тұңғыш туын көтерген Жәнібектің бел баласы Қасымхан да ата-мұраға адалдық танытты. Атасының ақ кигізге оранған орнынан Ақ орданы қозғамады. Осы өңірде жаз жайлап, қыс қыстады. Ханның жайлы мекені, жалпы Алаштың астанасы атанған Ұлытауға Әбілқайырдың ұрпағы Шайбани сойылын сүйретіп келгенде Қасымхан оған қарсы тұрды. Шайбанидың мақсаты атасы Әбілқайыр орда тіккен қасиетті жерді иемдену болса, Қасымхандікі туған жерге жат тұяғын бастырмау еді. Тарихта Шайбанидың қазақ жеріне екі рет келгені айтылады. Соның екіншісінде дәл осы Ұлытаудың түбінде Қасымхан Шайбанидың әскерін тасталқан етіп женеді. Бұл жөнінде тарих жазбаларында: “1510 жылы Қасымхан Ұлытауды қыстап шығып Әбілқайырдың ұрпағы Шайбаниға өлтiре соққы бердi”, — деп жазылған.

Қазақта “Қасым салған қасқа жол” деген сөз жиі айтылады. Байқасақ ұлтымыздың бірлігі мен тірлігіне қатысты тұрмыстық, әлеуметтік мәселелерді түгел қамтитын, ішкі-сыртқы жағдайды реттейтін, жөн-жоба, нұсқаны Қасымхан осы Ұлытаудың етегіндегі Ақ ордада отырып, белгілесе керек. Демек, қазақ ел болып, ұлт болып, мемлекет болып ірге көтергендегі алғашқы заңды — негіздік, құжаттық мәселенің негізі де осы Ұлытауда қаланғанын көреміз. Ал сол Қасым салған қасқа жолымыз күні бүгінге дейін қазақ арасында қалыптасып, айтылып, қолданылып келе жатқанын білеміз. Білмейтініміз кешегі кеңестік жүйеде “Қазақ бұрын ел болмаған, мемлекет болмаған, заңы жоқ, бетімен көшіп-қонып жүре берген” деген желеу сөзге құлақ түргендер ғана. Ал өз халқының өткені мен бүгінін зерделеген жан одан хабардар. Кезінде хандар жайлы сөз айтқан адамды ортадан аластататын да қоғам болды емес пе? Содан қаймығып “Қасым салған қасқа жол” дегеннің байыбына бара бермегендерді кінәлауға да болмас. Ал аңғарып барлағанға Қасым ханның ел басқару, мемлекет билеу тірлігі, халық бірлігіне қатысты қалыптастырған қағидасы, ұлтымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін, еркіндігін ерекше ескергенін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Ұлытауда хандар ақ киізге орану рәсімін сонау Жошының өзінен кейін, оның баласы Батудан соң болған барша қазақ хандары дәстүрге айналдырды дедік. Бұл рәсім қазақтың соңғы ханы Кенесарыға дейінгі арадағы (Батудан бастағанда) алты жүз жылдың ішінде қалтқысыз қалыптасып келіпті.

Ел басына күн туған сонау бір қысылшаң шақта Арқа төсіндегі қасиетті Ұлытауға қазақтың игі жақсылары тағы да бас қосуға мәжбүр болды. Қазақ жеріне дендей енген Жоңғар басқыншылары Сырдың бойын да, Алатаудың ойын да, Батыс пен Шығысты да түгелдей басып алды. Ат тұяғы жетер жерден тек қасиет тұнған Ұлытауға ғана жау қосыны жетпеді.

Ұлытаудың бойындағы Терісаққан өзенінің жағасына 1723 жылы қаз дауысты Қазыбек қоныс аударған болатын. Жаудың өрті қазақ елін түгел тыйпыл етер түрінен қауіп туды. Осыны ескерген Қазыбек би үш жүзге сәлем жолдап, Қасиетті Ұлытаудың түбінде бас қосуға шақырды.

Сол, 1723 жылы Арғанаты бойындағы Балбұлақтың басында Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би ел жайлы кеңінен кеңесті. Сонау Алатаудан Төле би Желмаямен жетеді. Үш би Ақ Ордада үш күн кеңесіп, қазақ қосынын жасақтауды Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайға жүктейді. Әзірге жаудан аман Бағаналы елі сол жолы І мың қол жасақтайды. Ол қолды Сарғалдақ руының Төңірберлі бұтағынан тарайтын шұбар тулы Жаулыбай батыр басқарады. Жалпы әскердің басшылығы Қанжығалы Бөгенбайға беріледі. Жауға қарсы күрестің жоспарлы жобасы белгіленеді.

Елдің бөтуға, бірлік, берекесіне арнап ақ боз құрбандыққа шалынып, Балбұлақтың басында анттық су ішеді.

Ұлытаудың басына үш жүздің биі мен бегін, батыры мен ақынының басы қосылды. Сонау Шыңғысханнан қалған дәстүр мен кешегі жүз рулы елдің ұрпағы — қазақтың үш жүздің басшылары Ұлытауда таңбалы тасқа бірлік пен береке, бөтуаның белгісі ретінде өз руларының таңба, бедерін салды. Қуанышы мен қайғысында басын бір қосатын қазақтың бөтуға бірлігінің ұйтқысының куәсіндей болып таңбалы тас содан бері ғасырдан ғасырға, ел шежіресінен сыр шертіп тұр. Ел бірігіп, ханын сайлап, іргесі бекінгеннен кейін келер 1728 жылы Ұлытаудың оңтүстік батыс беткейіндегі Бұланты өзенінің бойында қалмақтарға тұңғыш рет ойсырата соққы береді. Бұл жорыққа қазақ елі қатты дайындалған еді. Қазақ қолын басқарған Қанжыға-

лы Бөгенбай, Каракерей Қабанбайлар ертедегі сонау сақ заманынан қалған қыш пештерге жан бітіріп, таудың етегінде тас балқытып, темір қортып, қару-жарақ соқтырады. Әр жауынгердің бойында ер қаруы бес қару сақадай сай болады. Ұйымшылдық пен бірлік жеңіске жол ашады. Содан қалған белгідей Білеутінің бойындағы бір биік “Айрантөгілген” күні бүгінге дейін “Қалмақ қырылған” деп аталады.

Қазақ тарихындағы ең бір елеулі де дара тұлғанның бірі де бірегейі Абылайдың хан болуы еді. Абылайдың хан тағына отыру рәсімі де сол бабалар дәстүрімен Ұлытаудың етегіндегі “Хан ордасында” өткен. Абылайды ақ киізге көтеріп, үш жүздің ханы деп таныған кез қазақтың басына қара бұлт үйіріліп тұрған, жоңғар шапқыншылығының бел алған кезімен тұстас келеді. Ел тарыдай шашылып, тұрымтай тұсына тап болған кезде қазақ жан-жақтан, аттылы жаяу, Ұлытауға ағылды. Жалпы осы жоңғар шапқыншылығынан қалған белгі-бедерлер Ұлытау төңірегінде жетерлік. Таудың қай тұсында болмасын сол шапқыншылықтан қалған тарихи ескерткіштер, белгілер мен орындар көзге бірден түседі. Әр шоқының басында, майдан өткен жазықта сансыз обалар, қолдан үйілген тас төбелер қанды қырғынның қалай өткенінен хабардар етіп тұрғандай.

Халықтың тұтасқан құрыштай бірлігі жаппай ерлікке ұласты. Басқыншы жауды қазақ даласынан түгел қуып шығып, жерді, елді азаттау ісінің басы да міне сөйтіп осы Ұлытаудан басталған. Нақтырақ айтсақ қазақ ұлтының ел болып, мемлекет іргесін ұстап қалуы сол жолғы үш жүздің баласының бірлескен қимылының жемісі десек, бөтуаның түп қазығы тағы да Ұлытауға тірелгенін айтпай өту мүмкін емес. Ұлы істің жүзеге асуына ұлы жердің шапағаты мен шарапатының да ықпалы болды. Тау түбінде бірлік, береке, тірлік үшін мінсіз ақбозды құдайыға шалып, жаратқанға жалбырынған жақсы жайсаңдардың сол жолғы тілегі қабыл болыпты. Іргеден түріп, төрге озған жоңғар шапқыншыларына біржола тойтарыс беріп қана қойған жоқ, қазақ ерлері туған жерін басқыншылардан толық азат етті. Бір сөзбен айтқанда, бұл соғыс қазақ халқының Ұлы Отан соғысы — басқыншыларға қарсы күресі деуге болады. Ал, Отан үшін атқа мінген ерлердің күресі ұлы да ірі ұмтылмас жеңіспен аяқталды. Ұлытаудың етегіндегі Бұланты бойында басталған жеңіс тойы Аңырақайға жалғасты. Сөйтіп, Ұлытау жеңісті жолдың да бастауында тұрды.

Ақбозын шалып, аруағына сыйынған қазақтың игі жақсылары Ұлытаудың етегінде қайыра бас қосып, жеңістің тойын тойлады. Сол жылдардан қалған белгі, ескерткіш Ұлытаудың әр шоқысынан, әр тасынан табылады. Бұл жерде үш жүздің баласының бірлігі мен бәтуасын бізге жеткізген таңбалы таста елдің ертеңіне деген үміт пен сенімнің, арманы мен асыл ойлары жатыр. Үш жүздің ұлы билері Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке бидің елдің болашағын болжап, келешегіне көз жіберген биігі әлі күнге дейін өз мәнін төмендеткен жоқ, Ұлытаудың етегіндегі билер төбесі деген атпен тарихтан сыр шертіп тұр.

Дала қарияларының ауызша шежірелерінде айтылып жүрген үш жүздің биінің Абылайдың орысқа аттансам деген ойына жауап қайтарған, жұмбақтасқан жері — Терісаққан бойындағы “Би төбе”. Осы төбенің басында етектегі толқынды көлге көз салып отырған үш бидің бірі: “Алар ма еді мына көлдің қазын атып” — дегенде, екіншісі: “Қаз атам деп жүрмейік жазым атып — деп Абылайдың орыспен соғысу жайлы ойына келіспейтіндігін білдіріп, тоқтам берген екен.

Абылай ханның ақ шатыры құрылған “Хан ордасына” кейін оның немересі, қазақтың ең соңғы ханы Кенесары да өз ордасын әкеліп тіккені тарихтан белгілі. Кенесарының Ұлытауға келіп “Хан ордасына” шатырын тіккені жөнінде тарихи мәліметтер аса көп. Соның ішіндегі Кенесары мен Ұлытауға қатыстыларын саралай алсақ, Кенесары өз әкесі Қасым ханның орыс отарлаушыларына қарсы күресіне бала жасынан қатысушы болып өскенін Патшаның жазалаушы отряды басқарған титулды кеңесші Менькович дайындаған әскери жоспардың мазмұны мынандай еді: “Қасым сұлтанның отбасы қоқан хандығының иелігінен кетуге мәжбүр болып, Сібір генерал-губернаторына қарасты Ұлытау деген жерге қоныс аударды”. Патша жеңдеттерінің тыныштық бермеуі Кенесарының бала жүрегіне жасынан шемен болып қатып, кек болып қалыптасқаны аян. Оның сыртында отарлау саясатының белең алуы қазақ жерін орыстандырудың басы еді. Орыстардың баса көктей орналасуы тәуелсіздікке ұмтылған елдің тынысын тарылта түсті. Міне, осылайша елі мен жерінің тұтастығын көздеген Кенені халқы да қолдаған. Кенесарының қосынына үш жүздің “сен түр мен атайын” деген батырлары түел қосылды. Негізінен орта жүздің сарбаздарынан құралған қолға кейіннен

ұлы жүз бен кіші жүздің жау жүрек батырлары бірікті. Осы бір қолайлы сәтте ата-баба салтымен үш жүздің аузы дуалы билері, жүрегі түкті батырлары басын қосып үлкен әкесі Абылай, өз әкесі Қасым салған ізбен Ұлытауда 1841 жылы Кенесары да ақ кигізге көтеріліп, хан сайланды.

Кенесарының жорық жолдарына зер салғанда, оның әскери күшінің шоғарланып, жасақталған, алғашқы ұрысқа араласқан жері де Ұлытау болғанын көреміз. Оған Ұлытаудағы “Кенесары қорғаны” деп аталатын жер дәлел бола алғандай. Бір айтары, осы айтылып отырған “Кенесары қорғаны” да таудың Қызыл тау деп аталатын бір шыңының шетімен шектесуі еді. Қараған адам Кенесарының қорғанды осы беттен таңдауына таңдануы да мүмкін. Байқасақ бұл қорған “Хан ордасы” мен “Айдаһарлы үңгірдің” екі арасын алып жатыр. Бұған қарағанда Кенесарының қорғанды осы беттен таңдауы таудың қасиетіне бас ұрғандық екенін, әрі таудың қарсы беткейінен әскери тактикалық маңызы бар орынды аңғарғанын, соғыс өнеріне қанықтығын көрсетеді. Ұлытау өңірінде “Кенесарының қорғаны” бірнеше жерде кездеседі. Оның біреуі осы бетіндегіні айтқанымыз болса, енді бірі Жезқазған қаласынан Ұлытауға барар жолдағы Басқамыр тарихи мавзолейінің қарсысындағы жолдың оң жақ қыраттарының ішінде жатыр.

Кенесарының осы Талдысай, Басқамыр, Аяққамыр бойынан қорған салуы да кездейсоқтық емес. Қазақстан Ғылым академиясының Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының Орталық Қазақстан Археологиялық экспедициясы Талдысайдағы ескі қоныстың орнын соңғы жылдары зерттеуде. Әзірге ұзындығы 120 метр, ені 4 метр жер зерттелді. Алғашқы анықталып отырғаны мұнда мекендеген тайпалар б. э. д. 2000 жылдықтың орта кезеңінде келгені дәлелденіп отыр. Бұл дәуір қола кезеңіне, немесе ғылым тілінде айтқанда Андрон мәдениеті деп те аталады. Қола дәуірінің ескерткіш белгілері жетерлік. Мұндағы тұрғындар сол кездің өзінде-ақ мал бағып, металл балқытқан. Олардың тіршілік тұрмысынан хабардар ететін басқа да мәліметтер көп. Қоныс орнынан қазіргі төрт түлік малдың барлық түрінің, аннан — құлан, киік, арқар, түлкі, қоян сүйектері табылған. Жер қазуға ыңғайлы ағаш сапқа байлау үшін екі шетін ойған тас кетпендер, жаурыннан жасалған қалақтар және үккіштер де кездеседі. Жіп иіретін ұршықтардың бастары, тері өңдейтін құралдар да

сол кездің тұрмыс жағдайларынан толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Мыс рудаларын қорытқан пештері сол дәуірдегі тайпалардың металлургия ісін меңгергенінен хабардар етеді. Бірақ Талдысайдағы қоныс орнын зерттеу әлі толық аяқталған жоқ. Сондықтан ол туралы нақтылы бір тұжырым жасауға ертеректеу. Дегенмен, Ұлытауда көне тарихтардың әлі де беймәлім беттері көп. Кенесарының осы Талдысай бойынан қорған соғуының бір сыры осы зерттеулер үстінде белгілі болып қалар ма деген болжам бар. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының қалай десек те Талдысай түбінен қорған салуы әзірге белгісіз және бір сырдың ұшығын аңғартады. Ал Кенесарының Терісаққан бойындағы елді мекен орындарындағы қорғандары да өз алдына бір бөлек әңгіме. Терісаққан бойында Кенесарының Күнімжанды алып, отау тіккені Терісаққанның кең жазығында бір жаз той тойлағаны тарих жазбаларында қалған.

Қазақтың соңғы ханы Кенесарының қазасынан кейін, 1846 жылы қазақ даласының дәл орта кіндігіне, кең даланы қақ жарып өтетін Есіл мен Сырдың арасын қосқан Атбасар жолының бойында, Ұлытаудың дәл түбінен қазақ-орыстардың шағын станицасы бой көтерді. Қазақ жерін отарлаудың кең бағдарламасын ойлаған орыс империясының жымысқы саясаты сөйтіп қазақтың тұңғыш астанасы. Ұлытауды алып, оған өзінің қара шекпендерін қоныстандырды.

Патша бұйрығымен Ұлытау бекінісінің салуы мен Ұлытаудан іргесі қаланған уақытты шатыстырып жүргендер де бар. Бұл жерде бекіністен бұрын да Ұлытауда қала орнап, ел отырғаны, оның 3 мың жылдық тарихы барын, ол қазақ тарихы екенін жалаң саясат қуғандар қайдан білсін. Қазақ халқының өткеніне қатысты тарихының бары үлкен-үлкен екі империяның сол өздері өмір сүрген орталарына өздері жүргізген саясаттарына орай қызмет еткен тарихты ғана өздерінің мұражайлары мен мұрағаттарында сақталып келеді. Бұл қазақ тарихына бауыры елжіреп жаны ашығандықтан емес, керісінше тарихын іздегендер болса ұлы империяның саясатын білсін, ұлы халықтың тілін мәңгілік өздеріне қабылдап, саналарында сақтасын дегенді аңғартады. Құзырындағы құжаттары арқылы өздерінің жүргізген билеушілік беделін көтере түскісі келетінін де аңғармай қала алмайсыз. Әйтсе де сол заманда сол

кезеңде өмір сүрген бабаларымыз да өз ойлары, толғаныстары мен пікірлері, тұжырымдары мен болжамдары болғанына Ал сол империялардың мұрағаттары мен мұражайларындағы құжаттарымен танысқанда көңілге бірден келетін алғашқы – билеушілердің өздерінің қарауындағы елді, нақтылап айтсақ қазақтарды бір-біріне айдап салып, бірінің жеріне бірін қоныстандырып, біріне бірін алауыз, алакөз жасау арқылы өзара қырқыстырып, ел ішін дүрбелең мен дүбірге толтырып, оларға ертеңін ойлауға мұрша бермей, ағайынды екі қазақты бір-біріне қарсы қою арқылы бодандық қамытын қыса түсіп, қамшыны оңды-солды сілтегені сезіледі. Ал ондай құжаттар Ресей мұрағаттарында, оның ішінде кешегі Сібір қазақтарының орталығы болған Омбы қаласындағы мемлекеттік мұрағатта да жеткілікті. Онда жалпы қазақ тарихымен бірге Ұлытау аймағына қатысты да мәліметтер жетерлік. Солардың ішінде мына бір құжат кімді болса да өзіне бірден баурап алғандай. Бұл құжаттың атының өзі ө дегеннен назар аудартады. Қалың-қалың үш томнан тұратын бұл құжаттың сыртында “О принятий мер к без отлагательному удалению Киргиз Баганалинских волостей с Оренбургских степей” — деп ашық айқын жазылған. Осы біріне бірі жалғасып жатқан үш томда Ұлытау өңіріндегі қазақтардың 1852-1869 жылдар арасындағы тыныс-тіршілігі мен өміріне қатысты көптеген мағлұматтар бар. Ең бастысы сол, аталған құжаттың аты айтып тұрғанындай Ресей патшалығының қазақ даласындағы жүргізген саясаты айқын көрінетіні.

Қазақ даласында үстемдік билігін жүргізудің ең тамаша жүйесін жасаған Романовтар империясы ұлан даладағы қазақтардың жаз жайлауы мен қыс қыстауына дейін өздері белгілеп, өздері бөліп беріп отырған. Кешегі Есілдің бойын ен жайлаған еншісі ажырамаған қазақтар саясаттың салдарынан бірінің ізін бірі бағып қалатын жағдайға келген. Малының өрісі, тарылып, көші-қоны қиындап, тірлігіне тұсау, тынысына түмша қойылғандай. Еркіндіктен айырылып, бодандықтың қамытын еріксіз мойындай түскендей. Сөйте тұра патша ағзамның кеңшілік беруінен үміттерін де үзбейді. Оған аталған құжаттардың ішіндегі жазылған хаттар мен мәліметтер дәлел бола алады. Бұл ретте алдымен Ұлытау өңіріндегі елдің билері мен болыстарының Сібір генерал-губернаторының атына жазған мына хаты назар аудартады. Бұл құжаттың көшірмесін қолымызға ұстай отырып, ондағы мәліметтерді қаз қалпында оқырмандарға ұсынамыз.

“Господину Военному Губернатору
области Сибирских Киргизов
Управителей Баганалинских властей

ПРОШЕНИЕ

По распоряжению Вашего Превосходительство во минувшие лето были командированы заседатель Петровъ и прапорщик Везовский для определения мѣстов при преходи насъ подведомственными намъ киргизами зимных на летня стойбища побратно, которья опредѣлили намъ места весьма стеснительны такъ что по онымъ нетолько могли пройти весь четыре волосты но съ трудомъ можетъ пройти одна волость — старшии Султантъ Акмолинского округа Джайыкбаев во все нисколько от киргизов Акмолинского округа Неудковикъ и указанъ только места которыми мы и преди, ползовалис а чтобы за переходъ нас его Оренбургски мѣстамъ неподвергнуть себя ответственности мы имеемъ честь довести досведения Вашего Превосходительства покорнейшие просимъ Вашего распоряжения а удалении намъ мѣсть от Акмолинского киргизов в волостями с ильтняхъ на зимляя стойбищи”

Байұлы САНДЫБАЕВ
Бабыр БӨКЕНШИН
Айранбай ҚҰЛШЫҚОВ
Уаис БАЙЖАНОВ

Его пршение писал 2-го Казачего полка
6-ой сотный приказный Ставский 15 октябрь 1857 г”.

Төрт болыс бағаналының билеушілері өздерінің бармақ іздері мен мөрлерін басып, бұл құжатты бекітеді. Әрине, осы құжаттың өзінде айтылып өтілгендей патша ағзам қазақ жерін өз қалауынша бөліп, кімнің қайда қыстап, жайлайтынын енді қазақтардың өздері емес билік басындағы патша чиновниктері шешіп отырғанын дәлелдей түседі. Біздің бұл сөзімізді осындағы және бір құжат бекіте түскендей.

“Начальнику штаба отдельного Сибирского корпуса
господину Генерал лейтенанту и кавалеру
Яковлеву за исправляющего должность
военного губернатора областей Сибирских Киргизов
товарища военного губернатора полковника Гутковского

РАПОРТ

Мною честь представить при семь Вашему превосходительству копии с инструкции данной мною командующему Ультауским отрядом Есаулу Ряпосову касательно командированная Казачего отряда на местах зимних кочевок Багана-линских властей”.

(1207-қор, 1-тізім, 162-бет). (Омбы мемлекеттік мұрағаты).

Демек, қазақтардың көшіп-қонуы, қыстауына дейін патша үкіметінің назарынан тыс қалмады дегеніміз нақтылана түседі. Әрине, еркін көшіп ең жайлап жүрген бағаналылар (құжат-тарда осылай — Бағаналылар деп айтылғаннан кейін солай жазамыз) жан-жағынан бекіністер салынып, өрісі тарылғаннан кейін бұрынғы барып-келіп, көшіп жүрген жолдарындағы тосқауылды кейде бұзып жарып өтулеріне тура келген. Бұрын ай-шай жоқ, ерте барғаны еркін жайлап жүрген жайлаулар меншікті жері болып қалыптаса бастаған. Сөйтіп, тату жатқан рулас елдер патша нұсқауымен “мына жер менікі, мына жер сенікі” деген ұғымды санаға сіңіріп, содан соң еншісі айырылмаған қазақ бір-біріне алакөздене бастады. Оның соны барымта-қарымталарға ұласты. Бұл шындап келгенде патшаның сол кездегі саясатына дөп келді. Ел іші алауыз болса екі қазақтың барып жүгінетін жері патша болмағанда кім болушы еді. Оны да осы жаңағы аталған құжаттан көруге болады.

Жоғарыдағы аты аталынған үш томдықтың ішіндегі мына бір құжатқа назар аударайық.

“Господину генерал губернатору западной Сибири С р-порта управляющее киргизами Чумекеевских рода воинского старшини Ермұхамеда (Илекея) Касымова даносит мне что хищники Сибирского ведомство подчинении Біямі Средний Орды Баганалинцы отделение Ирдену Сандыбаеву, Баберу, Кусдангельдию и Вайсу в числе 70 или 80 человек прибыв 21 минувшего сентября на нашем у степь разделились на три чайки, ищъ койкъ одна сделала нападения в Каракумах на стороны урочищи Джубан-Туби на аулы Шумекеевско рода”

(Омбы мемлекеттік мұрағаты 3-қор, 3-тіркеу, 3542-іс).

Бұл құжат 1853 жылы 1 желтоқсанда жазылған екен. Сөзіміздің басында айтып өткеніміздей, үш томдық қалың құжаттың басы да Бағаналылықтар мен Орынбор қазақтары-

ның осы сынды бір-бірінің үстінен жазған арыз хаттарымен басталады. Бұл, әрине, тағы да қайталап айтуға тура келеді қатар жатқан ынтымағы бір екі елді таластырып қойған патша саясатының жемісі. Бірінің жерін біріне бөліп беріп, бірін біріне айдап салу деген осы болады. Сөз ретіне қарай айта кететін және бір мәселе, бағаналылар өздерінің бұрынғы жаз жайлауын не қыстауын сақтап қалғысы келген. Себеб жанның тірлігі малға байланысты. “Мал ашуы – жан ашуы” деген қазақ бар тірлігін малға байланыстырғаны анық. Ал мал басы сол кездегі есептің өзінде бағаналылықтарда аз болмаған. Тек 1865 жылғы жүргізілген санақта бағаналыларда 28,102 жылқы, 129,072 қой тізімге алынған. Бірақ, бұл сан нақты деп айтуға келмейді. Оны сол кезде далада санақ жүргізген патша чиновниктерінің өздері де мойындайды. Ол үшін тағы да, қолдағы мына бір құжатқа назар аударма кетсек артық болмас.

“Что по последнему исчислению приходится по 60 голов скота на каждую кивитку по в этого число невключены верблюды, которые у Баганалинцев очень много. И к тому же известно Киргизи вообще скрывают при числении значительное количество скота: а потому принимая все это в соображение, можно без ошибочно сказать, что у Баганалинцев приходится не меньше 100 голов скота на каждую кивитку, — такое благосостояние каким не могут похвалиться другие Ординцы. И это служить не оспоримым свидетельством приволья и удобств по земельному довольствию Баганалинцев”.

(Омбы мемлекеттік мұрағаты 3-қор. 3-тіркеу, 3542-іс. 396-бет).

Бұл құжатқа Бағаналы болыстарында болып санақ жүргізіп қайтқан поручик Языянов қол қойған. Осыған қарағанда, санақ жүргізушілердің өздері де бағаналылықтардың қолындағы мал санын тек жобалап қана, мөлшермен алғандай. Ал мал санын бүгіп қалған қазақ, салықтың басқа түрлерін ескере отырып, түгін санын толық берді деп айта алмаймыз. Оған жоғарыдағы келтірілген құжат негіз береді.

Кең даладағы келісті көшінен жаңылысқан қазақтар бір орынды шиырлай айналып, шимайлай беруді жақсылыққа санамаған. Содан да барып малдың ауаныменен суы мол шүйгінді жерге жылма-жыл қоныс аударып келген. Бұл барлық қазаққа тән, ортақ түсінік екені даусыз. Рас, шүйгінді, шұрайлы жерге қайсысы бұрын барса, сонысы қонып, кейінгісі

өзіне тиесілі тағы бір таңдаулы жерге табан тірей берген. Бұл сан ғасырдан бері өмірдің өзі қазақ даласында қалыптастырған қағидасы. Рас, ел ішінде бірен-саран дау-дамай, тартыс болмай тұрмаған. Бірақ, оның қай-қайсысы болса да ел басқарған билердің бір ауыз бітімінен аспаған. Ал орыс патшасының боданына кіргеннен кейін заң мен зәкүнге қарап дала тірлігі шенеуніктердің бағамынан шыға алмаған. Анықтап айтсақ, шығармаған. Осы тарихты қозғаған қалың 3 томдықтың ішінде оны дәлелдейтін мәліметтер аз емес. Ағайын ішіндегі дау-дамай енді орыс заңымен шешілетін деңгейге жеткен. Даладағы тірлікті орыс кеңсесінде қабылданған заңменен бақылау жолға қойылған. Содан да барып ө дегенде бітісетін болмашы дау патша саясатының негізінде ушыға берген, ушыға берген. Ел ішіндегі билердің бөтуаға келуіне орыс заңы мүмкіндік те бермеген. Және бір ғажабы өз заңдарымен нақты шешіп те тастамаған. Қай жеңгенің менікі дегені көрініп-ақ түр. Далалықтары бірімен бірі алысып жатса, патшаға жаман болмаған сияқты. Саясатына дәл келген жолдан патша шенеуніктері шыға алмаған. Өзгені де шығармаған. Бірақ, әр нәрсенің де шегі бар. Бодандық саясаттың даладағы екі тайпа елді шаршатқанын ел басқарған билер мен болыстар сезбей қалған жоқ. Содан да барып 16 жылға созылған жер дауының нүктесін Батыс Сібір мен Орынбор губернияларына қарайтын қазақтардың би болыстарының біріккен мәжілісінде қарауға тура келген. Былайша айтқанда қазақтардың өздерінің ежелгі ата баба салтымен бітім жолын таңдауына мүмкіндік берілді. Сөйтіп билер мен болыстардың бас қосқан мәжілісі жер дауының соңғы нүктесін қойды. Бұған бағаналы жағынан 23 би-болыс өздерінің бармақ іздері мен мөрін басып бақан таңбаларын түсірген. (Омбы мемлекеттік мұрағаты 3-қор, 3-тіркеу, 3542-іс. 432-бет). Бұл құжаттың көшірмесі біздің қолда да бар. Оны жариялап отырмыз.

Сөйтіп, бабалардың қолтаңбасы түсірілген құжатта елдің бірлігі мен жердің тұтастығы тағы да нақтыланған. Осы құжаттарды қарап, таныса отырып, бабаларымыздың өмір сүрген ортасының қаншалықты күрделі, қаншалықты ауыр болғанын аңғаруға болады. Бабалардың патша заңынан да өздерінің бір ауыз сөздерінің бір-біріне өтімді де сенімді болғанына тағы бір рет көз жете түседі. “Сөзім өлгенше өзім өлейін” дейтін қазақтың бір ауыз сөзбен бітімге келіп, бөтуаға тоқтағаны кемеңгерлік емей немене? Әрине, қалың-қалың

үш томға жүк боп тұрған сол кездегі жағдайлардың бәрін бірдей айтып беру мүмкін емес. Ол өз алдына жеке бір кітап деңгейінде жүк көтеретін дүние. Неге десеніз онда сол кездегі өмір, бітім болмыс жатыр. Ал, одан шындықты аршып алып халықтың өзіне қайтару басты міндеттердің бірі екендігі және анық. Шындығына келгенде, ондағы құжаттардың бәрін тарихи шындығымыздың бастауы деп қарауымызға да болмас. Себебі, сол кездегі өмірді көрсететін, хатқа түспесе де, атадан балаға айтылып келген ауылдағы әңгіме аңыздар да жеткілікті. Ауызша айтылғанды негізге алмай, тек қағаздағыларды ғана шындық деп келуіміз тарихқа тура қарағандық емес. Неге десеніз қазақ өзінің төл таңба жазуымен (жазуы бола тұра) өткенін жаза алмады, нақтылап айтсақ, жаздырмады. Қатынас қағаздың бөрі орыс әріпінде жазылды. Бұл дегеніңіз кейбір шындықтың өзі солай бұрмаланып отырылды, солай толтырылды деуге негіз береді. Әйтсе де, мұрағаттарда сақталған құжаттарды, сол кездегі дала өмірімен салыстыра білу де қажет. Ал, дала төсінде патшалы Россияның бодандық билігі күн санап нығая бергені, оның соңы кешегі кеңестік дәуірге келіп жалғасқанын көреміз.

Дала төсіндегі билікті уысынан шығармау үшін, әрине, бұлтартпайтын заңмен бірге оны орындатып отыратын тегеурінді күш керек еді. Осыдан да болар, Есілдің бойында бекеттер мен бекіністер бірінен соң бірі салына бастаған. Бұл патша билігінің бірте-бірте сатылап, нығая бастағанын да көрсетеді. Патшаның көзі мен құлағы болып саналған бекіністер мен бекеттерде қарулы әскер, күшті күзеттер қойылды. Соның бірі Жезқазған — Ұлытау төсінде де орнады. Жезқазғанның сыртында Қаражар бекеті, ал Ұлытаудың басында станица.

Сөз орайы келгенде айта кетуге тура келеді, бекіністер мен бекеттер елсіз-күңсіз, иесіз жатқан далаға салынған жоқ. Олай десек тағы да сол өз тарихымызды шолақ қайырғанымыз болып табылады. Ұлытау бекінісінің өзі тұлдырсыз жерге түспеген. Ол туралы: “Кезінде мұнда көз тартатын көрікті әсем қала болған” — деп белгілі академик ғалымымыз Ә. Марғұлан өзінің Ұлытауды зерттеуінде кеңінен атап көрсетіп кеткен. Ол құжаттар да бар. Бекініс орнағанға дейін Ұлытаудың бүгінгі іргесі тұрған жерде бірнеше елді мекен ата-баба қыстауы болғанын көнекөз қариялар құлаққа құйып кетті. Бір тайпа елдің ту тігіп, тұмар байлап, қыс қыстап, жаз жайлаған құнарлы өңіріне сау етіп келіп, орныға бастаған

патша әскерін жергілікті халық қуана қарсы алмағаны басы ашық, өз алдына бөлек бір әңгімеге өзек болғандай. Шынында да, ол өзі бір бөлек тақырып десек те, даладағы халықты айтқанына көндіріп, айдауына жүргізуді басты мақсат еткен патша өкіметінің Ұлытаудың басына әскер әкелуі, оның соңында үлкен салмақ жатқанын сездіргендей. Олай дейтіміз алғашқы станица деп Ұлытауға ат қойса, кейіннен Ұлытаудың басынан округтің орталығын ашып, үстемдігін бұрынғыдан да шегелеп, бекемдей тастағысы келгені көрінеді. Оған тағы да сол қолымыздағы құжаттар куәлік бере алғандай. Мұрағатта сары майдай сақталған қалың құжатта былай делінген:

“Главное управление Западной Сибири”

“Об открытии внешнего окружного приказа в станице Улытауской”

(Омбы мемлекеттік мұрағаты, 3-қор, 2-тіркеу, 3134-іс).

Осы құжат бойынша 1852 жылғы 25 қарашада Ұлытау станицасынан округтік приказдың орталығын ашу туралы мәлімет берілген. Алдымен округтік приказдың орнығатын орны, онда қызмет ететіндердің штат кестесі, бәрі-бәрі алдынала белгіленіп жобаланған. Округке қарайтын елді мекендердің тізімі де жасалып, олардың шекаралары да айқындалған. Бір таңқаларлығы, сол кешегі өзіміз көзіміз көрген кеңестік жүйедегі қызмет бөлудің, штат белгілеудің, ақы төлеудің түбі де сол патшалық жүйемен жалғасып жатқандығында. Бұл сөзімізге таңданбаңыз. Дәлел үшін осы құжаттағы бірер деректі алға тарта кетейік.

Мәселен, Ұлытау округтік приказының штат кестесі мынандай:

Құжатта назар аудартатын басты бір мәселе аға сұлтанның екі-екіден төрт орынбасарының болуы. Оның екеуі орыс, екеуі қазақ. Бұл кешегі кеңестік жүйедегі партия хатшысы орыс болса, атқару комитетінің төрағасы қазақ, немесе керісінше хатшы қазақ болса, төрағасы орыс болатын жүйенің түп төркінін нұсқап жатқандай. Енді осы құжаттарға зер сала қарасақ, аға сұлтанның орыс орынбасарының әрқайсысы 285 сом 92 тиыннан айлық алатын болған. Лауазым дәрежесі бірдей қазақ орынбасарының әрқайсысына 57 сом 18 тиыннан айлық тағайындалған. Бұл да теңсіздікті көрсетіп ұрып тұр.

Құрамына 8 болысты қаратып, оның сыртында Ақмола, Көкшетау округінен де болыстардың қосылуын көздеген, үлкен

округтің орталығы болып ашылғалы тұрған Ұлытау округі артынша ашылмай қалған. Бұл алдында айтып өткеніміздей, Ұлытау станицасын тұрғылықты халық қабылдамады, құшақ жая қарсы алмады дегенімізді тірілте түскендей. Оның бер жағында Арқа төсіндегі Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі елді басқару үшін орыс шекарасына жақын жерлерден орталық ашудың тиімділігін патша үкіметі сезген сыңайлы. Осыдан барып ашқалы тұрған округті жауып, орталықтан қашықта жатқан, Ұлытау станицасын ұстаудың өзі үлкен күшке түскен. Тағы басқа ішкі себептерге сүйене отырып, 1861 жылы 16 маусымда Ұлытау станицасы таратылады. Қолдағы құжатта бұл туралы 1861 жылғы 30 маусымда патша әскерінің капитаны Бородинге Ұлытау бекінісін басқа жаққа көшіріп салу тапсырылған құжат бар. Осы тапсырма бойынша топограф, капитан Бородин Ұлытау бекінісіндегі орыс әскерлерінің отбасын жан-жаққа бөліп орналастырған. Негізінен бекіністегілердің дені Сандықтауға көшірілген. Станицадағы казачествоның 239 отбасының 170-і Сандықтауға, 20-сы Зерендіге, 4-і Атбасарға, тағы сол сияқты Қотыр, Шүше, Имантау мен Айдаболға көшірілген.

Ұлытаудың басынан станицаның кетуі, округтің ашылмауы дала қазақтарына қынжылыс тудырмаған сияқты. Бұл ретте төбесінде күнде қылыш ойнатып, мылтық атып, қоқаңдап жүрген патша әскерінің қазақтың кіндік тауының төсінен кетуі, қасиетті жердің киесінің де, жердің иесінің де барлығын сездіргендей. Әйтпесе, жан-жағындағы бекіністер мен бекеттерді нығайтып, күшейтіп жатқанда Ұлытау бекінісінің таратылуы көптеген жағдайды аңғартқандай. Ең біріншіден, Ұлытау жері орыс патшалығының шекара аймағынан алыста жатыр. Оның бер жағында ауа райы, жер жағдайы қалың әскердің түпкілікті қоныстануына қолайлы да болмаса керек. Қазақтың кең даласына тең тұрған Ұлытауға орныққан патша әскеріне сырттан қосымша күш келе қоюы да қиын. Патшаның ішкі тіршілігінен бейтарап жатқан жердегі әскерінің күнделікті күн көрісінің өзі де күшке түскені жасырын емес. Әрі былайғы қазақтар станицадағы патша солдаттарына оқтын-оқтын қарсылық көрсетіп отырған.

Төрт болыс Бағаналының игі жақсылары Ұлытау бекінісіндегі патша әскерлерінің бұл өңірден тезірек кетуіне мүдделі болғанын тарихтың өзі дәлелдеген. Көші-қонымен жаз жайлауына дейін қазақ тірлігіне араласып отырған патша әскерінің Ұлытау бекінісінің түптің-түбінде түпкілікті орын

болмайтынын патша шенеуніктерінің өздері аңғармады дейсін бе? Оған қоса 6-7 ай қыста орталықпен байланысы жоқ, сырт қалған өңірде, табиғаты қатал жердегі тіршілікке казачество солдаттарының да көңілдері тола қойды деудің өзі қиын.

Осылардың бәрі айналып келіп Ұлытаудың басынан округтің ашылмауына өзіндік әсер еткендей. Бірақ, Ұлытаудың басынан бекінісі кетіп, округтің ашылмай қалғанына қарап дала төсіндегі патша билігі әлсіреді деуге әсте болмайды. Қайта қазақтың кең даласын бауырына бұрынғысынан да кеңірек баса түскісі келгені аян. Жерінің үстін де, астын да біржола өз қарауына бағындырып алғысы келген патша өкіметінің жан-жақты саясаты жап-жақсы көрінеді. Ол үшін арнаулы жабдықталған, қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылған барлаушы-отрядтар оқтын-оқтын жіберіліп отырылған. Осы ретте айта кететін бір мәселе: дала төсін шарлап, байлық көзін іздеген патшаның арнаулы отрядтары кез келген жерді қопарып, түртіп, шұқылап қаза бермеген. Бұрынғы ерте тарихтан бері мәлім, мәшһүр болған кен орындарының ізімен, кені қазылып, мысы балқытылған орындарды іздестірген. Бұл жерде іздестірген деген сөздің өзі де артықтау сияқты. Неге десеніз кені қазылып, мыс балқытқан мекендер сол қалпында, сан ғасырлық орнында еді. Ал, қолында ескіден қалған хат пен жер жағдайы түскен картасы бар арнаулы отрядтар жергілікті жердің ақкөңіл қазақтарынан “мына жер қайда, мына жер қайсысы” деп діттеп келген орындарын сұрап біліп, анықтап алып отырған.

Орыс патшалығының бұл озбырлығына қарсы азаттық қозғалысы әркез-әркезде жүріп жатты. Кенесарының туы құлағанымен халықтың азаттыққа ұмтылған ықыласы мен үміті өшкен жоқ. Азаттықтың туын жоғары көтеріп, бостандықтың ұранын тастаған Аманкелді Үдербайұлы осы Ұлытау топырағында дүниеге келген. Осы өңірде ат жалын тартып, маңайына ер жүрек жігіттерді жинады. Кешегі Ерден-Дузеннің ұрпағы Қасенді Бағаналының іші хан көтерді. Сөйтіп, Ұлытаудың бірі ішінен, бірі сыртынан қалың қолды көтеріп хандар бата алған хан ордасының түбінде ақ іске жол болсын жасалып, мінсіз ақбоз құрбандыққа шалынды. Бұл бүгінде өзіміз айтып жүрген қазан төңкерісінің алдындағы ауыл көрінісі еді. Атқа мінген жігіттер Ұлытаудың бөктеріне жиналды. Қолбасы сардарлыққа Иман батырдың немересі Аманкелді сайланды. Кейкі батыр қолағасы болды. Сөйтіп Қазан төңкерісін қазақ даласы да атүстіндегі азаттық жолындағы күреспен қарсы алды.



Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев
Ұлытау өңіріне келгенде,
оң жақта аудан әкімі
Серік Тілеубаев. 1993 жыл.




Ұлытау өңірінің төрт құбыласын түгел зерттеген ғұлама
ғалым **Қаныш Имантайұлы Сәтбаев**



Ұлытау



Ұлытаудың бір сілемі



Тастағы суреттер




Таңбалы бейнелер



Тастағы жазу



Таудағы тасқа салынған сурет



Домбауыл кесенесі
(VIII-IX ff.)



Жошы хан мазары
(XII-XIII ff.)



Алаша хан мазары
(XIII-XIV ғғ.)




Бұзау мазары
(XIX ғ.)



Төлеқұлы Сандыбай
бабаның кесенесі
(1772-1838 жж.)

Ерденнің
мазары
(1808-1862 жж.)





Ақжолтай Ағыбай батыр



Ағыбай батыр мазары



**Ахмет ишан
Оразайұлы**



Меңей қажы мазары



Ағасұлтан **Ерден Сандыбайұлы**



Халық ақыны, шежіреші, өлке зерттеушісі
Иманжан Жылқайдарұлы бәйбішесі Қалышпен бірге



Иманжан Жылқайдаров ұлы **Мұқанның** отбасымен.
1949 жыл.

Ақбозға мінген Аманкелді тоқтап ең бірінші Ұлытаудағы бекініске, ондағы қазақ-орыс станицасын алудан бастады. Аманкелдінің ақбозын байлаған жалғыз терек станица ортасындағы өзенді бөліп өтетін жар жиегінде тұратын. Ол ағаш бертінде дейін жайқалып тұрды. Он адамның құшағы қол жалғастырғанда жетпейтін жалғыз терек қартая келе шөгіп кетті.

Ұлытау бекінісін Аманкелді босатқанға дейін казак-орыстардың іргесі сөгілген жоқ. Кеңес өкіметі орнап колхоздастыру жүргенде Ұлытау өңірінде де дүрбелеңді дүрсіл жүріп жатты.

Жерінің асты қазына, үсті ырысты Ұлытау өлкесіндегі ғаламат байлық кім-кімді болса да қызықтырған. Дүниенің төрт бұрышына “Ұлытау аймағындағы қазына” деген атпен мәлім болған мысты, темірді ағылшындар жан-жаққа таратып жатты. Ағылшын алпауыттары Ұлытау төңірегінен алтын іздеп кені бар жерді қопарып, зерттеп, шахта қазып, мыс балқымасын алудың түрлі-түрлі әдістерін жүзеге асырды. Бір шеті Байқоңыр, бір ұшы Кеңгір бойын шарлаған ағылшындар Қазан төңкерісіне дейін кен алуын тоқтатқан жоқ. Қазан дүмпіуімен оның алдындағы ауыл жігіттерінің атқа мінген азаттық жорығынан сескенген ағылшындар кідірместен ат басын еліне бұрды. Сол кезде елдегі еті тірі жігіттер шағын шахталар мен заводтарды ұстап қалды. Соның нәтижесі болар қазақтың тұңғыш қара металлургиясының атасы — Қарсақбай мыс зауытының тұрбасы көкке көтерілді. Сол кездегі одақ көлеміндегі ең бір маңызды оқиға ретінде 1928 жылы Қарсақбай зауыты іске қосылды. Маңайдағы бұл өзгеріс Ұлытауға тағы да соқпай өткен жоқ. Тұңғыш зауыттың қосалқы шаруашылығының орталығы орыс станицасы орналасқан Ұлытау бекінісінің орнынан ашылды. 1929 жылы Ұлытау бекінісінің орнында енді Қарсақбай мыс зауытының қосалқы шаруашылығы құрылды. Осы маңайдың, арқаның төрт бұрышындағы байлары барын ортаға салып, жылына бір рет жәрмеңке өткізетін Ұлытау жаңа шаруашылықтың орталығына айналды. Қарсақбай зауытының өркендеуіне оның директоры, білгір азамат Қадыр Маткенов көп еңбек сіңірді.

Қосалқы шаруашылықтың орталығы болған Ұлытау жыл сайын өсе бастады. Маңайдағы ел Ұлытауға көшіп-келіп отырықшылық өмірге енді. Зауыттың қосалқы шаруашылығының деңгейінен он жыл ішінде іргелі елді мекеннің орталығына айналды. Сөйтіп, 1939 жылы Ұлытау Қарсақбай ауданынан бөлініп өз алдына Ұлытау ауданы болып құрылды. Тың

көтерудің дүмпуінен кейін аудандарды ірілендіру саясаты жүргенде Ұлытау адамы аз, шалғай, теміржолдан қалшық деген сылтаумен бір жабылып қалды. Араға тағы бір оң жыл салып аудан орталығы шаруашылық ретінде қалды. Қарсақбай, Ұлытау аудандары таратылып 1961 жылы Жезді ауданын құрды. Жездіге қараған кез Ұлытаудың нағыз тоқыраудың тозаңына оранған жылдары болды. Енді-енді қанатын жая бастаған құрылыстар, қалыптасып орнығып қалған жұмыс жүйесі қожырап кетті. Бірақ, тарихтың түп тамырынан тыныс алған тау халқы аудан тарап кетсе де ертеңіне деген үлкен үмітін үзген жоқ. Сол бір жылдары Ұлытаудың басында нағыз ұлытаулықтар ғана қалды деген сөз әлі күнге дейін айтылады. Күдай деген күр қалмайды дегендей, тарих дөңгелегінің енді бір айналымында 1972 жылғы наурызда Жезқазған ауданы құрылып, орталығы тағы да Ұлытау ауылынан орын тепті. Елдің әлеуметтік, тұрмыстық-мәдени жағдайын көтеруге бағытталған кешенді жоспарлар аудан алдына жаңа міндеттер жүктеді. Ал 1997 жылы Жезді таратылып, Ұлытау ауданына қосылды.

Өндіріс орнынан 130 шақырым қашықтықта жатқан, теміржолы жоқ ауылды өңірдің тыныс-тіршілігі тек қана қара жолдың үстімен, түйемен, автокөлікпен тыныстайтын. Аудан орталығының бүгінгі бейнесі 1972 жылы қабылданған мемлекеттік бас жоспар негізінде айқындалды. Мәдениет үйі, мектеп, байланыс торабы, шағын аудандар екі-үш жылдың ішінде-ақ тез бой көтерді.

Ұлытау ауданы өз алдына шаңырақ көтергеннен бергі 50 жылдан астам уақыт ішінде кеңестік саясатты жүргізген 13 хатшының басқаруында болған екен. Осы 13 хатшының бірде-біреуі қызметінен кеткеннен кейін Ұлытауда тұрақтап қалған жоқ. Сол кездегі партия ұранымен келіп, екі-үш жылдан аспай кетіп жатты. Түпкілікте қаламың-ау деп ойламаған, “тәйт” деген күні кетемін деген жанның ықыласы-ынтамен ұштаса қойған ба? Бүгін келіп, ертең кетемін дегендердің қай-қайсысы болса да Ұлытаудың тарихына терең үңілуді естен шығарып алды. Келіп-кетуші басшылар Ұлытаудың экономикасына да айта қаларлықтай әсер етті дейтін әңгіме және естілмейді. Оның себебі, сол кездегі жоғары жақтағы басшылықтың жұмыс әдістерінде жатса керек. Мәскеуде күн күркіресе, Ұлытауда жаңбыр жауып тұрды. Ұлытаудың тарихи атының өзін таразы басына тартқан хатшылар болды. Тіпті қайсы бір хатшылар тарихи орындағы ежелгі аттарды

партия бюросының қаулысымен өзгертіп те жіберді. Жер жағдайы мен ауа райының ала-құлалығына байланысты “Қотыр бұлақ” атанып кеткен жер хатшының құлағына қатқылдау естілетін болып жұмсарту үшін “Күміс бұлақ” болып, өзгертілді. Бұл атау хатқа түсіріліп, қадаға қағылып, бұлақ басына қадалып қойылды. Ұлытаудың бастау тауы “Қыз емшек” қаулымен “Өркеш тау” аталды. Бірақ, тарихтың тілі хатшының қаулысына көнген бе? “Қыз емшек” қазір де “Қыз емшек” деп аталады. Ол атты сонау Ұлытаудың етегіне жиылып үш жүздің баласы бас қосқанда тау ұшындағы қос анардай көкке шаншылып тұрған тауды “Қыз емшек” деп еркелете табиғи қалпында атаған екен. Қарап тұрсақ “Қыз емшек” тауының өзі осы Ұлытаудың өзегіндей. Ұлытауға нәр беріп, алпыс екі тамырына жан беріп тұрған да осы “Қыз емшек” тауы болса керек. Ендеше “Қыз емшексіз” Ұлытау Ұлытау болмас еді.

Тарихқа қиянат жасаймын дегенмен табиғат оған көне ме? Ұлытаудың өз өркендері туған өлкенің табиғаты мен тарихын хатшылардың нұсқауынсыз-ақ сақтап қалды. Бірақ, билікті жанның өктемдігімен тарихи мәдени-мұралар сол кездерде қорғауға алынбай, “ескіліктің қалдығы” деген желеумен қараусыз қалып жатты. Бұл саясаттың астарында “Бүгінгі ұрпақ тарихты білсе, өткеніне үніледі, өткеніне үнілсе азаттыққа ұмтылады” — деген бір жымьсық ой жатса керек. Дес бергенде, жетпіс жыл елді улаған коммунистік идеология көш басынан кетті. Туған еліміз тізгінді өз қолына алды.

Алдыма 13 хатшыны салып барып, еліміз егемендікке жеткен кезде Ұлытау ауданының тізгіні осы жердің өз тумасы, кешегі Бағаналының төрт босағасының бірі, Бабырдың ұрпағы маған тиіп, тұңғыш әкім болдым. Аудан басшылығына кіріскен бетте ең алдымен тарих пен табиғатты қорғауды қолыма алдым. Өзім қол қойып жоғарғы жаққа сан мәрте Ұлытау өңіріндегі тарихи мәдени мұралар жылма-жыл жойылып-жоғалып барады деген дабыл қақтым. Бұл жан айқайына сол кездегі Жезқазған облысын басқарып отырған Шәріпбек, Жұмағали, Мөрлібек сияқты көзі ашық, жүрегі елім деп соғатын зиялы азаматтар елеулі үлес қосты. Осының нәтижесі болар 1990 жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасы Үкіметі “Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғат мұражайы қорығын құру туралы” шешім алды. Сөйтіп, кең дала төсіндегі тарихтың ашық мұражайы тұңғыш рет

мемлекеттік тұрғыда қамқорлыққа алынды. Арнаулы штат кестесі құрылған қорықтық мұражай мекемесі іске кірісті.

Тарихтың тамаша тартулары әр кезеңде де аз болмаған. Кешегі хандар ақ орда тігіп, үш жүздің қасқа мен жайсандары бас қосып, бөтуалы бірліктің мәйегін тамызған Ұлытау Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты құшақ жая қарсы алды. Егеменді елдің тұңғыш Президенті ақ киізге көтерілді. Қазақтың соңғы ханы Кенесары келіп ордасын тіккеннен кейінгі арада бір жарым ғасыр яғни, 152 жыл 8 күн өткеннен кейін 1993 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызы күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қасиетті Ұлытаудың топырағына табанын тіреп, хандардың ханы Алашахан мен Жошының мазарларын көзбен көрді. Жер жаһанға даңқы кеткен Ақсақ Темірдің “Алтын шоқысына” шықты. Қазақ елінің туын көтеріп, шаңырағын ұстаған хан ордасына ат басын бұрды. Дәл осы хан ордасы орналасқан биіктің үстіне бұрынғы хандар орда тіккен орынға Президентке арнайы дайындалған ақ шатыр құрылды. Тұңғыш Президентімізге осы “Хан ордасының” үстіндегі ақ шатырда бабалар салған салт бойынша құрмет жоралғысы жасалды.

Үш жүздің баласының басын қосып, екі тізгін бір шылбырды — білікті ханына берген кезіндегідей “Хан ордасында” тігілген ақ шатыр ішіне ақ киіз төселді. Бұл шымқай ақ киіз халқының өз Президентіне деген шынайы да кіршіксіз, таза пейілінің де белгісіндей еді. Төртегі ақ киіз төселген арнайы жасалған тақ сәкіге Нүрекең шығып отырды.

Ақ киізге көтерілді деген де осы болар. Алты алаштың баласының ата-бабасынан қалған салт бойынша ел басыға мінсіз ақ боз ат сыйладық. Ер тоқымы күмістелген, жал құйрығы төгілген ақ бозды аудан әкімі ретінде тізгінінен тұқырта ұстаған қалпы Нүрекеңнің алдына көлденең тарттым. Ауыздығын қарс шайнап, аспанға тік шапшып тұрған ақбоздың жалынан бір сипаған Нүрекең «ә» дегенше болған жоқ ердің үстіне секіріп мінді. Әлгінде ғана аласұрып тұрған асау ақ боздың басын “Хан ордасының” қарсы беткейіндегі тау мен арадағы жазыққа қарай бұра берді. Жүйткіген жүйрік көзді-ашып жұмғанша сайын даланы бетке алып құйғыта жөнелді. Гуілдеп тұрған ел сілтідей тына қалды. Бір ғажабы ала жаздай құрық тимей, ту жараған шу асау Нүрекең жалынан сипаған сәттен-ақ жуаси қалған сияқты еді. Рас,

болды. Көз жетер жазықты бір орағытып өткен Нүрекен шатырға оралғанда үстін ақ көбік жапқан ақ боз жуасып, жорғалай тайпалып қалыпты.

— Нүрекеннің аруағы басым екен.

— Тегін адам ел басқара ма?

— Ханның қолдаушысы болады деген рас, — деп сол жерде тұрған көпшілік арасынан Әлекең, Әліпбек Бекетаев ақсақал бастаған үлкендер өздерінше топшылап, жорамалдап жатыр. Ақсақалдар айтса айтқандай шу асау адамына, аруағы асқан ерге жолыққанын білгендей Нүрекең жалына қол салғаннан кейін-ақ ешқандай оқыс мінез танытпады. Аруақты ердің мысы басқаны болар.

— Ауылда, ат үстінде өскен қазақтың баласымын ғой, — дейді Нүрекең ер үстінде ақбоздың тізгінін шірене тарта тұрып...

Ұлытаудың бір перзенті Жарқынбек Теңізбайұлы Бөлендин Президентке Ұлытаудың ақ қайыңынан жасалған үш жүздің ру таңбасы салынған ескерткіш кәдені сыйға тартты. Бұл үш жүздің басын біріктірген Ұлытаудың Елбасыға деген көрсеткен шынайы құрметі, әрі Үш жүздің баласы таныған ханымыз болдың деген елдің ықылас-пейілі де болатын.

Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлытаудың босағасы саналатын таудың кіре-беріс қақпасындағы сақшысындай салмақты тұрған Айыртаудың бөктеріне аялдады. Айыртау тауының бөктеріндегі бетегелі белге қазақ халқының берік бірлігінің айқын айғағындай анадайдан көзге түсетін әдемі де айбынды белгі тас қойылды. Бұл жер бүгінде қасиетті тауға келген үлкен-кішінің құрметпен бас иіп, қадір тұтатын киелі орындарының бірінен саналатын болды. Бұл орынға келешекте үш жүздің басын біріктірген бірліктің символындай ескерткіш белгі қойылмақ. Ол тастың жан-жағына тауға келген қонақтар ағаш көшеттерін отырғызады. Ал Ұлытауға келіп үш жүздің баласының бөтуа-бірлігінің символы ретінде қойылған ескерткіш түбіне ағаш егу құрметі екінің біріне тие бермейді. Белгі тастың түбіне өз қолымен ағаш отырғызу үлкен мәртебе. Осындай құрметке алғашқы болып халқымыздың тағы бір абзал азаматы, өнер мен мәдениеттің, әдебиеттің үлкен жанашыры Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағанбетов ие болды.

Қарт Ұлытаудың бөктеріндегі халқымыздың тарихына қатысты ескерткіш белгілердің жай-жапсарын өз көзімен көрген Иманғали Нұрғалиұлы анау Алашаханның, Жошының кесенелерінің, тау басындағы Едіге батырдың бейітінің арнайы күтімді қажет ететінін, Ұлытау төңірегіндегі тарихи-мәдени мұраларымызды мемлекеттік деңгейде қамқорлыққа алудың керектігін терең толғаныспен баса айтты.

Ел тарихына үлкен қамқорлық жасау, әрі беріден кейін әр азаматтың борышы екенін де Иманғали еске салды. Әрине, елім деген азаматтың бұл бастамасы тамырында қазақ қаны ойнаған әрбір жанның қай-қайсына да ой салары анық. “Жақсыдан шарапат” деген де осыдан айтылса керек. Қазір белгі тас түбінде осындай құрметті меймандар қолымен отырғызылған елуден астам ағаш көшеттері бой көтерді.

Үш жүздің баласының бірлігі мен тұтастығын білдіретін ескерткіш орнатылар жерге қойылған белгі тастың маңайына егілген ағаш көшеттерін Ұлытаудың ұландары, мектеп оқушылары өз қамқорлықтарына алған. Асылы, тарихы бай өлкенің тағы бір естен шығармайтын ерекшелігі басқа жерде кездесе бермейтін табиғатының сұлулығы дер едік. Шынында да Ұлытаудың табиғаты...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

**ТАЛАЙЛАРДЫ
ТАМСАНДЫРҒАН...**

ТАЛАЙЛАРДЫ ТАМСАНДЫРҒАН..

Тасына тарихтың үлкен жүгі түскен Ұлытаудың әр саласы, қыраты мен шоқысы, бетегелі беткейі, боз жусанды белдері, аспанмен таласқан шыңдары, жасылы жайқалған жазығы көрер көзді нұрландырып, сезімді жанның жүрегін жырға толтырары сөзсіз. Ұлытаудың кең қойнауына әрі қарай дендей енген сайын табиғаттың осы бір өлкеге берген тамаша сыйына сүйсініп сұлулық пен әсемдіктің бұл әлемде шексіз де шетсіз екенін еріксіз мойындағандай боласыз. Әр төбенің етегіндегі ойдым-ойдым ақ балтыр ару қайыңдар мен хас батырдай қасқайып өскен теректердің желмен желбіреген жасыл жапырақтары күн нұрына мейлінше малынып маңайын қош иісті жұпарға шомылдырып, жан дүниенді жасартып жібереді.

Сала-сала болып сылдырай ағып жатқан мөлдір бұлақтар қаншама. Содан да болар бұрынғылардың «туған жерім Ұлытау, екі аттасаң бірі бұлақ» деуі. Шынында да ғасырлардан сыр тартқан Ұлытауға өлмес-өмір сыйлаған мөлдір бұлақтағы зәм-зәм суларын бір жұтқан жанның ішкі сарайы кеңейіп, жүрегі жайланып, маңдайынан моншақ-моншақ тер шып-шып шықса, оған қайран қалмаңыз. Бал-бұлақтар сала-салаға бөлініп, жыра-жыраны жағалай аққанымен олардың ең түйісер түбі сонау заманда Зәрдеш алғаш су ішкен, кейін Айдаһар күзеткен, тас үңгірдегі Тас бұлақ. Тасты жарып атқылай аққан ақ қайнардың бойындағы бар қасиетін ешкім де тілмен айтып жеткізе алмас. Оның қасиетін тұнығынан қанып ішкен бұрынғы ауызы дуалы ата-бабамыз білген. Білгендіктен де болар кейінгі бала-шаға, үрім-бұтағына: “Заңғар таудың тамыры, тасты жарған «Тас бұлақ» деп бір ауыз сөз қалдырған.

Тау бөктеріндегі әр бұлақтың өзіндік сыры, тарихы мен тағылымы бар. Ақмешіт әулие тауының етегіндегі бұлақтар қаншама ішсең де суы денеңе сіңіп, жүрегің жайлана береді. Білетіндер бұлақ суының сіңімділігін әулиенің қасиетімен ұштастыра айтады. Әулиеге шын ниетімен, ақ көңілмен келгендер бұлақ суына мейірлене қанады, тілектері қабыл болады. Ал жүрегі кірлеген, күпірлігі мол жандарға су сіңбей, жүректері

айнып, лоқсып, өз-өздерінен әбігерге түседі екен. Ондай жағдайды бастан кешіргендерге куә болғандар да бар.

Ақмешіт әулие тауының бер жағындағы жолдағы қайыңды тоғай түбіндегі “Бас бұлақтың” суын ауру-сырқаулы жандар құтылап құйып алып емге ішеді. “Бас бұлақтың” суы да мың да бір ауруға ем дейді. Әсіресе, өкпе, демікпе, асқазан, бүйрек ауруына шалдыққандарға шипалы дейді. Талайлар осы судан ішіп, ауруынан құлан-таза айығып қатарға қосылды. Бұл да болса Ұлытаудың ұлылығы, аруағының қадір-қасиетінің молдығы, кемтарды қолдауы болар. Қалай десек те “Бас бұлақ” тазалық пен пәктіктің бастауындай болып сезіледі.

“Қыз емшек” тауының түбінен шымырлап шыққан “Тас бұлақтан” кезінде үш жүздің бас батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай ат суарғанын бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, бірі білмейді.

Таудың алпыс екі тамырына нәр беріп, сары даласына шырайлы өмір сыйлаған осындай мың бір бұлақтың сыртында 625 скважина жерасты суын сыртқа сорып жатқанын да айта кеткен абзал. Осыншама бұлақ пен қазылған құдық суларының қызығы мен рахатын Ұлытаудың өз тұрғындарынан бұрын қалалықтар, өнеркәсіп орындары көріп жатыр. Ұлытаудың мың бір бұлағының тамырын тартып солқылдатып сорып жатқан “Ескұла”, “Кеңгір” су қоймалары жер астының нәрін тауысуға айналды. Кезінде құбыр бойына лықси толып, жүйткі жөнелетін мөлдір бұлақ сулары бүгінде өрең-өрең жылжып, биік құбырға үлкен күшпен көтеріледі.

“Ескұла-1”, “Ескұла-2” және “Кеңгір” су қоймасы арқылы Жезқазған, Сәтбаев кен орындары мен өнеркәсіп ошақтары жылына 102470 мың екше метр су сорып алып пайдаланады. Мына қапталындағы Ескұладан, ана жақта Кеңгірден, сөйтіп Ұлытаудың қос қолтығынан солқылдата сорылған су етектегі кіші-гірім бұлақтар мен өзендердің сарқылып, іркіліп, тіпті қайсы біреулерінің тартылып қалуына да әкеліп соқтыруда. Бірақ, әзірге тәніне тәңірі нәр берген тау бұлақтарының тамыры бұрынғыдай бұлқына соқпаса да қағысынан қағылған жоқ. Сылдырлаған сырлы сазын шерткен күйі сылаң қағып, сылқым да кербез көлдерге құйылып жатыр.

Бастауын осы Ұлытаудан қайнап шыққан мың бір бұлақтан алатын көлдердің арнасы көктемде толып, жазда ортайып қалады. Ал бастауы таумен сабақтасқан осы өңірдегі он төрт көлдің көркі көзді сүйсіндіреді. Өз кезінде XI ғасырда өмір

сүрген шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Райхан Бируни жазбаларында орта Азия мен Қазақстан жерінде оғыз тайпаларының тіршілік еткенін, олардың мемлекетінің орталығы Ұлытау болғанын еске алып, Ұлытаудың етегінде “Монкур” көлі бар деп жазғанын білеміз. Бұл бүгінде осы өңірдегі Шүбартеңіз көлі деуге келеді. Ауыз екі атауларда оны көпшілік қазірдің өзінде “Шүбардың көлі” деп атап кеткен. Бүгінгі “Шүбаркөл” көмір кенішінің табаны да дәл осы біз айтып отырған көл екеніне дау бола қоймас.

Таудың жан-жағындағы Бозшакөл, Ащы көл, Барақкөл, Кішкене көл, Қос көл, Бозбайтал көлдерінде аққу ұшып, қаз қонып, мәре-сәре өмір жаз бойы жарасымды өтіп жатады. Осы көлдердің қай-қайсының болса да жағасы жайқалған жасыл құрақ. Көлден ескен қоңыр салқын қол бұлғап жолаушыны алыстан-ақ өзіне тартып, шақырып тұрғандай болады.

Бұл көлдердің денінің сулары шипалы, емдік қасиеті де мол. Шойырылып жүре алмай қалған жан “Ащы көлдің” саз балшығына екі-үш рет түскеннен кейін ауылына таяғын тастап, өз аяғымен қайтады. Оны осы көл суының құрамындағы емдік қасиеті бар тұзды сордың әсері деп таныған жөн.

Кіші тау беткейіндегі Ағатай тұзды көлінің сазын Жезқазған, Жездідегі емдеу-сауықтыру орындары алып, осындағы емделушілерге қолданып та жүр. Ағатай тұзды көлінің басындағы “Қос бұлақтан” алынған су лабораториялық зерттеуден кейін Кавказдағы минералды сулардан емдік қасиеті бірде-бір кем еместігі, қайта оның асқазан, бүйрек, қан тамырлары ауруларына олардан да шипалы екені ғылыми түрде дәлелденген.

Аталған көлдердің суының құрамында қасиетті шипалы емдік минералдардың молдығынан да болар мұндағы құс пен балықтың қай түрі болса да Арқадағы басқа көлдердегіден ерекше. Қаз-үйрегі ірі, балығы дәмді келеді. Бір өкініштісі, сол дәмді балық, қаз, үйрек қазір азайды. Бір кездері Кенгірдің өзендерінде, Барақ көлде көп кездесетін жайын секілді балық бүгінде таусылғандай. Осыдан оншақты жыл бұрын көл бетінде қалқып жүретін қаз, үйректі, ұсақ-түйек балықты да жұтып жіберетін сол жайыныңыздың бүгінде бұл өңірде тек аты ғана қалды. Ал шортан мен шорағай, алабұға, ақ балық әзірше баршылық. Бірақ балық етінің сіңімді де, дәмділігін білетін “ағайындар”, әсіресе, қаладан келіп рұқсатсыз ау құрып, суға дәрі тастап, балық аулайтындардың сұғанақтығы ірі балықтарды қойып, майшабақтардың өзін сирексітіп тастады.

“Қос көл” мен “Кішікене көлдің” мамырлап ұшқан қаз-үйрегің аулауға кезінде Мәскеуден маршал Ворошиловтың баласы жылма-жыл арнайы ұшақпен келіп тұрғанын жергілікті жұрт біледі. Қызыл әскердің атақты қолбасшысы Климнің баласын қолпаштап, шашбауын көтерушілер де құр қол қайтпасы белгілі. Онымен көп араласқандардың айтуынша, Климнің баласы одақтың әр жерінен аң-құс аулай жүріп дәл осы Ұлытау көлдеріндегідей қаз-үйректі еш жерден де кездестірме, сондықтан да демалысын алысымен басқа жаққа мойын бұрмай құс атуға тура Ұлытауға жол тартады екен. Бұл, әрине, Ұлытау көлдеріндегі қаз-үйрек етінің дәмді, таза, жұғымды екеніне айтылған мақтау, берілген әділ баға болғанымен, бір жаздың өзінде ондаған тонна құс еті дайындалатын көл базарының сейіліп, жылма-жыл ажарының таюына соқтырды емес пе.

Ворошиловтың баласы салған “қасқа жол” әлі де ескірген жоқ. Жезқазған мен Арқалықтан, тіпті одан әріректегі ірі-ірі қалалардан әдейі ат арытып келіп, Ұлытаудан аң-құс аулайтындыр әлі де жетерлік-ау. Сондайда құсын былай қойып, тұяқты аңынан да тігерге тұяқ қалдырмай ма деп қорқасың. Кең далаға сыймай, жол бойы жыртылып айырылатын киіктердің Ұлытау жазығында жортпағанына да төрт-бес жылдың жүзі болып қалды. Оған дейін танауы делдиіп, тұяғының астынан жел саулатып, жүйткітін жануар қара жолды қайтсе де бір кесіп өтпей, жолаушының алдын орамай көңілі көншімеуші еді. “Шығайын деп тұрған көз еді, шұқыған соң не жорық” дегендей жарықтық нарық келіп әркім өз бетінше күн көрудің жолына көшкен кезде алыс шетелдерімен алыс-беріс, барыс-келіс көбейді. Әркім барын беріп, қолы жеткен жерден қалағанын алып жатыр. «Шетелдіктер киіктің етіне емес, мүйізіне құмар екен, пәленбай киіктің мүйізіне “Мерседес” береді екен, Пәленше алып мініпті» деген сөзге еріп киікті кім болса сол мүйізі үшін-ақ аулауға шықты. Зулаған шетелдік жүйрік машина мінген коммерсанттар келіп «пәлен киіктің мүйізіне пәлен пәшке шай, күрте, қолғап» деп, соңы сіріңкеге дейін ауылда тапшы болып қалған заттарды беріп киік мүйізін алып кететінді шығарды. Оған дейін мемлекеттік аң шаруашылығы мекемесі Ұлытау даласынан бір жазда 400-500 мыңдай киік аулап, мыңдаған тонна киік етін дайындайтын болса, енді оған мүйіз іздейтіндер қосылып дала еркесі киіктің құрып кету қаупін туғызып отыр.

Осындай көзсіз құмарлық, жөнсіз аңшылықтың соңы талай-талай құнды аң мен құстың жоғалып, жойылып кетуіне соқтырды. Бұрын «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?» деген қазақтың Ұлытаудан ұлар көрмегеніне не заман. Ұлытаудың еркесіндей ай мүйізін ақбоз шыңдарға шаншып тұратын арқарларды Ұлытауда үйір-үйірмен жүретін еді дегенге қазір кім сенеді. Екі көзі мөлдіреп, ет жүрегі елжіреп тұратын, елік деген аң осы Ұлытауда еркін өмір сүрді деп басқаны қойып, баланды сендіре аларсың ба?

Қопа мен қамыстың бойын бермейтін жабайы қабанның өзі де азайды. Кең жазықта томпаңдап, жүретін зорман да әр жерде ғана кездеседі. Көшкімбайдың бойындағы қалың құрдың сирегеніне де біраз болыпты. Егінді мен Терісакқанның егін жайларының шетінде шоқайып отырған суырларды бұрын таудың қай бетінен болса да көруге болатын еді-ау. Әр бұтаның түбінен пырылдай ұшатын бөденелер қайда кетті екен. Рас, ойдым-ойдым орман ішінде саңырау құр кездеседі. Бірақ, оның өзі де баяғысындай көп емес.

Таудың негізгі бір тағысы, қасқыр. Бір кездері бұл да жоғалып кетудің алдында деп дабыл қағылып еді. Соңғы киік азайғаннан бергі төрт-бес жылдың ішінде, нарық келгеннен кейін қасқырдың жолы болды. Бұрын кім болса сол жол шетінен әсіресе, қасқыр көрсе қуып, қасқырдың үйірлеп өсуіне жол ашылды. Қырдағы малды былай қойып, қорадағы, қолдағы малды тапа-тал түсте қасқыр жарып кететінді шығарды.

Бір кездері Ұлытау мен Кіші тау, Арқанаты тауларында қаблан, барыс болған дегенді қариялар айтады. Осындағы тау арасындағы бір шатқалдың “Барыс шатқалы” деп аталуы сол кезден қалса керек. Таудың осы бір қия шатқалында барыс та, қабан да болса болған шығар. Оған дау айтып, талас тудырудың еш қисыны жоқ. Ғасырлар бойы басынан не ғаламатты өткізіп келе жатқан Ұлытаудан барыс түгіл басқасы да бас сауғалаған небір қилы заман өтпеді дейсіз.

Домбырасының бесігінің басын үкілеп, қанатын тұмар етіп таққан қазақтың қасиет санайтын бір құсы үкі болатын. Ұлытауда үкі қазір аз болса да кездеседі. Бірақ, өте қасиетті, сақ құс. екінші біріне, кім болса соған ұстата да, көріне де бермейді. Үкіні ұстаған жанда да ерекше бір қасиет бар дейді.

Көл бетінің кербезі, әсем аққу бір кездері осы өңірден безіп кеткен еді. Атылған мылтықтың, жүрексіз жандардың құрбаны болып, талай аққу оққа ілінді. Содан болар, Ұлытау

көлдерінде аққу жоқ деп бір кезде айтысып отыратын. Соңғы бес-алты жылдың ішінде Ұлытау көлдеріне аққулар қайтып оралды. Мұның өзі жақсылықтың нышаны, бірлік пен бірлікпен, белгісі деп қариялар қуанысады.

Ұлытау баурайының шұрайлы да шүйгіндігінен, суының тазалығынан да болар аңы мен құсы кезінде жыртылып айрылғаны мәлім. Бүгінде құрып кетті деп саналатын құландардың құтты мекені Ұлытау болғанын тарих айтады. Аңыздағы Жошының құлан үйіріне кездесіп, мерт болатыны шындық. Шыңғыстың әмірімен құланды ең даладан түре қуып, түгел қыруға шыққан түмен басы Домбауыл батыр қазыпты дейтін құлан өтпес орлардың орны Ұлытау даласында, Кеңгір бойында әлі де жатыр.

Кең даладан құланды түре қуып шыққаны жайлы айтылар аңыз әртүрлі. Бірақ, соның бәрі де айналып келіп құланның қырылуына тіреледі. Алаша хан мен Жошыхан мазарының іргесіндегі Малшыбай елді мекенінде тұратын ескіше де, орысша да сауаты мол, көп жыл көп “Сарыкеңгір” шаруашылығының директоры болып қызмет атқарған Әбілжан Сүлейменұлы ақсақал бір әңгімесінде: – Сарыкеңгірдің осы тұрған саласы бұрын қалың жыныс болыпты. Құлан қуған Домбауыл сол қалыңды отатып, тағыны қайыруға қолайлы жер деп осы шетті таңдаса керек. Үйірімен әкеп айдыңға қамап қырыпты. Ал құланның өзін көзім көрді. Қай жақтан, қалай келгенін кім білсін. Бірденеден үрікті ме, әлде, қуғыннан ба, қашып келгені анық. Тұяқтары жерді көшіре жүйіткіген қалпы ауыл үстінен бірақ шықты. Қаптаған адамдарды көріп, жалт бұрылып құлама жардан айдыңға бірақ тоғытылды. Домбауыл да осылай қуып, қырған шығар. Әйтеуір, сол жолы ауылдағы жілікті жігіттер айдыңға түсіп, талай құланды пышаққа ілді, — дегені құлағымыздан әлі кетпейді. Әбекеңнің бұл әңгімесін ауылдың басқа да қариялары тірілтіп, жандандыра айтады. Осыған қарағанда, кешегі құлан жортқан даланың төсі тұяқ дүбірін әлі де аңсайтын сияқты.

Ұлытаудың құланы ауғанымен де көгінен қыраны кеткен жоқ. Ұлытаудың қыраны тектілігі мен мәрттігі жағынан, төкаппарлығы, өзге жердегі тұқымдастарынан ерекше келеді. Қыран жайлы сөз болғанда халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың: — Жасымда құс салып, ит жүгіртіп, аң аулап, жүйрік баптап, серілік құруға да әуестендім. Арқадағы Ақан сияқты

аты шыққан сал-серілерге әдейі барып, олардың құс салу өнеріне машықтандым. Құсты баптап, қайырып салудың қыр-сырына қанықтым. Сөйтіп, өзім де саятшылықтың кей жағдайынан басқаларды үйрете алатындай деңгейге жеттім. Өз қолымнан қыранның қырық жеті атасының балапанын ұстап баулып, қанатын қатайтып, қайырып салдым. Оның бәрі де осы Ұлытаудың өз қырандары болатын. Әрқайсын жеке-жеке: тау бүркіті, ой бүркіті, қыр бүркіті, су бүркіті, жол бүркіті жеке-жеке талдап айта беруге болады. Соның бәрін санасаң тек бүркіт атасының өзі қырық жетіге жететінін көресіз. Басқадай лашын, түйғын, қырғи, қаршыға сияқты тырнақтыларды заты құс дегенімізбен нағыз бүркіттің шаңына олардың бірде біреуі ілесе алмайды, — дегені бар. Бұл жөнінде Имекең академиядағы қолжазба қорындағы естелігінде жақсы айтқан.

Имекең айтқандай, Ұлытаудың бүркіттері басқа таулардағы тұқымдастарына қарағанда ірі, сүйекті болып келеді. Балақ жүндері балпылдап, салалы тұяқтарын жауып кетеді. Көз жанарлары өткір де, суық. Әбден жетілгенде бұлшық еттері бұлт-бұлт етіп бүйрек тастай ойнап, бойындағы бұла күшті сыртқа серпігені сезіліп тұрады. Өткір де, тарамысты тұяқтары қадалған жерінен тез арада айрыла қоймайды. Әйгілі құсбегілер алыстан әдейі ат арытып келіп Ұлытаудың ұшар басына, қия шыңына ұя салған тау бүркітінің балапанын алуға қызыққан. Ұлытаудың қатпар-қатпар қия шындарының аспанға шаншылған ұшар басына жанынан қорықпай барып, бүркіттің балапанын алып, оны мәпелеп баққан құсбегі өз құпиясын ешкімге де ашпайды. Тек балапаны қатайып, бүркіт болып есейіп, көкке ұшқаннан кейін қансонардың алғашқы күні ғана ауылдастары мен ағайынына, сыр ашар досына: “Ертең қансонар, бүркітімнің тырнақ алдысы” деп жанашырларына хабар салады. Ал баптап салған бүркіт қасқырдан қаймықпайды. Қолына қасқырдан да қайтпайтын таудың нағыз мұзбалағын қондырған саятшының қуанышын айтпаңыз.

Шалғыны жайқалып, жазығы шалқайып жатқан Ұлытауда әлемде теңдесі жоқ небір өсімдіктер өсетіні белгілі. Арнайы құрылып, Ұлытаудың табиғатын зерттеуге шыққан ғылыми экспедициялар жылдар бойы жасаған жұмыстарының қорытындысын жасағаны мәлім. Солардың мәліметтеріне сүйенсек, дүниежүзілік “Қызыл кітапқа” “Улытауские эндомики” — деген атпен енген Ұлытауда ғана өсетін үш жүзден аса

түрлі дәрілік қасиеті бар шөптің барын екiнiң-бiрi бiле бермейдi. Кейбiр ботаникалық зерттеулерге қарағанда төрт жарым миллион гектар жердi алып жатқан Ұлытау ауданының аумағында мыңға жуық өсiмдiк есепке алынған екен. Оның 92 пайызы шөптесiндi, 7 пайызы бұталы, 1 пайызы ағаштар болып келедi.

Ұлытау мен Арғанаты тауларының айналасындағы ұсақ шоқылар мен жазықтарда ғана 600-ден астам түрлi өсiмдiктер дүниесi кездеседi. Бұл республикадағы барлық өсiмдiктер әлемiнiң 12 пайызын құрайды. Ол өсiмдiктер 63 тұқымдас-тыққа, 302 туыстыққа бөлінедi.

Әсем табиғат ұлы жерге ғана жарасатындай. Тау бетiн көмкерiп, көрер көздi сүйсiндiрiп, жұпары кеуде сарайыңды күмбiрлетiп күйге толтыратын Ұлытаудың жасыл аршасын айтпай кетуге әсте болмайды. Қысы-жазы да жасыл қалпынан айнымайтын арша деген өсiмдiк тау бетiнде жатаған қалпында жайылып жатыр. Жылына санаулы сантиметр ғана өсетiн осы арша кезiнде тауды етегiнен ұшар басына дейiн түгел жауып жатыпты. Қазiр таудың басы жалаңаш. Аршасы азып кеткен. Оған таудың белдеуiнен басына дейiнгi аралықтағы жатқан аршалардың ескi орындары, жуан-жуан құраған тамырлары дәлел болғандай. Жұпар иiсi тыныс жолдарын тазартып, қолқанды кеңейтетiн арша бүгiнде таудың әр жерiнде қадау-қадау ғана кездеседi. Бiр кезде жап-жасыл болып, нұрлы сағымды маңайына самалмен желiп тұрған арша арқылы таудың аты алысқа мәлiм болған. Демiкпе ауруына шалдыққандар аршаның қоңыр лебi күндiк жерге ұрып тұрған Ұлытауға жеткенше асыққан.

Ұлытауым — ұлағатым, деген ел кейде оны ауызекi өңгiмеде аршалы тау деп те атаған екен деген де сөз бар. Сол аршалы тауымыз — Ұлытаудың аты шыққан аршасы азайып, жалаңаштанып қалған қалпын да көрдiк. Аршаның азаюын ел iшiндегiлер 1846 жылы Ұлытауға орыс-казак әскерiнiң келiп қоныстануымен байланыстырады. Казак жерiн отарлаудың берiк жоспарын жасаған патшалы Ресей Ұлытау бекiнiсiн салғанда да Ұлытаудың жалпы казак даласының дәл орталығы екенiн әрi стратегиялық маңызы барын да ескерiптi. Казак-орыс станицасы осы өңiрге патшаның қолшоқпары, алыстан сiлтейтiн ай балтасы ролiн атқарғаны ешкiмге де күпия емес. Мiне, осы бекiнiске қоныстанған орыс әскерi тауға қиялай бiткен қалың аршаны, ақ қайың мен терегiн түбiрiмен қиып, отап отын еткен. Оның қасиетiне қызыққаны болар

таудың ұшар басындағы аршаға дейін қолды мол салғаны. Әйтеуір, орнында бар оңалар дегендей жылына санаулы сантиметр ғана өсетін кірпиз, талғампаз өсімдік содан бергі бір жарым ғасырдың ішінде енді-енді ғана көзге түсетіндей болып көрініп келеді. Содан да болар “Қызыл кітапқа” енген арша құрып кетудің алдында ғана тұрған өсімдіктердің бірі ретінде арнайы қамқорлыққа алынды. Ұлытаудағы ақ қайың мен теректер де сонау Геродот көрген немесе Шыңғысхан келіп, Темірлан өтіп, Қасымхан қоныстанған кездегіден әлде қайда азайған. Бір кездері ит тұмсығы өтпейтін қалың тоғайлы алқаптың орындарында шағын-шағын, ойдым-ойдым болып, араарасы ашылып, бөлініп сиреп қалған шағын тоғайларды көресіз.

Адырлар мен жазықтардың арасы жайқалған жасыл шалғын. Бұл жөнінде ел ішіндегі бір әңгімеде сонау жаугершілік заманында Ұлытауды жайлаған елдің бір батыры қапылыста жау қолына түсіп қалыпты делінетін аңыз айтылады. Сонда батырдың түрі мен түсіне, күші мен сымбатына әбден сүйсінген қалмақ ханы өлтіруге көзі қимай өзіне алдырып, оның елі, жері жайлы сөз қозғапты.

— Ау, батыр, елің, жерің қандай?

— Жерім таулы, елім тоқсан екі баулы, — депті.

— Еліңді қанша қолмен барсам аламын?

— Аз барсаң аз өлесің, көп барсаң көп өлесің, — дегенінде бетіне қан ойнап шыға келген хан сәлден соң барып, сабасына түсіп, саябырсып аяғының астында жатқан қалы кілемді сыйпай отырып:

— Елінде мынандай кілем ұстай ма? — депті. Сонда ханға тіктей қараған батыр ерекше бір жігерленген түрде жарқын үнмен:

— Ей, ханым, бізде мұндай кілем дегендеріңіз көшкенде жұртымызда қалады. — деген екен. Батырдың зеректігі мен алғырлығына, жігеріне риза болған хан: — Жерің түкті де шұрайлы, шүйгінді екен ғой. Өзіндей ері бар ел маған мойынұсына қоймас, — деп батырды босатып, қосынын кейін бұрыпты дейді. Осы аңызда айтылғандай таудың сай саласында, жазығында адыры мен белінде шұрайлы, шүйгінді, табиғи шөптің сан түрі өседі. Осындағы өсімдіктер дүниесіне зер салып, оны зерттеген мамандардың айтуына, арнайы жасаған ғылыми жұмыстарың негізіне қарағанда мұнда жеті жүзге жуық шөп түрінің өсетіні анықталған. Талдай қарағанда оның жүз шақтысы жемазықтық, төрт жүзі емдік, елу түрі

тағамдық, жетпісі техникалық, ал қырық түрі улы өсімдік екені белгілі болып отыр. Бұлардың арасында басқа жерде өспейтін, тек Ұлытауда ғана кездесетін емдік қасиеті бар, тағамдық құнары мол шөп түрлерінің көп екенін айтсақ артық болмас.

Жаз айларында шөп еркін өсіп жетілгенде Ұлытауға бет алған серуеншілер легі көбейеді. Жұмадан бастап, сенбі, жексенбі күндері Ұлытаудың қойнау-қойнауына қарай күніне 200-800-ге жуық жеңіл автокөлікпен ағылған жұртта шек жоқ. Жезқазған — Сәтбаев пен Арқалық — Ақмола жағынан жеміс-жидек теруге келетіндер ойдым-ойдым ормандардың өн-бойын сүзе шығып, қарақат пен мойылды, бүлдіргені мен шиесін, доланасы мен итмұрынын, қымыздығы мен саңырауқұлағын, тау жуасының қылтиғанын қалдырмай теріп өкетеді. Арканатының бойындағы ит тұмсығы батпас қалың ішіндегі қарақаттын ағашын тамырымен қопарып кеткенін де көз көрді. Ұлытаудың іргесіндегі Сарша мен Тынымбай өзендерінің түбіндегі сиыр бүлдірген мен қой бүлдіргенді бүгінде ол жерлерден емге іздесең табу қиын. Ал бір кезде бұл жерлерде шалғынына отыра қалсаң қып-қызыл бүлдіргеннің үстіне түсетінсіз дегенге көңіл сенгенмен, көз сенбейді. Осыған қарағанда Ұлытау өңіріндегі өсімдіктер дүниесіне соңғы жылдары қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізген Жезқазған ботаникалық бағының қызметкерлері бүлдірген сияқты отыздан астам тағамдық және емдік қасиеттері бар өсімдіктердің өмірі қыл үстінде, құрып кетудің алдында тұрғаны туралы қаққан дабылы шындыққа келеді.

Ғасырлар бойы қойнында барын халқына ұсынған, етегіндегілерін аштыққа ұрындырмай ұрпағына жалғап келе жатқан ұлы таудың әр жемісі елдің ырзығы, несібесі де болып саналады. Халқымыздың басына түскен сонау бір қаралы жыл — 1932 жылы Ұлытаудың түбіндегі ел аштыққа ұрынбай аман қалды. Бүлдіргені мен доланасын жеген, аңы мен құсын азық еткен қазақ аштан өлсін бе? Ұлытаудың бойына сонау Батпақ қара жақтан жеткен аштар легі тау қойнауына келе естерін жиған. Бірі орманын паналап, бірі қоянын аулап, балығын сүзіп, құсын алып, тіршілікке қайта қауышқандар — Ұлытаудың қасиеті шығар. Тауға іліккендеріміз аман қалдық. Ілікпегендерге лаж бар ма? — деп естелік айтады бұрынғылар.

Ұлытаудағы аң мен құстың молдығына ешкім де талас тудырмайды. Ресми деректерде осында жүзден аса сүт қоректі,

200-ге жуық құс бар деп мәлімденіп жүр. Бұл аз болмаса көп емес. Қайсыбір аң мен құстың тұқымы азайып, құрып кетті дейміз. Бірақ солардың өзінің қайсы бірінен әлі де бұтақ қалғаны толық зерттеліп айтылмай жүр. Майы өкпе ауруына мыңда бір ем деп борсықты мемлекет те, жеке адамдар да арнайы бригада болып іздеп жүріп аулады. Қазір борсық емге табылмайды. Шындығына келгенде борсық таза құрып кеткен жоқ. Дегенмен, дәл бұрынғыдай еркін көсіліп көрінбейді де. Арагідік адырлы, қыратты жерлерден ойда жоқта бір кездесіп қалады.

Жұдырықтай ғана тұлғасы бар күзеннің де жағдайы дәл осы борсық кешкен күйде. Терісінің бағалылығына қызыққандар оны қақпанмен аулап, мылтықпен атып, тауысуға айналды.

— Аң мен құсты айтамыз, Ұлытаудың қызыл тобылғысы “Қызыл кітапқа” түскен жоқ па? — деген еді аудандық тарихи мұражай-қорығының директоры, бірнеше жыл осы ауданда жауапты қызметтер атқарған туған жердің шын жанашырларының бірі Майтон Алпысбайұлы бір әңгіменің орайы келгенде.

Қызыл тобылғының құрып кетуі пынында да кімді болса да қайран қалдырады. Талай бекзада мен бектердің, батырлар мен билердің білемдеген қамшысына сап болған қызыл тобылғы таусылар-ау, ол бірде Қызыл кітапқа енер-ау деп кім ойлапты. Сай-сайдың беткейіне көрік беріп, жасыл жапырағын жайып тастап, кербез керілген қызыл тобылғыңыз енді қарап тұрсақ тұқымы жартылай құрығандардың қатарында екен.

— Ұлытау жерінің асты-үстінің байлығы да талапайға түсіп, талайлардың қолында кетіп жатыр. Табиғатын қорғаушылардан да қорлаушылар көп. Ең өкініштісі, сол байлықтарымызды заңды, түрде қорғап, жақсартып, сақтап, сұғанақтарға құрық сала алмай келеміз. Экологиялық жағдайларда табиғаттың түрлі кездейсоқ апаттардың алдын алуға қажетті шараларды жүзеге асыруға заң жүзінде қол жеткізу қажет. Әйтпесе, Ұлытаудың сұлулығын аңы мен құсын, суы мен нуын сақтап қалу өте қиын — дегенді заң қызметкері, еліміздің тарихына зер салып зерттеп жүрген айтулы азаматтардың бірі Асылхан Хасенұлы Сейдімбеков.

Шынында да заңгер жігіттің бұл айтып отырғаны туған өлкенің тарихына, табиғатына немқұрайлы қарай алмайтын азаматтың жан айқайы екеніне еш күмән жоқ. Бір ғажабы сол, Асылхан айтқандай табиғатты қорғау туралы заңды

басшылыққа алып, аң мен құсты ретсіз аулап, ағашын кесіп, топырағын қопарып кеткендердің әзірге бірде біреуінен құқықтық жауапкершілік сұралмаған екен. Міне осындай сұраусыз, жоқтаусыз, жауапсыздықтың салдары болар, жүгірген аң, ұшқан құстың өз бетінше өмір сүруінің өзі қауіп пен қатерге толып отыр. Осыдан барып табиғат жұтап, жер тозып барады деп дабыл қағамыз. Әйтпесе, Ұлытаудың аңы мен құсы қайда кетер еді дейсің. Бұл ретте елдегі табиғат қорғау жөніндегі атқарылып жатқан шаралардың бәрін бірдей жоққа шығаруға болмас. Дегенмен, заңдылық тұрғысынан баға беретін де, табиғатқа зиянын тигізетіндердің заң алдында жауап беретін де кезі келді білем. Сонда ғана көк жүзін шарлаған ерке құс, жердегі жүйткіген аңның да құтты мекені болған қасиетті өлкедегі аң мен құстың базары тарқамайды.

Таудың арғы-бергі беткейінде көп кездесетін “Қарағандысай”, “Қарағанды”, “Талды”, “Талдысай” деп атау алған жерлерден қараған ағашын кездестіре алмайтын болдық. Жер мен суға ат қоюда қателеспейтін қазақ Талдысай немесе Қарағандысай деп атағанда ол жерде тал мен қарағанның орасан көптігін мезгеген емес пе? Шынында да бір кездері ол жерлерде қараған мен тал ағашы аттылығы өткел бермейтін. Енді қазір сол өздері атын алып тұрған жерден қараған мен талыңыз сирексіп қалғаны көңілді қоңылтақсытады.

Таудың тастақты қырат беткейінде өсетін “қарандыз” атты тамыры ағаш, басы шөпті өсімдік өкпе ауруына мың да бір дауа. Қарандыздың тамырын шайға екі салып ішкен адам Көк жөтелді екінші қайтып көрмейді. Шынында да солай. Қарандыздың тамырын аққұманға салып қайнатып ішіп, бойра-бойра болып терлеп, тұмауынан айығып кеткендер оның қадір-қасиетін жырлап береді. Осындай құндылығы мен қасиеті бар әрі шөп, әрі ағаш есептелетін қарандызыңыз да есепке алмасақ ескерусіз қалатын жағдайда.

Тобылғы мен қарағанның, талдың тау беткейінде азаюының бірнеше түрлі себептері бар. Оған ең алдымен Ұлытау маңына жақын орналасқан Байқоңыр ғарыш айлағындағы түрлі әскери сынақтардан, ракеталардың сынықтарынан кеткен өрт пен ауа райының өзгеруі үлкен әсер еткені аян.

Аспанға атылған әр ракетаның Ұлытау үшін де өзіндік зардабы аз болмады. Бір кезде қалыпты жағдайды ұстап тұратын тұрақты ауа райы бар тау өңірі бүгінде құбылмалы күйге айналды. Ракеталардан ұшқан улы газдар экологиялық

ластану, бәрі-бәрі айналып келіп тұтас тіршілік тынысын тарылта түсті. Бұл да болса уақыттың бір кезеңі шығар. Әйтпесе Ұлытаудың шырайлы көркіне шаң жұғады деп кім ойлаған.

Шуағын шашып, маужырап тұратын жаздың жайдары күндері Ұлытаудың бөктері тірліктің жұмағы саналады. Ата-бабамыздың “Қой үстінде бозторғай жұмыртқалады” дейтіні дәл осындай бір мамыражай тірліктен айтылса керек. Абыр-сабыры алмасқан осы кездің өзінде де Ұлытаудың шырайлы шақтары көріні жасартып, жасты жадыратып, желпінтіп жібереді. Осыдан да болар, Ұлытаулықтар жыл он екі айдың төрт мезгілге бөлінетінін біле тұра оны өздерінше алты ай қыс, алты ай жаз деп бірақ атайды. Онысы басқа жерге қарағанда Ұлытаудың қысы ұзақ, жазы салқын келетіндігінен болар. Көктем мен күзі қысқа әрі тез өтеді. Көктемнің келіп, күздің түскенін кейде аңғармай да қаласыз. Дегенмен, әр нәрсе өз сәнімен ғой. Қысы қыстай, жазы жаздай, көктемі көгеріп, күзінде қыраулана қалатын табиғаттың төл мінезі мұнда да баршылық.

Ауа райы жайлы әңгіме қозғасақ ауызға алдымен қаһарын төккен қыс түседі. Қыстың есте қалатындай жөні бар. Бораны апталап соғады. Кейде тұтас бір айға созылып кетерін қайтесіз. Боран басталардың алдында ауа тып-тынық болып, ақ көбік қарды сай-салаға, қырат-жыраға төпелеп, төгіп-төгіп алып сәл тыныстай қалады. Көбік қар толарсаққа дейін жетті дегенше артынша Ұлытаудың қатты желі басталады. Тау қойнауынан баяу ызылдай соққан жел бейне бір жас баланың уіліндей алғашқыда әлсіз естіледі де, бірте-бірте күшейіп, мындаған сан аттың тұяғы тауды қопарып өткендей дүрілдей соғып, ауық-ауық ішегін тартып шіреніп алады. Көзге түртсе көрінбес мұндай борандар қыстың қай айында болса да соға береді. Тек басталуы қалай елеусіз болса, оның ашылуы да сондай. Қас пен көздің арасында ұйытқыған боран сап басылып табиғат жүп-жуас, моп-момақан қалпына түседі. Аспан шайдай жадырап, күннің нұры аппақ қарға шағылысып, күміс моншақтар жылт-жылт етеді. Ондайда әлгінде ғана дәл осы жерде көз көрінбес боран болды дегенге сене алмайсың.

Апталап, кейде айға созылатын ондай боранда да тау тұрғындары өздерінің қалыпты тірліктерін, үйреншікті істерін тоқтатпайды. Шопаны қойын өргізіп, жылқышысы табынды қайырып, ышқына соққан боранмен күш сынасқандай сыр бермейді.

Қыстың қаталдығына аңы да, адамы да табиғатынан бейім келеді. Қар алғаш жауған қазан мен қарашадан бастап солқылдай соққан боранды сағынатын бір кездер болады. Ал боранның алғашқы күні түлкі тымағын баса киіп, ақсақалдар айшылағандай болып: — Бұл боранға да жеттік, — деп бірінің үйіне бірі барып қазан көтертіп, түстеніп, сыбағаларын жеп қауқылдасып қалады.

Ұйтқыған боранды күні жел қанша күшті болып қарды сай-сайға қуалай соққанымен аязы оған сай болмайды. Қайта ашық, желсіз күні тау қойнауы мен жазықта ауаның температурасы кейде 32-40 градустан 47-55 градусқа дейін суытады. Ал басқа күндері 25-30 градус аяз кәдімгі қалыпты температура болып санала береді.

Ұлытаудың бораны жайлы сөз еткенде бірнеше жыл осы Ұлытау ауданы атқару комитетінің төрағасы болған, көргені мен көңіле түйгені мол, қашан да, қандай жағдайда да туған тауындай сабырлы қалпынан бір таймайтын Сабыржан Досанұлы: — Ұлытаудың бораны болмаса бұл жердің қадір-қасиетін кім түсінеді. Табиғатында жазы жайдары, қысы қатал жерге осындай бір ерекшелік тән болуы керек. Ұлы жердің қысы мен жазы, көктемі мен күзінің ерекшелігі, қасиеттілігі бөлек-бөлек әңгіме етуге тұрарлық. Соның ішінде қысының жайы өзгеше. Ат құлағы көрінбес борандарда Ұлытаудың бөктерінде жұмыс, еңбек қарқыны бір толастамайды ғой. Рас, апталап, айлап кететін боранда бұрын жол қатынасы қиын болатын. Ұлытауда туып өскендігімнен бе, әйтеуір аудан қайтадан құрылған 1972 жылдан кейін, атқару комитетінің төрағасы болып қызметке кіріскен бетте алғашқы жұмысты Жезқазған — Ұлытау көтерме жолын салудан бастадым. Бірнеше рет тиісті министрліктерге шықтық. Үкімет алдына мәселе қойылды. Көп қиындықпен барып, көтерме жолдың құрылысы басталды. Бас аяғы 130 шақырым қашықтықтағы жол үш жылдың беделінде салынып бітті. Үстіне асфальт төселді. Қазір сол жолдың рахатын ел көруде. Бұрынғыдай үп етіп соққан боран болса көлік жүре алмай жолда қалудан арылдық..

Қысы қандай ауыр болғанымен, жадыраған жазына жеткенде ақпанда соққан боран мен аязды күндерді лезде ұмытып-ақ кетесің. Көктемдегі жер дүние елжіреген сәттен бастап, мамырдың ортасы ауғанша дала өзіне өзі келе алмай толықсып, толқып тұрады. Мамырдың мамыражай тірлігінен кейін тау мен дала, ой мен қыры жасылға малынып, жасарып шыға

келеді. Мың сан шөптің хош иісі танауыңды жарып, таңдайыңа ұйып қалғандай тамсандыра береді. Саумал лебі аймалаған сайын дала төсінде тұрып мына өмірдің тәттілігі мен тамашасына жана ғана қаныққандай, тірліктің мәнін де, сәнін де енді ғана ұққандай болып, құштарлана, құшарлана түсесің.

Күн шуағына алаңсыз шомыла жүріп жаздың да қалай өткенін байқамай қаласыз. Шілде мен тамыз аяқтала бере ауа салқындап, жаңбыр жиелеп, аспан әлемін әлсін-әлсін ала бұлттар торлай бастайды. Ал қыркүйектің ортасы ауа бұлттың түсі сұрланып, шөп пен жапырақтар сарғайып көз үйреніп қалған жасыл жайлау сарғыштанып, басқа бір өлкеге аяқ басқандай әсер береді. Үлдеген желі мен толассыз жауған жаңбырының соңы жабысқақ қарға ұласып, қазан мен қарашада табан астында ұлтанды жабар қар жатады. Сол жатқаннан ол қарыңыз желтоқсанға дейін екі-үш рет жаңарып, қаңтар мен ақпанның сақылдаған сары аязында қалыңдығы кей жерлерде үш-төрт метрге дейін жетеді. Бұл ретте аудан орталығын қақ жарып өтетін өзеннің екі беткейінде орналасқан тұрғындардың қыс бойы үйлерін басқан қарды аршудан қолдары, тимейтінін айтуға болады. Іргеден басталып төбеге дейін тірелген қасат қардың қаттылығы сондай адам тұрмақ атан түйені де, тіпті алып трактор-автомашинаны да мыңқ етпей көтеріп кете береді.

Ұлытаудың қысы жайлы айтқанда мына бір жай ойға орала береді. Ауданда бұрын болмаған қазан айының басында бірінші хатшы болып бекіген белгілі бір азамат Ұлытауға келеді. Бұрын сан рет Ұлытаудың атын естігені қысының қаталдығына сырттай қанық болуы керек, бірақ дәл қазанда қарға ұрынам деп ойламаса керек. Ұлытауға бет алып шыққанда оны қарлы жаңбыр үйтқыған боран қарсы алады. Жезқазған мен Ұлытаудың екі ортасында жатқан Талдысай елді мекенінің үстімен өткен хатшы қасындағы атқару комитетінің төрағасына: — Мына ферманың орталығында шөп үйілмепті. Упыр ертең шақыртыңыз, — деп шақ ете түсіпті.

Айтқанындай қазанның бесінде атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісі болады. Барлық шаруашылықтың басшылары, мамандар қатысады. Хатшы «ә» дегеннен: — Қайда анау? — деп төрағаға иек қағады. Өзі де күтіп отырған болу керек, ферма басшысы орнынан тұрған бетте сөйлей жөнеледі:

— Жәке, бұрын бұл өлкеде болған жоқсыз. Ұлытаудың табиғатын біле бермейсіз. Бұл жеріңіз құданың құдыреті, айтсам нанбассыз, былайғы жұрт біледі, Талдысайдың қысы Ұлытаудан бір ай кеш түсіп, бір ай ерте кетеді. Табиғаттың болысқаны шығар қолдағы қой тебіндікпен қыстан шығады. Ал дайындаған шөбіміз есептеуіміз бойынша қысқа жетеді, көмек сұрамаймыз. Құдай қолдаса, әлі қысқа бір жарым айдай уақытымыз бар, — деп ферма басы сөзін аяқтайды. Ұлытаудың қысынан, табиғатынан еш хабарсыз хатшы: — Әй, исполком, мынау упрың не дейді. Бұл өзі құдаймен байланысы бар ғой. Мұның қыс-жазын құдай реттеп отырады екен. Бұған райком, райисполком не керек. Құдаймен тіке байланысқа шыққан жан екен, — деп үстөлдің үстін жұдырығымен солқ еткізеді. Әрине, хатшы ашуланса ашулана берсін, бұл жерде ферма басшысының айтқан сөзінде де бір шындық бар еді.

Ұлытаудың табиғатының ерекшелігінің өзі де сол, онтүстік жағының қысы Ұлытаудың өз басымен, батысы солтүстік жағына қарағанда бір ай кеш түсіп, көктемнің бір ай ерте шығары анық. Бас-аяғы, әрі-берісі 50-60 шақырым жердегі ауа райының осындай ала-құлалығын ешкім де дәл ажыратып, айтып бере алмайды. Тіпті Ұлытаудың өз басында көз көрінбес үйтқыған боран соғып тұрғанда одан бір шақырым жерде бел астында күннің көзі жадырай шығып, тып-тынық, ашық ауа райы тұрады. Ұлытау мен Айыртаудың арасы 6-7 шақырым. Айыртаудың түбіндегі “Қызыл қайыңнан” асқанша үйтқыған боран бір басылмайды. Ал одан өткен соң жаңа ғана бораннан шықтым дегенге өзге түгіл өзің де сене алмайсың.

Тауға қалың түскен қар оның жаздағы ауа райына да әсер етеді. Қар қалың түссе, көктемде су мол болып, жазда жаңбырға шөлікмейсің. Арнайы жүргізілген ғылыми-зерттеулерге қарағанда Ұлытауға жауын-шашын орта мөлшері 250-300 миллиметр түседі екен. Содан да болар қыста қардың қалың түскеніне осында бір келіп қана кететін жолаушы жан болмаса, тауда туып-өскен нағыз ұлытаулықтар қуанбаса ренжи қоймайды. Қайта қыстағы боранның арасы шамалы бір үзіліңкіреп, ұзаққырап қалса: — Оу, боранымыз қайда кеткен? — деп елегізетіні бар.

Қаңтар мен ақпанның 50 градустан асатын аязы жаздың жадыраған шілдесіне түспа-түс келеді. Қыстағы аязына, жаздағы ыстығы сәйкес келгендей. Мұндағы абсолютті температура жаз айында кейде 38-46 градус жылылыққа дейін көтеріліп,

келеді. Мың сан шөптің хош иісі танауыңды жарып, тандайыңа ұйып қалғандай тамсандыра береді. Саумал лебі аймалаған сайын дала төсінде тұрып мына өмірдің тәттілігі мен тамашасына жаңа ғана қаныққандай, тірліктің мәнін де, сәнін де енді ғана ұққандай болып, құштарлана, құшарлана түсесің.

Күн шуағына алаңсыз шомыла жүріп жаздың да қалай өткенін байқамай қаласыз. Шілде мен тамыз аяқтала бере ауа салқындап, жаңбыр жиелеп, аспан әлемін әлсін-әлсін ала бұлттар торлай бастайды. Ал қыркүйектің ортасы ауа бұлттың түсі сұрланып, шөп пен жапырақтар сарғайып көз үйреніп қалған жасыл жайлау сарғыштанып, басқа бір өлкеге аяқ басқандай әсер береді. Үілдеген желі мен толассыз жауған жаңбырының соңы жабысқақ қарға ұласып, қазан мен қарашада табан астында ұлтанды жабар қар жатады. Сол жатқаннан ол қарыңыз желтоқсанға дейін екі-үш рет жаңарып, қаңтар мен ақпанның сақылдаған сары аязында қалыңдығы кей жерлерде үш-төрт метрге дейін жетеді. Бұл ретте аудан орталығын қақ жарып өтетін өзеннің екі беткейінде орналасқан тұрғындардың қыс бойы үйлерін басқан қарды аршудан қолдары, тимейтінін айтуға болады. Іргеден басталып төбеге дейін тірелген қасат қардың қаттылығы сондай адам тұрмақ атан түйені де, тіпті алып трактор-автомашинаны да мыңқ етпей көтеріп кете береді.

Ұлытаудың қысы жайлы айтқанда мына бір жай ойға орала береді. Ауданда бұрын болмаған қазан айының басында бірінші хатшы болып бекіген белгілі бір азамат Ұлытауға келеді. Бұрын сан рет Ұлытаудың атын естігені қысының қаталдығына сырттай қанық болуы керек, бірақ дәл қазанда қарға ұрынам деп ойламаса керек. Ұлытауға бет алып шыққанда оны қарлы жаңбыр үйтқыған боран қарсы алады. Жезқазған мен Ұлытаудың екі ортасында жатқан Талдысай елді мекенінің үстімен өткен хатшы қасындағы атқару комитетінің төрағасына: — Мына ферманың орталығында шөп үйілмепті. Упыр ертең шақыртыңыз, — деп шақ ете түсіпті.

Айтқанындай қазанның бесінде атқару комитетінің кеңейтілген мәжілісі болады. Барлық шаруашылықтың басшылары, мамандар қатысады. Хатшы «ө» дегеннен: — Қайда анау? — деп төрағаға иек қағады. Өзі де күтіп отырған болу керек, ферма басшысы орнынан тұрған бетте сөйлей жөнеледі:

— Жәке, бұрын бұл өлкеде болған жоқсыз. Ұлытаудың табиғатын біле бермейсіз. Бұл жеріңіз құданың құдыреті, айтсам нанбассыз, былайғы жұрт біледі, Талдысайдың қысы Ұлытаудан бір ай кеш түсіп, бір ай ерте кетеді. Табиғаттың болысқаны шығар қолдағы қой тебіндікпен қыстан шығады. Ал дайындаған шөбіміз есептеуіміз бойынша қысқа жетеді, көмек сұрамаймыз. Құдай қолдаса, әлі қысқа бір жарым айдай уақытымыз бар, — деп ферма басы сөзін аяқтайды. Ұлытаудың қысынан, табиғатынан еш хабарсыз хатшы: — Әй, исполком, мынау упрың не дейді. Бұл өзі құдаймен байланысы бар ғой. Мұның қыс-жазын құдай реттеп отырады екен. Бұған райком, райисполком не керек. Құдаймен тіке байланысқа шыққан жан екен, — деп үстөлдің үстін жудырығымен солқ еткізеді. Әрине, хатшы ашуланса ашулана берсін, бұл жерде ферма басшысының айтқан сөзінде де бір шындық бар еді.

Ұлытаудың табиғатының ерекшелігінің өзі де сол, оңтүстік жағының қысы Ұлытаудың өз басымен, батысы солтүстік жағына қарағанда бір ай кеш түсіп, көктемнің бір ай ерте шығары анық. Бас-аяғы, әрі-берісі 50-60 шақырым жердегі ауа райының осындай ала-құлалығын, ешкім де дәл ажыратып, айтып бере алмайды. Тіпті Ұлытаудың өз басында көз көрінбес үйтқыған боран соғып тұрғанда одан бір шақырым жерде бел астында күннің көзі жадырай шығып, тып-тынық, ашық ауа райы тұрады. Ұлытау мен Айыртаудың арасы 6-7 шақырым. Айыртаудың түбіндегі “Қызыл қайыңнан” асқанша үйтқыған боран бір басылмайды. Ал одан өткен соң жаңа ғана бораннан шықтым дегенге өзге түгіл өзің де сене алмайсың.

Тауға қалың түскен қар оның жаздағы ауа райына да әсер етеді. Қар қалың түссе, көктемде су мол болып, жазда жаңбырға шөліркемейсің. Арнайы жүргізілген ғылыми-зерттеулерге қарағанда Ұлытауға жауын-шашын орта мөлшері 250-300 миллиметр түседі екен. Содан да болар қыста қардың қалың түскеніне осында бір келіп қана кететін жолаушы жан болмаса, тауда туып-өскен нағыз ұлытаулықтар қуанбаса ренжи қоймайды. Қайта қыстағы боранның арасы шамалы бір үзіліңкіреп, ұзаңқырап қалса: — Оу, боранымыз қайда кеткен? — деп елегізетіні бар.

Қаңтар мен ақпанның 50 градустан асатын аязы жаздың жадыраған шілдесіне түспа-түс келеді. Қыстағы аязына, жаздағы ыстығы сәйкес келгендей. Мұндағы абсолютті температура жаз айында кейде 38-46 градус жылылыққа дейін көтеріліп,

қысқа кеткен есені бір қайтарады. Әйтпесе, жалпы жаздағы температура 19-25 градус арасында жылылық ұстайды деп батыл да нақты айта аласыз.

Ұлытаудың бораны мен жауынын айтқанда желпілдей соққан желі жайлы бірауыз сөз айтпай кетуге әсте болмайды. Таудың желі солтүстіктен, кейде солтүстік шығыстан көтерілген кезде секундына 13-16 метр жылдамдықпен соғады. Желдің бағыты, таудың ыңғайына қарай бұрыла соғып тұрады. Төрт құбылаға тең тұрған Ұлытаудың батысы мен шығысының желі басқа желге қарағанда екпінді де, еселі келеді. Есесіне оңтүстіктен ескен желдің жылдамдығы басқаларынан қуаттырақ, шапшаң деп саналады.

Сұрғұлт та жылтыр тастарының әр қайсысында ғаламат бір қасиет жатыр. Таудың әр тасында әр қайсына ғана төн бір-бір ерекшелік бар. Мұнда еліміздегі қазба байлығының барлық түрі де кездеседі. Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ашылған қорғасын кеніші өз қорын таусып біткен жоқ. “Ешкі өлместің” азбесті де ашылып барып жабылды. Ал таудың өзінің гранит тасынан түрлі кәсіпорындар қалағанынша кесіп алып кетіп жатыр. Алтын мен күміс аракідік болса да кездеседі. Ал, Кішітау мен Арғанаты тауларындағы қазба байлықтарына әлі қайла тиген жоқ. Тасының қасиетін халқы біліп, қазынаның үстінде отырмыз деп кей кезде мәз-мәірәм болып қалады. Шынында да Ұлытау халқы ғаламат қазынаның үстінде отырғаны анық. Ішкен суы бал татып, жеген тағамы тіл үйірген жанның өз ырзығы мен несібесін Ұлытаумен байланыстыратыны да осыдан болар. Тасына үш жүздің баласы таңбасын салып, бірлікке қол қойған жердің қасиеті мол екенін онда туып өскен небір дүлдүл жампоздардың есімдерін еске алып та айқын түсінуге болады.

ҮШҮНҮШ БӨЛҮМ

**ТЕКТИЛЕРИ
ТҮЛЕТКЕН**

ТЕКТІЛЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Жер бетінде төрт құбыласы тең тұрған Ұлытаудың топырағынан ба, әлде тасына Алланың нұры тиген ерекше қасиетінен бе, әйтеуір оның бөктерінде халқымызға танымал болып, елдің ел болып қалыптасуына елеулі үлес қосқан небір дүл-дүл ақыны, айбыны асқан батыры дүниеге келіпті. Бес қаруын бойына сай сақтаған атан жілікті, арыстан жүректі батырлардың, көмейінен жыр төгіліп, айтқаны дәл келген ақындар мен шешендердің жырлағаны Ұлытау, сыйлағаны да Ұлытау болыпты.

Тарихқа қарап отырсақ, Ұлытауға алғаш орда тіккендердің бірі Әбілхайырдың осы жерде Ұлықбектің қызы Рабиға бегімді алып неке тойын тойлағанын білеміз. Сол заманда атақты батырлардың бірі болған, ірі тұлға саналған Арғын Ақжол батырдың туған жерін әзірге ешкім дөп басып дәл айта алмайды. Ал шындығына келгенде Ақжол батыр тарихта болған, осы Ұлытаудың бір перзенті. Оның әкесі Қотан би аруақ қонған, дуалы ауыз өулиенің өзі екен. Оның баласы Ақжол осы Ұлытаудың бөктеріндегі Терісаққанның бойында ел жайлауға шыққанда туыпты. Тұлпар мініп ту алған, жауын көрсе соңынан қуып қуанған Ақжолдың есімі бүгінде осы өңірдегі арғын руының ұранына айналғаны да тегін емес. Қара қыпшақ Қобыланды мен сөзге келіп, арадағы араздық соңы қапылыста Ақжолдың қазасымен бітеді. Бірақ, Ақжолдың есімі ерлер арасында ерекше тұр. Оның себебі Ақжолдың күш-қайраты Қобыландыдан кемдігінен емес, елдің бірлігін, татулығын тұтастығын ойлап, Қобыландыға қарсы қару көтермегендігінде дейді. Ел арасын араздастырмай, бірлікті бүзбай, тату болу мақсатын көздеген Ақжол батыр сауыт-сайманын кимей, қолына найза алмай, қаһарланған Қобыландыға күле қарап, жайымен бейбіт әңгімеге шақырыпты. Бірақ,

Қобыланды Ақжол ойлағанды ойлауға шамасы келмей, ашудың үстінде қаруға қол салады. Ақжол ажалды қасқып тұрған қалпында қарсы алыпты. Бұл да болса Ақжол батырдың туған жерінің қасиетінен болар, ашудан да ақылды қолдағанын, бірлікті көздегенін сол жолда жанын қиғанын көрсетеді. Асылы Ақжолдың туған топырағы Терісаққан бойында қазақтың небір марғасқа батырлары дүниеге келген. Содан да болар Терісаққан төңірегінің топырағын басқан адамға батырлық қасиет жүғады деп айтады ауылдағы үлкендер. Араға бірнеше ғасырлар жіберіп дәл осы Терісаққан өзенінің бойында 1802 жылы шаңырағынан жеті атадан бері батырлық үрдіс үзілмей келе жатқан Қоңырбай батырдың отбасында Ағыбай батыр дүниеге келіпті. Тарихта аты Шұбыртпалы Ағыбай, Ақжолтай Ағыбай атанған Ағыбай батырдың ат жалын тартып мінген жері де осы қасиетті таудың бөктері. Бұл жөнінде батырдың ұрпағы Қали Сағымбекұлы Хишауов: — Ағыбай батырдың туған жері Ұлытау, атамның аруағына әркез сыйынып жүрген шапағаты болар, қолға алған ісімді жолға тастап көргем жоқ. Ағекемді жебеушім деп те мақтанамын, — деп небір алқалы жиын, алқалы топта ағынан жарылатыны бар.

Ағыбайдан мүшел жастай кішілігі бар Төлек Жәуке батырдың да кіндік қаны тамған жер осы Терісаққан өзенінің бойы. Толқыны тулаған өзеннен жігер қайрат алған ба, осы топырақта туған ұлдардың қайрат-күші тасқындап, толысып жауын көрсе көздері оттай жайнап, қырандай шүйлігеді екен. Бұл жөнінде де ел ішінде әңгіме көп. Солардың бірі Шұбыртпалы Ағыбай мен Төлек Жәукеге қатысты еді.

Бағаналының төрт босағасының бірінен саналатын Шегірдің бел баласы Абайділдөнің аты өз кезінде тұстастары арасында озық шыққан. Сол Абайділдө Кішітаудың бойынан шығып, Терісаққаннан өтіп, жайлау төсінде жатқан қалың жылқыны қақ жарып өтеді. Ұзын ырғасы жиырма шақты адам. Сонадан көрінген ауылға аттың басын да бүрмайды. Сары желіспенен жүйткітіп бара жатқан шоғырдың соңынан бір қара салып ұрып қуып жетеді.

— Оу, жігіттер, араларыңда бие құлындата алатын емшілерің бар ма? Батырдың тұлпар туатын биесін құлындата алмай әлек болып жатырмыз, — демей ме.

— Сықпыттарыңа қарасам арғын, қыпшақ жиналып бір биенің артына сыйып кеткендей екенсіңдер. Енді соған үшінші етіп найманды қосқыларың келді ме. Ол бола қоймас, — шу, — деп Әбәйділде атын тебініп алға қарай жүріп кетеді.

Шапқыншы жігіт ауылға барып, осылай да осылай, айтқан сөзі әлгіндей, қайрылмай кетті демей ме?

— Е, онда осындай кесек сөйлейтін басқа емес, Бағаналының төрт босағасының бірі Шегірдің Әбәйділдәсі болды. Шақыртындар, арнайы соғып, қонағасысын жеп кетсін, — деп артынан тағы да адам жіберіпті.

Манағы жігіт бір бел асып кеткен Әбәйділделарды қуып жетеді.

— Батыр жіберді, қонағасысын жеп кетсін деген сәлем айтты.

— Батырың кім? — дегенге, — Төлек Жәуке! — деп жөнін білдіреді. Содан Әбәйділде адамдарымен атының басын батырдың ауылына қарай бұрады.

Батырдың ақ ордасына қырық қадам қалғанда Әбәйділде астындағы ақ боз атынан түсіп, ер-тұрманын сыпырып, жүгенін алып, жетектегең қалпы батырдың белдеуіне әкеліп байлапты. Алты қанат ақ үйдің табалдырығынан: — Асса-лау... — деп сәлем бере енгенде төрде төбедей боп отырған батырдың өзін көреді. Қартайып, шөгіп қалғанның өзінде малдас құрып отырғанда төбесі керегемен қапталдасады екен. Жолаушылардың сәлемін жылы қабылдап, Әбәйділде өзіннің қасынан орын береді. Емен-жарқын әңгіме басталып кетеді. Далада қысырдың тайы сойылып жатыр. Ел жайы сөз болып, таныс-біліс сұралғаннан кейін бір сөздің орайында Әбәйділде Төлек Жәукеге жеделдете- жеделдете екі сауалды бірінен соң бірін тастайды.

— Е, батыр, атақ даңқыңыз исі қазаққа толық жетті. Оған ешкімнің таласы жоқ. Мына шаңырақтан шығып тұрған

найзаңыз, анау тұтас керегені алып тұрған сауыт-сайманыңыз бәрі де өз кезінде қызметін атқарды. Енді осыларды дәл өзіңіздей ұстап алып жүретін бел балаңыз, батыр балаңыз бар ма? Бұл бір еді. Одан қалды адам баласының үлкен-кішісінің жас пен кәрісінің жаны бірдей. Қанша жаудан жүрегіңіз қайтпайтын батыр болсаңыз да кеудесінде жаны бардың жүрегі бүлк етпейтін кез болмас. Осы жасыңыздың ішінде қорыққан кезіңіз бар ма, қуанған кезіңіз болды ма? Әңгіме болсын кейінгіге жетер, айта отырыңыз, — деп батырдың өзіне сөз тастайды.

Көзін жауып кеткен қалың қабағын қос қолымен кезек-кезек көтеріп маңайына көз салып алған батыр: — Жөн-жөн, Әбеш, айтқаныңның бәрі жөн. Сауалың орынды. Жауабын да тыңда ендеше, — деп гүрілдеген даусымен әңгімені бастап кетеді.

— Ақ боз үйге бет бұрып астындағы атынды әкеліп, белдеуге байладың. Сонда өзіңді қарсы алып, шылбырыңды ұстап, қолтықтап тұрған бала болды ма? Ал, келген кісіні қарсы ала алмайтын бала мына қару-жарақты қайдан алып жүрсін. Аты бала, бірақ ізімді басары ішінде жоқ, — деп біртаныстап алған батыр сөзін жалғастырып кетеді.

— Терісаққанның бойында бала кезімде жалаң аяқ жүріп, әкемнің қойын бақтым. Жазда табаным жарылып, аяғыма шөгір кіріп, көресіні әбден-ақ көрдім. Сөйтіп қиналып жүргенде өзеннің қарсы бетіне келіп жүгін түсіріп, қонайын деп жатқан кірекештерді көрдім. Өзеннен малтып өтіп қастарына барып едім: — Кет, кет, — деп мені қуа бастады. Берген сәлемімді де дұрыс алмады. Ызalandым да қолыма іліккен бір теңді арқаға салып өзенге қойып кеттім. Мені қуалап, аттылысы бар, жаяулысы бар суға қаншама адам түсті. Жан-жағымнан қоршап алды. Бірін де қасыма жолатпай, жақындатпай, келген-келгенінше қолымдағы теңменен бір-бір ұрып, суға құлата бердім. Өзім теңді тастамай бергі бетке өттім. Соңымнан қуып шыға қоятыны байқалмады. Жағаға шығып, үстімдегі киімімді шешіп суын сығып отырғанда ақ боз атқа мінген, ақ сақалы белуарына түскен бір қария қасыма жақын келіп:

— А, балам, қайратыңа сүйсіндім. Осы кіренің ішінде суға қарық болмаған адам мен ат қалмады. Күшің толысқан екен. Жалаң аяқ жүргенің келіспес. Мә, мына біреуін аяғыңа етік тіктіріп ки, — деп ұлтанымен қоса етіктік былғарыны алдыма тастай берді.

Қария берген етіктік былғарыны ауылдағы бір етікшіге беріп аяғыма шақтап, дәл келетін етік тіктірдім. Оның ақысына әкемнің қойынан бір қой бердім. Әкемнің мінезі қатал адам. Күнделікті қойды түгендеп қарап, санайтыны бар. Қойдың кем екенін білсе, сазайымды тарттырады-ау деп қорқып жүрдім. Абырой болғанда әкем қойды білген жоқ. Аяғыма киген етікті қайдан алдың деп сұрамады. Өзім-өз болып тұңғыш рет аяғыма етік кигендегі сол қуанышымда шек болған жоқ. Бала кездегі сол қуанышым осы күнге дейін есіме түссе бір серпіліп, жасарып қаламын. Міне, қуанышым болса осындай-ақ болар.

Ал, қорыққанымды айтсам, қазақтың соңғы ханы Кенесары інісі жолбарыс жүректі Наурызбай екеуі 1846 жылы қырғыздың қолынан қаза тапты. Олардың қазасынан кейін жыл өткенде Шұбыртпалы Ағыбай елдегі барлық батырға сауын айтып: — Қазақ деген бір іргелі елміз. Кенесарыдай ханымызды жоқтаусыз қалдырғанымыз елдігімізге сын болар. Төбе көрсетіп кегін қуайық, — деп жер-жердегі осы қалай деген батырларға кісі шаптырды.

Ерді намыс өлтіреді. Айтылған сәтінде деген жеріне жиылдық. Бірақ ел де шапқыншылықтан қажыған екен. Ағыбайдың сәлеміне үш жүздің балысынан небәрі тоқсан-ақ батыр жиылды. Жер қайыстырар қалың қол болмады. Осы қалай деген атағы жер жарған тоқсан батырды Ағыбайдың өзі бастап қырғызға тартып кеттік.

Соғыстан ол ел де әбден қажып, үркінді болып қалған екен. «Кенесары Наурызбайдың кегін алмай қоймайды» деп қорқып қалғандары да бар. Әрі Ағыбай бастап, ішінде қазақтың тоқсан батыры бар қалың қолы келе жатыр деген хабар қырғызға бізден бұрын жетсе керек. Қай ауылына барсақ та

тігулі үй, қайнаған қазан, желіде байланған құлын, үйірленген жылқы алдымызда жатты. Қарсыласып, қару ұстап қайрат көрсетер ер шыққан жоқ. Ауылдағы қатын-қалаш, бала-шаға, шал-шауқандар да бізден тасаланып, кетіп қалып отырды. Сөйіп жан адаммен тілдесе алмай, қайралған қылышты құлаштап бір сілтемей-ақ қайнаған қазандағы тағамды ішіп, желісін қиып, үйірлеп жылқысын айдап қырғызға деңдей ендік. Жаз ауа кіріп едік, күздің қарлы жаңбыры да белгі берді. Ағыбай: — Қой бұдан әріге бара бергенмен болмас. Қыс түсіп қайта алмай қалармыз. Елге бет бұрайық. Жігіттер жылқыны айдап кете берсін, жүр кеттік, — деп мені қасына ертіп алды.

Шудың бергі бетіне өткенімізде қарлы жаңбыр үдеп, жүргізбей қойды. Әрі ымырт та үйіріліп қалған кез. Алдымыздағы күмбезді қызыл бейітке бұрылып, соған түнейік деп келістік. Күмбезге келіп, Ағыбай аттан түсіп, ішке қарай:

— Ассалаумағалейкум! — деп кірген бетте, ар жағынан ағарандаған аруақ сияқты бірдеңе онымен жағаласа түсіп, Ағыбайды алып ұрғанын көзім шалды. Ішке енді ене берген мен мұны көрген бетте кейін бұрылып, атқа қалай мініп алғанымды да байқамай қалыппын. Тек мазардан қырық қадамдай ұзап шыққаннан кейін, «ойпырмай менің мұным не, Ағыбайды алған құбыжық мені қоя ма? Әйтпесе оны тастай қашқаным өлім болды ғой. Қой, Ағыбай қалған жерде қалайын» деп аттың басын бұрып, жүрегімді тоқтатып, күмбездің ішіне ендім.

Келсем мазардың ішінде маздап от жанып тұр. Ағыбай мен бір ақсақал қария отты ошарлай отырып, жауаптаса әңгімелеседі. Менің сәлемімді алған үлкен кісі: — Балам ана сөредегі еттен алып қазан көтер. Үшеуімізге жетерліктей қылып ас, — деді де, өзі әңгімесін жалғап кетті.

— Сен Шұбыртпалы Ағыбай екенсің.

— Е, менің Ағыбай екенімді қайдан білдің?

— Мен сені үш рет алып ұрдым, сен мені үш рет көтеріп тұрдың. Ағыбай болмасаң мені қайдан кетересің. Сен қығызды шауып келемін дерсің. Жоқ. Сен қырғызды шапқан жоқсың. Сен оның барын талап келесің. Шапшаң айтшы қай батырмен белдестің. Тігулі үй, желідегі құлын, үйірленген жылқыны алып, қайтып келесің, — деп қария сөзді төгіп-төгіп жіберді.

Ағыбай да есесін жібермей: — Ал, өзің кім боласың. Бұл мазарда неге түнеп отырсың; — дейді. Сонда қария: — Мен найман Бөрте деген батырмын. Жасым биыл тоқсанның үстіне шықты. Жастай ат үстінде жүргенде тізеден өткен суықтан ба, көктем мен күзде сүйек-сүйегім сырқырап, шыдатпайды. Содан жылда осы мезгілде әкемнің бейітіне келіп түнеп, бір ай шамасындай жатамын. Балалар тамағымды, сойысымды әкеп береді. Сенің қырғызға жаздың ортасында аттанғаныңды естідім. Алдыңнан шығып қырғыздың соғыспасын да білдім. Ол ел де қажыды. Сенің кері қайтарда қарлы жаңбырға ұрынып, осында келеріңді сезіп отырдым. Балалар кеше қысырдың тайын сен келер деп сойып әкеп тастаған. Содан жайланып ішіп, жеп, әлденіп алыңдар. Енді екі-үш күннен кейін мен де үйге қайтамын. Әкем аруақ қонған жан еді. Топырағын сүйек-сүйегімнің сырқыраған жеріне жақсам, қуаттанып қаламын, — деп жай жапсарын айтты.

Ертеңіне арттағы жылқы айдаған жігіттер де жетті. Елге келген соң бет-бетімізше ауыл-ауылға кеттік. Бірақ, сол жолғы Ағыбайды тастап қырық қадам қашып кеткендегі қорыққаным есіме түссе тұла бойым осы күнге дейін шымыр-шымыр етеді, — деген екен.

Ұлытаудың бұл қос батыры Ағыбай мен Жәукеге қатысты әңгімелерде шет жоқ. Батырлықты үлгі еткен сан дүлдүлдің ішінде Ұлытаудың және бір перзенттері Жырық Төлек батыр мен оның бел баласы Сандыбайдың атына байланысты

айтылатындарды да ауыл тұрғындары баласынан баласына жеткізіп келеді. Сонау жонғар шайқасы кезіндегі Төлек батыр Қаракерей Қабанбай бастаған қолдағы айтулы батырлардың бірі болғаны тарихи деректер мен аңыз әңгімелерде айтылады. Ал, оның ұлы Сандыбай да жастайынан әкесінің жолын қуып, қолына найза алып, жауға шапқан. Қоқан қолымен бір шайқаста қарақалпақ Нұртайдың басын кесіп, жауға қарсы шапқанда өзінің атын өзі шақырып, Сандыбайлап ұмтылыпты. Содан бері Бағаналының бір ұраны Сандыбай болып келеді. Бір айта кетері сол. Сандыбай батырдың бейіті Ағыбай мен Төлек Жәуке туған Терісаққанның бойында жатыр. Бұл да кездейсоқтық болмаса керек. Батырлықтың, Терісаққанның бойынан басталатынына бұл да бір айғақ сияқты.

Сандыбайдың баласы Ерденнің ерлігін елі айтады. Елдің айтуынша Ерденнің атын шығарған, оның екі батыры Есенғабыл, Есенбек болса керек. Бағаналы ішіндегі Шағатай аталатын рудан шыққан ағайынды Есенғабыл, Есенбек жайлы айтылатын әңгімелердің дені екеуінің бірлесе қимылдаған іс-әрекетіне қатысты келеді. Бұл екі батыр бірін-бірі көтермелеп, қапталдасып, ұрыс салады екен. Бұл туралы Жаңғабыл Нұғыман ақсақалдан естіген бір әңгіме ойға оралады. Нұғыман ақсақал 1977 жылы 85-ке қарағанда дүние салды. Оның алдында екі-үш жыл бұрын Есенғабыл, Есенбекке қатысты әңгіме болғанда Нұқаң сөзді былай бастап еді:

— Әкем Нұрманға еріп жеті-сегіз жасымда құм бойындағы Есенбектің ауылына бардым. Атын бұрын естігенім болмаса өзін көргенім осы. Бойы ұзын, керегемен қапталдасып отырады екен. Малдас құрып отырғанда екі тізесі екі жақты алып жатады. Саусақтары да ірі. Менің білегімдей бар деп ойладым. Біз барғанда найзасын қысқартып саптап отыр екен. Әкемнің: — Батыр, мұның не? — деген сауалына: — Мынау өзім қолға ұстаған найзам еді. Осының көші-қонға ауырлығы түсіп тұр. Өзім көтеріп алып жүруге қартайдым. Балалардың ішінде мұны ұстайтыны болмай тұр. Бұрын он екі кез еді, енді

осының төрт кезін қысқарттым. Едәуір жеңілдеп қалды, — деп қайта саптаған найзасын әрлі-берлі көтеріп ойнатып алды. Сол кезде жасы ұлғайып қалса да найза ұстаған қолы қаруы қайтпаған күшті танытып тұрғандай.

Сол жолы Есенбек әкеме айдаһармен алысып, оның құлағын кесіп алғанмын деп алақандай былғары сияқты бір жұп-жұмсақ теріні жан қалтасына салған шыт орамалдың ішінен алып көрсетті. Оның айдаһармен қалай соғысқаны туралы әңгімесі де әлі есімде, — деген еді сол жолы Нұғыман ақсақал.

Ел ішіндегі және бір әңгімеде Бұлантының бойындағы ауылды жау шауып кетті деген хабар Ерденге жетеді. Жаудың соңына түсіп қуамын деп Ерден Бағаналыға хабар салады. Бағаналының төрт босағасындағы осы қалай деген батырлар Ерден көтерген тудың астына келіп жиналады. Жетіқоңырдың құмын жайлап жатқан қара бала Кәдір бидің маңайындағы Есенғабыл, Есенбек те алғашқылардың бірі болып келеді. Қол толық жиналған соң Ерден керней тартқызып, Бұлантының бойына шығады. Барса ауылды тып-типыл етіп шауып кетіпті. Қолдың ішіндегі дала жағдайын жетік білегін сарапшылар: — Ауыл шапқан жаудың жобасы қырық шақты адам. Оның 39-ы жабы мінген жәй шоқырақ. Ішіндегі біреуі тұлпар мінген зор. Қолды бастап жүрген де сол болу керек, — деп жорамалдайды. Әрі-бері ойлай келе қырық адамдық шолғыншы топ па, әлде қалың қолдың бір бөлігі ме, осыны біліп келуге Есенбек қасына бір ширақ жігітті алып жүріп кетеді. Аттың жерге түскен тұяқ ізіне қарап жол айыратын ширақ жігіт Есенбекті бастап Бұлантыдан шыққан бетте әрі қарай кідіріссіз алып жүреді. Ізбен қателеспей, жүріп отырып, қалың қопалы бір көлге жетеді. Сырттан қарап тұрса қамыстың ішінен сыздықтай шыққан көк түтін аспанға өрлеп, мен мұндалап, бұларға хабар бергендей. Жақындап келіп қараса отыз тоғыз ат бір бөлек қалмақша маталып байлаулы тұр да, бір қаракер тұлпар бөлек қойылыпты. Отыз тоғыз жігіт кеудесін

жалаңаштанып, бөлек отырған жалғыз батырды күтіп жүр. Жақындап келген Есенбек қасындағы жігітіне: — Белгі бергенде атты дайындарсың. Ретіне қарай отыз тоғыз аттың таралғысын қиып көр, — деп сыбыр етіп өзі жеке батырға келіп сәлем береді.

— Мал қарап жүрген жоқшы едік. Түтіндеріңізді көріп сіздерге бұрылды. Қайдан келесіздер, кімсіздер? — дейді Есенбек. Оның бұл сауалына қысырдың тайының ортан жілігін қолына алып етін жұла жеп отырған жеке батыр: — Мына Бағаналыда Ерден деген біреу шығыпты. Соның басын шауып, Есенғабыл, Есенбек деген екі төбетін бір таласам деп шығып ем, — деген кезінде қолындағы жілікті сүйегімен күтір-күтір шайнап жіберіп бұған мойнын бұра қарайды. Сонда Есенбек ыңғайланып отырған қалпы: — Сол Есенбекің мен болам! — деп қылша мойнынан қылышпен тартып жіберіпті. Қапылыста отырған батырдың басы топ етіп ұшып түседі. Белгі бойынша қосшы жігіт Есенбектің атын көлденең тарта береді. Басты іліп алып, тұра шапқан Есенбектің соңынан отыз тоғыз жігіт қуайын десе аттарының ер тоқымы сыпырылып, бірінен соң бірі домалап түсіп жатыр. Бұлар болса ұзап кетеді.

Есенбек қоқан хандығының жеке батырының басын осылай қағып алыпты деген хабар қолды бастап келе жатқан Ерденге жетеді. Хабарды естіген Ерден тас-талқан болып ашуланады. Ашуланады да: — Есенбектің басын мен аламын. Жекпе-жекке шыққан жоқ. Қапылыста өлтірді. Оған өлім жазасы лайық шығар, — деп маңайына ызғарын шашады. Бұл хабар келе жатқан Есенбекке де жетеді. Бағаналының төрт босағасының осы қалай дегендері Ерденге батып Есенбектің қателігін кеш деп сұрай алмайды. Жағдай қиындаған сәтте Есенбектің өзі: — Ерденге мен өзім барамын. Тек мен барғанда бөрің оның қасында болыңдар. Шатырдың есігі ашық, түрулі тұрсын, — деп хабар салады.

Айтылғандай Ерден шатырдың ішінде мәслихат құрып отырған кезінде атымен шатырға екпіндете келген Есенбек

сезілетін еді дегенді көп естідік. Ал, Жаңқа салдың өзін қалай көргенін шежіреші қария Иманжан Жылқайдаров былайша айтатын: — Арқа еліне сол кезде кеңнен танылған танымал дарабоз күйші Сәмбет біздің ауылға күйеу еді. Ол Сәмбеттің өзі Ұлытаудың ырғайлысы жағынан ғой. Сол жездеміз бірде 7-8 жасар мені алдына мінгізіп ырғайлының бойындағы бір тойға алып барды. Сол жолы ел айта беретін атақты қыпшақ Жаңқа салды көрдім. Жаңқа қыр мұрынды, ат жақты, ақ сүр адам екен. Ұзын мұрты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Бірақ әлі қайратты, бойы тіп-тік. Шарт жүгініп, екі қолымен тізесін айқара жауып отырды. Салдың тұсында домбыра, сыбызғы, қобыз ілулі тұр. Басына төбесі біздеі шошақ сегіз сай, әлемші бөрік киіпті. Төбесіне қадалған шоқпақтай үкі сал басын анда-санда сылт еткізіп тұқыртып қалғанда онысы бұлғаң-бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек. Екі иығында екі үкі және қадалған Аяғында өзбектің ала мәсісі, бұтында шұбатылған ұзын шалбар. Басын шапшаң жоғары көтеріп, шалқайтып аспаға қарайды да отырғандарға бірдеңе деп тіл қатады. Үлкендердің ішінде жасы кіші бала мен едім. Онысына мынау жынданған ба деп күліп жіберіп отырдым. Әрине, онымды сал елең де қылған жоқ.

Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі көпшіліктің тілегін орындап, әуелі сыбызғы тартты. Сыбызғымен “Досымжан” күйін орындады. «Ертеде осы өңірде өткен Досымжан күйші де күйлерін ылғи таңертең аш қарында тартады екен» деп жұртты ескертіп алды. “Боз інген” күйін де ол сыбызғыда ойнады. Онан кейін қызыл доланадан істелген қобызын алып, ескі күйлер ойнап еді тындаушы шалдар жағы күйге елітіп, егіліп жылап отырды. Ақырында домбырасын алып “Құтының баласын тербеткені”, тағы басқа да біраз күйлерді орындап берді.

Имекеңнің бұл әңгімесінен осы Ұлытау төңірегінде туған үш күйшінің атын естіп отырмыз. Оның бірі әлгі қыпшақ Жаңқа сал болса, енді бірі Досымжан күйші және Сәмбет күйші. Досымжан күйші жайлы қазір қолда айтарлықтай

толық дерек жоқ. Бар дерек оның осы Ұлытау төңірегінде туып, өмір сүргені, артында “Досымжан” деген күй қалдырғаны. Өкінішке орай, күйшінің бұл мұрасын қазір сол қалпында тартып беретін өнерпаз жоқ. Оның себебі күйші мұрасы жалғаусыз қалған. Осындай зерттеуді қажет ететін атақты күйшінің бірі Ырғайлының бойындағы туған Сәмбет күйші дер едік

Сәмбет күйші туралы әзірге Иманжан Жылқайдаров айтқан естеліктермен шектелуге тура келеді. Сәмбет күйші Ұлытаудың батыс беткейіндегі Қорғантас тауының бергі қуысындағы Едіге тауының дәл түбінен қоныс алған Қосаи руынан. Бұл сол баяғы “Манас” жырындағы аты аталатын ер Қосайдан қалған ұрпақтардың жалғасы. Сәмбет те атты таңдап мінетін сырбаз, бір-екі адамдық әлі бар, жігерлі жігіт болыпты. Өнердің екі-үш түрінен аты шыққан. Соның ішінде оның дәулескер күйшілігі елге танымал болған. Жігіт кезінде кіші жүз еліне дейін барып күйші қызбен күй сайысына түсіп бірін бірі ала алмаған кезде, домбыраны мәсісін шешіп бақайымен қаққан екен. Сонда домбыраны бақайымен қағуға қыз ұялып — жеңілдім деп жолын беріп шығарып салыпты. Ал, Кіші жүздің ұлы да, қызы да күй тартуда алдына жан салмасын кім білмейді. Құрманғазы күй тартқан ел қара жаяу бола ма? Ал, осындай дүбірлі жерге тек Сәмбет сияқты өзіне өзі сенген күйші ғана барады. Бұл да болса Сәмбеттің бұл өнерге жетіктігін аңғартады. Иманжан ақсақал Сәмбет жайлы айтқанда:

Ырғайлының бойынан Сәмбет келеді,
Өзін-өзі көтеріп сәндеп келеді.
Біздің елден бір қызды алып еді,
Тағы бірін алсам, деп дөндеп келеді, —

деп бала кезінде оған жездеlep ойнап, бірауыз өлең айтқанын еске алатын. Осыған қарағанда Сәмбет Бағаналының ішінде Сарғалдақ — Қозыбай руынан қыз алғаны белгілі.

Ел ішінде: – Сәмбет “Құтының баласын тербеткені” деген

күйді сүйсіне тартушы еді, — дегенді көп айтады. Соған қарағанда Сәмбет күйші бұл күйді сол Иманжанды ертіп тойға баратын жолы Жаңқа салдың өзінен үйреніп қалса керек.

Қобызының сарының сары даладан асырған Қойлыбай бақсы да Ұлытаудың батыс бөктерінде жатыр. Қойлыбай жайлы да ел ішінде ұлағатты әңгімелер аз айтылмайды.

— Қыпшақта бар Қойлыбай,

Бағаналыда Барлыбай, — деп олардан кейінгі бақсылар қобызын күніреткенде жеті әлем қозғалғандай болатын еді, — дегенді ғасыр жасаған Балпақ қария: — Бабамнан естідім, — деп айтатын. Солардың әңгімесіне қарағанда Қойлыбай бақсының да, Барлыбайдың да қобызды терең меңгергенін, өз жандарынан жыр толғап, күй шығарғандарын, сарын ойнағандарын білеміз. Бүгінде Қойлыбай бақсы Ұлытаудың батысындағы Дулығалы бойында жатыр. Оған ұрпақтары көрікті күмбез салды.

Қобыз сарынынан тамылжыған сыр ұқтырған шебердің бірі Сандыбайдың Ердені дегенді айтады. Ол жөнінде белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбеков өзінің жазбаларында терең талдап айтып, БҚыластың “Ерден” деген күйінің шығу тарихына қатысты әңгімесінде тұжырымдайды.

Күй сарынымен емдеу сеанстарын жүргізген бала бақсы жайындағы әңгімеден де Ұлытау өңірінде қыл қобызды кертіне келтіре тартатын небір шеберлердің болғанына көз жеткіземіз.

Қасиетті таудың киесі қонған Ахмет Ишан жайлы соңғы кездері ғана айтылып, жазылып жүр. “Ақтабан Шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталатын халық жырындағы Алқакөл Ұлытаудың сыртындағы Сыр мен екі ортадағы Телі көл екені белгілі. Міне осы Телікөлдің бойындағы Қызыл жыңғылды мекен еткен Оразайдың отбасында 1861 жылы Ахмет Ишан дүниеге келеді. Сауатын әкесі Оразайдың өзінен алған Ахмет кейін арнайы оқу іздеп Бұхараға барып онда Шығыс медицинасымен егжей-тегжейлі танысады. Кейін елге келіп емшілік іспен де айналысады. Ұлытаудың тура түбіндегі Қорғантастың басынан қызыл кірпіштен мектеп салдырып, осында ауыл ба-

лаларын оқытуға жағдай жасайды. Ал Ахмет Ишанның емшілігі жайлы әңгіме айтқанда оның алдында болып, емін қабылдаған бірнеше адамдардың деректері қолда бар. Солардың бірі кейінде Жезқазған қаласында қайтыс болған 92 жастан асқан Қапар деген ақсақал естелігінде: — Жас кезімде бет-аузым қисайып, сөйлей алмай қалдым. Содан Ақаң Ишанға апарып оқытып ауруымнан құлан-таза жазылдым, — деп айтады.

Ахмет Ишанның өзінің қызы Бибісара да емшілікпен айналысқан. Ол Бибісарадан қазақтың бір туар дарынды ұлы, қазақ әдебиетінің ірге тасын қаласушылардың бірі — Мұхаметжан Қаратаев туады. Кейін Мұханның өзі айтқан бір естелікте — Үкімет ауысып, қызыл келіп орнаған кезде оқу іздеп алысқа кеттім. Оқуға түсіп ауылға барғанда төтем, Ахаң Ишанды айтамын: — Қай оқуға түстің? — деп сұрады. Мен: — Газет қызметкері боламын, жазушы боламын, — деп мақтансам керек. Сонда Ахаң бетіме барлай қарап отырып: — Ә, балам, заманың қызыл, қызыл тілің өзіңнің сорың болмасын. Менің қалауым дәрігерлік оқу еді. Елге қажеті де сол еді ғой. Енді қайтейін. Осы сөзімді кейін есіңе бір аларсың, — деген еді. Кейін көңіл орнығып, жайланып, қалам ұстап жазушы атанып жүрген кезімде аяқ астынан жала жабылып, он жыл айдалып кеттім. Сонда он жыл бойы төтемнің сондағы бір айтқан сөзі ойымнан бір шықпады. — Қызыл тілің өзіңе бәле болар, заманың да қып-қызыл, — дегені, қалай айна қатесіз келді, — деп талай рет таңдандым, — дегенді айтады. Мұқанның бұл естелігін оның өзінің үзенгілес інісі саналатын Ұлытаудың танымал ақсақалы Рүстем Бекетовтен естіген едік.

Ахмет Ишанның көріпкел, әулие екенін дәлелдейтін бұдан басқа да әңгімелер көп. Жаратылысында жүрегі жақсылыққа құмар, кемтарға қолұшын беруге құштар Аханның шарапатын көргендер Ұлытау төңірегінде, одан тысқары жерлерде де аз емес. Олардың үрім-бұтақтары ол жөнінде талай таңға жетерлік әңгіме айтып бере алады.

Солардың бірінің айтуына құлақ түрсек Аханның емдеу

тәжірибесінде қандауыр мен кездік қолдану да болған екен. Алдына келген адамның ауруының түріне орай кейде кездікті, кейде қандауырды қолдануы, кейде дұға оқитыны да болған. Асқазан қатпарында кездесетін бетеге ауруын емдегенде ішті жарып, тұрып қалған сарысуын ағызып ішті қайта тігеді екен. Ал шикан, ұра, қатерсіз тамақ бездерін әп-сәтте-ақ сылып тастайды. Ахмет Ишанның ауыр операцияларды жасағаны да мәлім. Оның бас сүйекке операция жасағаны медицина тарихындағы бір кезең болып тұрғандай. Ол жөнінде 1976 жылы Алматыда ұйымдастырылған Қазақстан медицина және денсаулық сақтау тарихының музейінде “Революцияға дейінгі медицина” деген залда Ахмет Ишан Оразаевтың емдеу тәсілдеріне егжей-тегжейлі кеңінен орын берілген.

Ахмет Ишан Оразаев кезінде “Қазақ” газетін шығаруға да үлес қосқаны аян. Осы газеттің алғашқы санында “бас жаршысы — Ахмет Байтұрсынов, басқарушысы — Мұстафа Оразаев” деп қол қойылған. Мұндағы Мұстафа Оразаев дегеніміз Ахаң Ишанның баласы. Әкесі Мұстафаның, бабасы Ахмет Ишанның сол бір игі дәстүрін Аханьның немересі Файзолла Оразаев жалғастырды. Бүгінде республикамыздағы тұрақты шығып тұрған “Қазақ” газетін Мұстафаның ұлы Файзолла қолға алған. Әке дәстүрі жалғасты деген осы да.

Ахмет Ишанның ата қонысы Қызылжаңғыл өңірі. Бұл жер зерттей білген адамға тұнып тұрған тарих. Мына жайтқа назар аударыңыздар: Сарыарқа мен Балқашты, Алатау мен Атырауды жайлаған орта ғасырдағы көшпелі түрік тайпалары да өз араларындағы дау-шарды қарауда, сырт жауларға қарсы одақ құру ісіне келісерде осы манда бас қосып, мәслихат өткізіп отырған. Осындай тарихи оқиғалардың айғағы ретінде Ноғайлы дәуірінен қалған Байғана мазары, кейінгі 17-18 ғасырларда Жоңғар шапқыншылығы кезінде қаза тапқан бірқатар қазақ батырларының бейіттері (Тамғалының нұрасында) әлі күнге дейін сақталған.

Ахметтің әкесі Оразай, оның әкесі Бұғыбай осы өңірдің

“Зінкетер” деген жерінде туып өскен. Оразайдың үш әйелінен үш бала болған: үлкені Қожахмет сыр бойында туған, оқыған, білімді, көзіқарақты шешен адам. 1916 жылғы көтеріліс алдында Петербургке барып, Думада қазақ жағдайы туралы сөз сөйлеген.

Қожахметтен — Мұхамбетәлі, Сейіт, Сейіттен — Әбдіхалық, Мұхамбетәліден — Зиябек, одан Азал туады. Зиябектің інісі Садықбек Сәтбаев қаласында тұрады. Ахаңның Бибісара деген қызынан кәдімгі ғалым ағамыз, академик Мұхамеджан Қаратаев туады. М.Қаратаевтың “Көргенім мен көңілдегім” деген кітабында өз замандастары жайында шытырман өмір жолының ізін тәптіштей айтып береді. Автордың өз сөзімен айтқанда “Менің соқпағым Телікөлдегі қыстауы мен Арқадағы жеті жүз шақырым жерге түйемен жететін көшпелі ауылдың жон даласынан басталады. Телікөл Ақмешіттің (қазіргі Қызылорданың) Шығыс солтүстігінде жүз шақырым, Қаратаудың батыс жақ етегінен жайылатын ені елу, ұзындығы екі жүз шақырым кең аңғардағы аты шулы көлдер жүйесі.

Арқаның Сарысу өзенінің суы осы маңға келіп құйып, көптеген көлдерге бөлінеді. Соның ең үлкені — Телікөл.

...Ауылымыз Телікөлдегі қыстауда екі-үш ай ғана аялдайды. Бес шақырым жерде нағашы атам Ахмет Оразаев Бұқарада оқып білім алып келгеннен кейін салдырған мешіт пен мектеп болатын.

...Арабша шала-шарпы хат таныдым, әптиектен бірер аят жаттадым. Бұл 1920 жыл еді. Мен онға енді ғана шыққанмын”.

Ахмет Оразаев Қызылжыңғыл еліне астыртын жұмыспен келген И.В.Деев пен Шәріповке көп көмектескен, үйінде ұстап, Сабырдың жүріп-тұруына жағдай жасаған. Оны өзі де айтқан С.Шәріпов Түркфронтқа азық-түлікпен, көлікпен көмектескен Ахмет Оразаевты Байқоңыр революциялық комитетінің мүшесі етіп ұсынып, сайлатқан.

Бір қызықты дерек Ахмет Ишан жайында мағлұмат “Қазақ

әдебиеті” газетінің 1989 жылғы қыркүйектің 8-і күнгі санындағы Мұхамбетрахым Жармұхамбетовтың “Қазақ” газеті деген мақаласында бар. Онда Ахмет Ишан Оразаевтың 1913 жылғы 22-санында “Бөйге тігемін” атты мақаласы жарияланыпты.

...Білімді ер жөн-жосық көрсетсе, жабдығында болу — жұрт ісі. Бұл іске көзі ашық азаматтар дем беріп, талаптылардың бетін қайтармай, орынды жерде сараңдық қылмай мұндай жақсы нәрсеге жол ашу керек. Әуелі әркімге өз міндетінен құтылу лайық, мен өзім білім жарысынан келген жүйріктердің біріне бөйге тігемін. Ал енді бұл іске бір ғана кісі бөйге тігуге болмайды да, болғанда төрт-бес кісіден кем болу жарамайтын секілді. Бұл туралы ер көңілді байлар тартыншақтық қылмай кіріссе екен. Бір мың сомның ар жақ бер жағынан пұл шығаруға жомарттық қылатын кісі болса да кемдік етпес. Бөйгеге ат қосып, атасын шақырғанда бойы шымырлап қызынатын қазақ баласы едік қой, енді өзімізден шыққан білімділеріміз белсеніп жарысқа түсетін болса, хайуан жарысынан гөрі қызығырақ та һәм пайдалырақ та болуында шүбә жоқ.

Ахаңның осы мақаласына әрі жоғарыда айтылған “Білім жарысына” (№ 16) жауап ретінде жазылан Әлмен Әзірмембетұлының мына мақаласына да назар аударалық. “Қазақ” № 16 санында: “Білім жарысы” оқылды, оқылса да байлардың көңіліне тоқылған жоқ. Сөз дұрыс, түсінуші кім? Біздің байлар ақшаны болыстыққа шашады. Әкесі өлсе атаусыз қалады деп от шашқанмен тең. Баяғыдан байларымыз малын жау мен жұтқа, дау мен партияға уыстап шашса да, халық пайдасы, ғылым талабы деген жолға өте сараң, мырзалықтары өз бастарынан артылмайды. “Қазақтың” өткен жылғы № 22 санында ақсақал Ахмет Ишан Оразаевтың басшылығына риза болдық. “Білім жарысына” бөйге тігемін деп жар шақырарлық іс қазақтарда бар екен-ау дедік”, — деп жазған Ахаң сөзін құптап.

Осы “Қазақ” газетінің бірінші санына “Бас жазушысы — Ахмет Байтұрсынов, бастырушысы — Мұстафа Оразаев” деп қол қойған. Газет жеке адамдардың жинаған қаржы-қаража-

ты есебінен шығып тұрған. Бұған өз бетінше үлес қосып, жұрт болашағын ойлаған кісінің бірі Ахмет Оразаев болса керек. Ол газет шығаруа қажетті қаржының басым көпшілігін жинап та берген кісі.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі алдында бүкіл қазақ халқы құлақ түрген солдат алу мәселесіне орай елге қадірлі, сөз бен жөн білетін немере ағасы Қожахмет Оразаев пен бұқара өкілі Жүнісбек Бәйменовты бастап Петроградқа барып, Думадағы қазақ елі мәселесінің депутат өкілдің жоқтығынан назарға ілінбей келгенін айтып, шұғыл түрде халық болып қаржы жинап, өкіл белгілеу жөнінде арнайы мақала жазады. “Жұрт жақсыларына ашық хат” атты осы үндеуінде Мұстафа Оразаев қазақтан солдат алу мәселесіне орай өз ойын жинақтай келе: «Соңғы күндерде қазақ жайын депутаттарға білдіруге Петроградқа барып қайттық. Бұл туралы түгел мағлұмат “Қазақ” бетінде мәшһүр жазылып жатқандықтан, ол жағын ұзатпай, тек “Мұсылман фракциясына” жәрдем хәм жәрдемші жеткізу жағын құлақтарыңызға саламыз. Думада қазақтардың жоқтығы, өзгелердің қазақ жайыменен жете таныс еместігі, мұсылман депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатыр. Түрлі мәселелер майданға түсіп, басы-қасында кісіміз жоқ болып тұрған кезімізде “Мұсылман фракциясына” көмектес болып, қазақ жұмысшыларына бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін ешкім бекер дей алмас. Олай болса көп ойлап уақыт өткізбей, мүмкін тез қимылдап, осы істі орындамақ. Біз өз елімізге сенгендіктен, ықылас-сырын білгендіктен екі мың сом шығаруға уағда қыламыз, һәм мұны “Қазақ” басқармасына жіберу талабына кіріспекшіміз. Фракция қасында қазақ атынан қызмет қылуға Уәлихан Бөкейхановты қалаймыз, һәм бұл істі назарға алуын өтінеміз. Бұл туралы басқалар да қимыл қылар, қамсыз жатпас деп бұл хатты жаздық”, — дейді (“Қазақ” газеті, 172, наурыздың 9-ы, 1916 жыл.)

Тегінде Ахмет Ишан Оразаевтың сөзі мен ісінде алшақтығы жоқ жан болғаны байқалады. Ел аузында жүрген Аханның көптеген қасиеттерінің бірі - жоғары адамгершілігі. Ол

халықты отырықшылыққа үндеп, егін салып, бірыңғай пайдалы кәсіп етуге шақыра біліп, өзі бас болып жұртты ұйымдастырып, Сарысу өзеніне Сіңіртеқ жазығына су шығаратын ұзындығы бес шақырымдай арық қаздырды. Бір-екі жыл бойы сол өңірге бидай, тары еккізеді, “Ахмет арығы” деп аталатын осы канал әлі күнге дейін мал жайылым мен шөп дайындауға қолқанат болып отырғанын осы жазда экспедициялық жұмыспен барып аралағанда көрдік

Біз А.Оразаевтың әр саладағы адамгершілігі, халық емшілігінен бастап, әлеуметтік қызметінің кейбір қырларын сөз етумен қоса, Ұлытау өңіріндегі халық үшін білімі мен күш-жігерін сарқа жұмсап, ел игілігіне жаратқан асыл азаматтық биік бейнесінің танылғанын анық көреміз

Ишан қайтыс болғанда Бағаналы елі мен Телікөл өңірінен үш жүздің халқы жиналса керек. Сонда асыл азаматына арнап жоқтау айтқан. Соның бірі Ақтаз ішінде Бабас руының азаматы Ишанмен құрдас қадірлі қарт Жансүгір баласы Баржақсы деген кісі шығарған “жоқтау”.

Алдымен Ишанның әйелі Рахияның жоқтауынан үзінді:

Тілек тілеп ұйықтамай,
Ел-жұртым деп жүдеп еді
Паналаушы еді кем-кетік,
Қәріп-кәсір, мүгедек.
Жетім-жесір, сорлыға,
Шын бауыр еді, шын жүрек.
Кімнің басы ауырса,
Ауылға шауып келер ед,
Ишекенім сондайдың,
Кеуіліне тыныс, медеу ед.

БАРЖАҚСЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ

Дариға-ай, өтіп кетті-ау Ахмет Ишан,
Дүниеге келе бермес бұлардай жан.
Ишандық дәрежесі бұлай тұрсын,
Емес пе ед емен ағаш, белгілі хан.

Орта жүз пірі болған, Кіші жүзге,
Сарт, ноғай ынтық еді, Ұлы жүз де.
Парсылар, орыс, грузин, поляк занды,
Дінсіздер сыйлаушы еді мұнан да өзге.

Ортаға болып еді белгілі ұран,
Ер еді қашан айтсақ, сахип қыран.
Әуелі бір аллаға тәкпір айтып
Оқылық рухына таһлил құран.

Әжі етіп қайтып еді Құдыс, Шамға,
Зиярат етіп келді Мәриямға.
Көрмеген жан бір көрсем деп өксуші еді,
Артықша жұлдызы ыстық жүрген жанға.

Найманға үкім етті он бес болыс,
Алдынан тарап еді талай зор іс,
Байлардан қашып жүрген талай сорлы,
Қорғалап жан сақтады ноғай, орыс.

Қаншама етіп жүрді дертке дәрмен,
Мақсаты хасыл болды көңілге алған.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, тұзу мылтық,
Қалған жоқ бұл дүниеде ешбір арман.

Сынған жоқ тірі жаннан туып сағы,
Басынан кетті ердің дәулет-бағы.

Ішінде қараңғы үйдің қалғандай боп,
Әулеттің қалды сөніп шам-шырағы

Дариға-ай өтіп кетті-ау, қаиран ерім,
Күнде той, жиын еді жүрген жерің
Бас қосып бір мәслихат еткен шақта,
Көңілдің тарқатушы ек барлық шерің

Фәниден өтіп кетті қаиран сабаз,
Ылаңық болушы еді қанша айтсақ наз
Тербетіп аруағын асыл заттың,
Азырақ өлең етіп жаздым қағаз

Туып еді Оразаидан үш асыл зат,
Ахмет, Қожахмет, Жармұхамет,
Комиссар Бөкейханов заманында,
Қожекең барып қантқан Петроград

Бақ қонған Оразаға қыдыр дарып,
Ішінен Орта жүздің шықты жарып
Тәжілә-Қадыр кеші нұрын көріп,
Ғаиып ерен, қырық шілтен назар салып

Бұлардың тауыса алман аңтып салтын,
Көндірді тура жолға жүрттың қалпын
Жаннатқа ғазиз жанын таһлил аңлап,
Кеіінгі қалған жүртқа берсін артын

Ешкімнен таптырмаиды мұндай адам,
Беіне бір көрінгендеі өтті заман
Мақшарда басшылыққа ланықтап,
Бастағай тұра жолға хақ тағалам!

Аз сөзге көп мағына дегендеі-ақ,
Қылаиық сөз аяғын енді тамам

“Бір” мен “ре”, “жүм” менен және де “сат”,
Табылар бес хариптен үшбу затым
Руым — Бабас, Наиман арғы затым,
Ба тасы Жансүгірдің Баржақсы атым

Ишанға арнап “жетісі”, “қыркы” мен “жылына дейін үзбей жоктау айтқандардың ішінде Мұстафа мен Мұртазаның үйіндегі келіндері, басқа келіндері де кісі тебіренерлік жоктаулар айтса керек. Адамгершілігі мен елге сүйкімді жақсы істерін жыр еткен Көңіл аитып келушілер көп болған. Соның ішінде халықтың ұзағынан аитып, ел есінде қалған жоғарыдағы Баржақсының жоктауы болса керек. Көңіл айтудың ет арасына тараған бір түрі халықтың жүрегінде әлн сақталған Көңіл аиту

Ақсұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан
Қанаты бүтін сұңқар жоқ
Тозбасты ұста соқпанды,
Өлместі тәңір жаратпанды
Топырағы торқа болсын,
Қалғанға өмір берсін!
Өлгеннің соңынан өлмек жоқ,
Өлген қаптып келмек жоқ

Міне, осылайша “Жетпесті құма, келмеске жылама”, — дегенден жұбатулар Ишекеңе көп айтылса керек. Біз бұны ел ескерткіші деіміз. Өйткені арадан жарты ғасырдан аса өтсе де ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жоктаулар мен өлең, жыр ұмытылмаиды емес пе. Ахметтің Ишандығын білментін бірде-бір мұсылман жоқ деуге болады. Сөйтсе де ишан дегеніміз кім, ол қандай адамдарға қойылған атақ, кімдерге берілген. Бұған Қазақ Совет энциклопедиясы жауап беретін мына үзіндіні оқып көрсің.

“Ишан, Эшон — діни мистикалық (сопылық) ғилмді уағыздаушы мұсылман қауымының басшысы және дін ғұламасы. Мекке мен Мединаға, Бұқара мен Стамбұлға қажылыққа барып, діни білім оқу орындарын — медреселерді

басқарды. Олардың шәкірттері (мүриттер) болды.”. (ҚСЭ, V-бет 15-том)

Ахмет Ишан сияқты соңғыға зиялы із салар аруақты жан туған өңірден қанаттанып, қияға талпынып, өрге шыққандар да жетерлік. Ахмет Ишанның бойындағы жеті өнердің де ізін жалғастырған ұлытаулық өрендер көптеп саналады. Аханның негізгі саласы — медицина десек, Ұлытау топырағында туып жоғары білім алғандардың орташа есептегенде 60 проценттен астамы медицина маманы екеніне еш қайран қалуға болмайды.

Медицина ғылымының шыңына ту тіккен Төрегелді Шарманов Ахан туған Ұлытаудың төл перзенті. Төрегелді Шарманұлы оншақты жылдан астам республика медицина министрлігін әдемі басқарды. Медицина ғылымдарының докторы дәрежесіне жетті, академик, бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі. Ал осы Төрегелдінің Ұлытауда туған тұңғыш ұлы Алмаз бүгінде Америка Құрама Штаттарындағы медицина институтында дәріс береді. Төрт тілді толық меңгерген. Медицина ғылымының докторы. Бұл да болса қасиетті таудың шұрайлы топырағының жемісі екені даусыз.

Ұлытау өңірінде өнер мен мәдениеттің сан қырлы тарландары дүниеге келген дедік. Оған еш талас жоқ. Қазақ әдебиетінің өрлеуіне елеулі үлес қосқан Иманжан Жылқайдаров пен оның талантты ұлы жазушы Мұқан Иманжанов есімдерінің әдебиет тарихында қатар аталуының өзі неге тұрады. Мұқанмен балалық шағын бірге өткізген Ұлытаудың дара туған бір ұлы Баубек Бұлқышевтың жалын жүрегі «Ұлытауым!» деп тынбай соғумен өтті. Кешегі Ұлы Отан соғысының кезінде тау ұлы батырлықтың да, ақындықтың да, адамгершіліктің де ғаламат үлгісін көрсетті. Оның тек Ұлытауда туған ұланның ғана қолынан келер кесек істерді атқарғаны, артына Ұлытаудай өлмес, өшпес, үлкен белгі қалдырғаны тұтас халқымыз үшін де мақтаныш. Ер ұлдарын ұлытаулықтар ешқашан да ұмытпайды. Ұлытаудағы Баубек пен Мұқанға қойылған ескерткіш соның айғағындай.

Қойнауы кенге толған тарихи жердің ұландарының ара-

сында ғылым шыңына шыққандардың шоғырын кешегі ұранға шыққан Сандыбайдың ұрпағы Айтмұхамбет Әбілдин мен Кеңгір бойындағы Байқоңыр қарияның немересі Өмірхан Айтмұхамбетұлы бастайды. Екеуі де ғылым докторы, академик. Жезқазған Университеті Өмірхан Байқоңыровтың есімімен аталуы да осыдан.

Қаламының қуат-күші қай жанрға болса да су төгілмес жорғадай тайпалған, ел тілегін ерте біліп айта алған жазушы, журналист Камал Смайылов есімін иісі қазақ орынды мақтан етсе туған перзентімнің абыройы асты деп Ұлытаудың биік шыңдарының шоқтығы көтеріле түседі.

Ұлытау шыңдарындай биікке шаншылған тұлғалы жандардың есімдерін атасаң ерлер салған қасқа жолды шиырлаған небір жампоздарды көресіз. Найзасын жауға білеген қаншама батырлар өтсе, олардың ұрпақтары ішінде де қолбастаған қаһармандары көп. Бірнеше жыл ішкі істер органдарында қызмет атқарған милиция генерал-майоры шенін алған Дүйсек Тоқпанов кешегі Ақжол батыр туған, Ақжолтай Ағыбай туған Терісаққан бойының тумасы. Республика Қорғаныс Министрі болған Армия генерал-лейтенанты Мұхтар Камашұлы Алтынбаев сонау Ерден-Дүзен жайлаған, жағасына жүздеп бие байлаған Кеңгірдің келісті жағасында дүниеге келіпті.

Аспандағы аққуға үнін қосқан Үкілі Ыбырайдың туған жиені әрі шәкірті Тайжан Қалмағанбетұлының туған жері Ұлытаудың Айыртауының етегі. Атағы алты алашқа ақындығымен танылған Тайжан сан айтыста не бір дүлділді шаң қаптырғаны белгілі. Республикадағы өткен тұңғыш ақындар слетінде гармонын құлаштай сермеп:

— Күшім бар Жамбылмен де байқасатын,

Қайсың бар меніменен шайқасатын, —

деп шаршы топты дүр сілкіндірген Тайжанның таланты жайлы әлі де толық зерттеу жүрген жоқ. Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне тұңғыш қатысқандардың қатарында болған, ғасыр Гомері атанған Жамбылмен бірге

барған Тайжанның айтыс өнеріндегі, әуезді ән шығарудағы шеберлігі шын іздеушісін әлі де тосуда. Кезінде “жаптым жала, жақтым күйе” деген желеумен халық жауы деп сотталып, атылып кеткен ақын Тайжанның есімі кейінде ақталды. Халық Тайжан жырларымен қайта қауышты.

Ұлытауда туған не бір шешен, айтыс шеберінің көбінің аты аталмай келеді. Он екі жасынан айтысқа түскен Бәдіржамал қыз, Қунақтың Омары, Иманжанның немерелес інісі Ожанның Ниязы, Байназар Баймолданың Жауғашы мен Ыбырахымы туралы толық мағлұмат жинақтамай жүр. Рас, осы аталғандардың арасындағы Баймолданың кіші ұлы Ыбырахым 1941 жылы — халық ақыны атағын алған. Ал басқалардың аты ауылдан әлі алысқа ұзаған жоқ. Бірақ, өлендері мен жырлары халық жүрегінен орын алғаны, ел тарихына қатысты өлмес мұралары ел жадында жатталып қалғаны анық.

Ердің атын қашан да еңбек шығарады. Ұлытаудың бөктерінде маңдай терін мың төгіп, ел дәулетін молайтуға үлес қосқан жандардың арасында да оза шауып, жүзде алғандары жетерлік. Солардың ішінде кеңестік дәуірде еңбектің ең жоғары бағаланар сатысы “Социалистік Еңбек Ері” атағын Ұлытаудың үш ұлы алған екен. Бір ғажабы осы үш ердің үшеуі де Кеңгірдің бойын жайлаған кешегі Сандыбай ауылының балалары. Еңбек Ерінің алғашқы атағын Түсіпбек Мендібаев алғанда Ұлы Отан соғысының жеңісінен кейінгі елдің бір серпіліп, еңбекке енді құлшынған кезі екен. Ал, кейінгі Бәкен Мышанов пен Мыңбай Берденовтің Еңбек Ері атанған кезі елдің тоғайып, дәулеттің молайған шағына сай келді.

Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын халқымыздың біртуар дара перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өз қолынан алған Мыңбай Берденов марқұм бір әңгіменің орайында: — Омырауыма Алтын жұлдызды тағып тұрып, Димаш ағам, о, көк төбе, бар екенсің ғой. О, көк төбе — Ұлытау! — деп үш мәрте айтты, — деп еді. Мыңкең сол жолы Димаш Ахметұлы: — Үш жүздің басын қосқан Ұлытауға міндетті түрде барамын, — деп уәде берді, дегенді де айта келген. Бірақ тағдыр Димаш Ахметұлына Ұлытауға келуді жазбапты...

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

**ҰЛЫТАУ – ҰЛТТЫҢ
ҰЯСЫ**

ҰЛЫТАУ — ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

Тұтас ұлысымызды ұлы істерге бастаған Ұлытаудың өткені тарих, бүгіні бақыт, болашағы нұрлы. Туған жердің қасиетінен қуат алып, еліміздің ертеңіне сенген қайырымды, қарапайым жандардың жарқын істерімен қарт Ұлытау бүгінде қайта түлеп, жасарғандай жағдайы бар.

Өзінің үш мың жылдық ашылмай жатқан тарихы бар тау түбінен орын тепкен Ұлытау шаһарының орнында, бүгінде жаңарған, жасарған Ұлытау тұр. Алғашында өзеннің екі жақ қапталына ғана қоныстанған елдің қатары бірте-бірте көбейді. Ұлытаудан үй салып, әулиенің түбінен қоныс алудың өзі бақытты жандардың ғана пешенесіне жазылғандай болатын. Содан да болар: — Ұлытауданбыз! — дегенді оның ұл-қыздары қашан да, қай уақытта да ерекше бір леппен, мақтанышпен айтады. Айтса айтқандай, Ұлытау ұлына ұлағат, ұлылық сыйласа, қыздарына келісті келбет, сырлы-сымбат беріпті.

Ұлытаудың өрлеу, өсу, өркендеу жылдары, жеке шаңырақ көтергеннен кейін басталды деуге болады. Ұлытау ауданының құрамында жеті шаруашылық болды. Кезінде бір жарым миллион пайда табатын Қаракөңгір, Аманкелді атындағы шаруашылықтардың айы оңынан туып тұрды. Астықты Терісаққан, Егінді шаруашылықтары сол кездегі республиканың жарыс туларын бірнеше дүркін жеңіп алғанын білеміз. Бір жылда мемлекетке астық тапсырудың бесжылдық жоспарын орындаған Ұлытау ауданының табысы да көл-көсір болды. Бірақ осыншама мол табысы бар аудан республикадағы әлеуметтік жағынан артта қалған отыз ауданның қатарында еді. Небәрі 12 мың халқы бар Ұлытау ауданы әр бесжылдықтарда етті де, сүтті де, астықты да мемлекетке артығымен тапсырып жататын. Бұл былайша қарағанда басқа аудандармен салыстырғанда Ұлытаудың бір адамы екі-үш адамның жұмысын атқарып, бейнетін де екі-үш адамның бейнетіндей тартып, бірақ бір адамның тапқан рахатындай шаттыққа кенеле бермегенін де еске салады. Еңбек қайтарымының қызығын

жоғарғы жақтан өз дәрежесінде қолға тигізе алмады. Сондықтан да маңдай терін мың сыпырып жатқан еңбек адамдары сол кездері әлеуметтік жағынан қамқорлыққа зәру, күштар-ақ еді...

Артта қалған ауданның алға шығуына аз еңбек жұмсалған жоқ. Ал, оның орайы еліміз егемендік алып, азаттық таңы атқаннан кейін келгендей. Әлеуметтік жағынан артта қалған ауданды қайтсек те алға сүйрейміз, әр ісімізді туған өлкеге арнаймыз деген азаматтардың игі тілек-ниет, ықылыстары да дүниені дүр сілкіндірген айтулы Желтоқсан жаңғырығынан кейін жүзеге аса бастады.

Өміріміз де, өңіріміз де қайта түлеп, ел жаңалыққа үмтылды. Осы сәтте ел тізгінін қолына алған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың шаруашылық жүйесін жаңаша құру бастамасын республикада тұңғыштардың бірі болып Ұлытау ауданы қолдады. Алдымен жыл сайын шаруашылықты шығынмен аяқтайтын “Алғабас” пен тұрақты табыспен қорытындылайтын Аманкелді атындағы шаруашылықтар жекешелендірілді. Жекешелендірудің осы бір түсында аудан әкімі ретінде тұңғыш Президентіміздің түпкі ниетін жан-тәніммен түсіне қабылдап және оның жемісті боларына еш шүбәсіз сенген едім.

Алғашқыда: — Көршілес аудандар әлі жекешеленген жоқ. Осы Серік неге асығады. Аңысын аңдамай ма? — дегендер де болды. Бірақ мен бастаған ісімнен бір табан да кейін шегінгем жоқ. Сонда айтқаным: — Мен Президенттің тапсырмасын орындаймын. Елбасының өз халқына тек жақсылық тілейтініне сенімім мол. Нұрсұлтан Әбішұлының игі бастамасын ұлы Ұлытау бірінші болып қолға алмаса бола ма? Ұлтымыздың ақ ордасы Ұлытауда тігілгенін естен шығармайық, — деп өз тұжырымымды алға жайып салдым.

Жекешелендірудің рахатын қазір республикада бір аудан көрсе, ол — осы Ұлытау ауданы деуге келеді. Кешегі сегіз шаруашылықтың орнында қазір 500-ден астам жеке фермерлер құрылған. Оның 80-і астықты, 300-і тікелей мал шаруашылығымен айналысады. Осы фермерлердің тапқан табысы ауданның барлық шаруашылығын жүйелі жүргізуге жетіп жатыр. Бір айтары, тараған шаруашылықтардан бөлініп шыққандардың бірде біреуі қазір мемлекетке берешек емес. Табы-

сқа қарай өркен жайып бара жатқандары қаншама. Бұл да болса аруақ қонған Ұлытаудың шарапаты мен шапағатының ұл-қыздарына тиген шуағы демеске бола ма.

Ұлытаудың қасиеті мен қадірі жайлы сан айтылып сан жазылып жүр. Бірақ, таудың әр тасына тұнған шежіре сыр-ның тағылымын, оның қасында жүріп, күнде көріп тұрып әлі де толық түсіне алмай жатырмыз. Егеменді ел болып, халқымыз өз тізгінін өз қолына алған алғашқы күннен бастап, дүние жүзінің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен қара қазақ баласы Баба тауға — Ұлытауға тағы бір жиналса, бөтуалы бірлікті қолға алса деген бір игі ниет әр көңілде жүргені анық-ты. Тәңірім бұл тілекті де берді.

Қазақ елі өзінің көк байрағын көтеріп жалпақ әлемге: — Дүниеге мен келдім! — деп әйгілегеннен кейін Елбасы исі қазақтың баласының басын қазақтың қасиетті тауының түбіне жиылуға жағдай жасады. Егемендік алғаннан кейін 1992 жылдың 28 қыркүйегі мен 4 қазан арасында тұңғыш рет дүние жүзіндегі барша қазақтың Қазақстанда Құрылтайы ашылды. Оған жер бетіндегі 38 елге шашырап жүрген қазақ ұлтының 775 өкілі келіп қатысты. Құрылтайға қатысушылардың бәрі де ел Президентімен дидарласып, сәлемдескеннен кейін Ұлытаудағы Хан ордасына, Алашахан мен Жошыханның басына баруды, Керей мен Жәнібектің орда тіккен орнына тәуеп етуді қалайтындықтарын білдірді. Бұл тілек қабыл алынды.

Жезқазған қаласынан арнайы төрт автобуспен келген шетелде жүрген қандас бауырластарымыз Ұлытауға жете бере-ақ: — Е, алла, мұныға да шүкір! — дегенді әлде неше қайталады. Ал, Ұлытаудың өзіне келіп таңбалы тастың бетінен сүйіп, топыраққа табандары тиген сәтте еңіреп жылағандары қаншама? Олардың бұл көз жастары қуаныштан, ішкі толқудан туған халқына деген ыстық ықыластан толқи шығып жатқан еді. Қарт Ұлытаудың тебіренісі де өз алдына бір бөлек болды. Жаймашуақ жадырап тұрған күздің күні лезде алай-түлей болып, аспандағы қою бұлтты әрлі-берлі лықсытып, бірде жаңбырын, бірде қарын ұшқындатып, толқып кетті. Таудың тулаған жүрегінің дүрсіліндей болып, сай салаға сылдырап су ақты. Әдетте күздің дәл осы кезінде өзен тасығанды бұрын-соңды ешкім айта алмайды. Араға қаншама

ғасыр салып, басын қосып тұрған Үш жүздің балаларының сағынышын сезгендей, қарт Ұлытау осылайша бір тебіренді. — Ұландарым-ау, ұларларым-ау, қайда жүрсіңдер, қайда кеттіңдер сендер? — дегендей әрлі-берлі толқыған таудың ішкі құбылысы оның бөктеріне жиналғандардың жан дүниесімен әбден қабысып жатты. Қасиетті тау мен оның ұрпағы араға сан ғасыр салып табысты. Сол сәттегі шетелден келген ағайындардың бәрі жаппай дерлік ата-баба табаны тиген топырақтан орамалдарына түйіп алып жатты.

— Ата-бабамыздың ізі түскен жерге келдік. Бірліктің, ұлтымыздың ұйыған орнында болдық. Енді екі дүниеде де армансызбыз, — деп ағынан жарылып, көзге жас алған шетелден келген қандастарымыздың сол көңіл толқыныстары — Ұлытаудың қадір-қасиетін, бізге, оны күнде көріп жүрген осындағы ұрпақтарына, бұрынғыдан да биіктетіп, бұрынғыдан да сүйікті етіп жібергендей.

— Қырандарым, қайда жүрсендер де, аман сау болыңдар. Қысылғанда пана болар мен бармын! — деп Ұлы Ұлытау күмбірлеп күй төгіп тұрғандай. Заңғар шындары аспанға қарап, тік маңғаз тұр. Бұл ұлтымыз орда тіккен Ұлытауға ғана жарасады. Осы тұрысымен де Ұлытау ұлттың бірлігін, елдің тыныштығын күзетіп тұрған әрі сақшыдай, әрі данагөй ақылшы бабасындай. Ұлытауым барда — ұлтым бар! Ұлтым болса — Ұлытау басындағы Ақ орда қашан да еңселі!

Әрине, туған халқыңның ту тігіп, тұлпар мінген тұғырлы мекені жаңа дәуірде жасарып, құлпыра түссе, ел Азаматтарының өз тізгінін өз қолына алғаны болар. Ата-бабалардың аңсаған арманының жүзеге асқаны болар. Сонау ықылым заманда басына Зердеш түнеп тәңірінің шапағат нұрына бөленген ұлы Ұлытаудың ұшар биігінде қалықтап қыраны ұшса — еркіндіктің еркін лебінің қанаттыны көтеріп, тектіні түлеткендігі болар. Басына ұлар ұя салған Ұлытау — тектілердің де мекені десек, ұлттың ұйысқан ұясы биікке көтерер мәртебелі баспалдағы да. Жер кіндігі Көктөбе дегенді атам қазақ жайдан-жай айтпаса керек. Ұлытаудың төсіндегі Байқоңыр ғарышқа апарар жолды Ұлытаудың дәл өзінен алып жатқандай. Демек, биікке самғар қанаттының да тұғыры мен Ұясы — Ұлытау. Ұлт ұясы — Ұлытау дейтініміз де содан болар.

МАЗМҰНЫ

К. Салықов. Ұлытау сыры.....4
Ғ. Ешманаев. Ұлытау-ұрпақ кие тұтар ұлт бесігі.....5

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТАСЫНА ТАРИХ ТҮНҒАН... ..10

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ТАЛАЙЛАРДЫ ТАМСАНДЫРҒАН.....56

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТЕКТІЛЕРІН ТҮЛЕТКЕН... ..74

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ҰЛЫТАУ — ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ.....102

Әдеби-публицистикалық басылым

Серік Тілеубаев

Батырбек Мырзабеков

ҰЛЫТАУ — ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

тарихи-көркем ой-толғау

Редакторы Қ.Назырбаев

Техникалық редакторы С. Бейсенова

Корректоры Ж. Махметова

ИБ № 121

Теруге 28.08.2001 ж. жіберілді. Басуға 3.12.2001 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс". Басылымы
офсеттік. Шартты баспа табағы 5,67+0,75 бет жапсырма. Есептік баспа
табағы 6,52. Таралымы 2000 Тапсырыс № 3171

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінің "Елорда баспасы". 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік
көшесі, 25. "Ақмола полиграфия" жабық акционерлік қоғамы, 473000,
Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

